

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ
«ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫ**

АЙДЖАНОВА З.Ж.

ЭТНОПЕДАГОГИКА
(оқу құралы)

Ақтау - 2010

ӨӘЖ 37.(075.8)

ББК 74.6 я 73

А31

Пікір жазғандар:

п.ғ.д., профессор А.Х. Аренова

ф.ғ.к., Б.Қ.Ақбердиева

п.ғ.к., доцент С.М.Төрениязова

Айджанова З.Ж.

Этнопедагогика: оқу құралы (қазақ тілінде). – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010. – 91 бет.

ISBN 978-601-7276-05-8

Болашақ ұрпақты имандылық, қарапайымдылық, адамгершілік, әдептілік, кішіпейілділік сияқты ұлттық асыл қасиеттерге тәрбиелеудің сан ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық дәстүрі бар. Этнопедагогика пәніне арналған бұл оқу құралында қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық негіздері, қазақ ауыз әдебиетінің этнопедагогикалық мәні, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні, Қазақстандағы ежелгі және орта ғасырлардағы этнопедагогикалық ойлардың тарихы, ХІХ-ХХ ғасырлардағы этнопедагогикалық ойлардың дамып, қалыптасуы баяндалады. Сондай-ақ, халқымыздың дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуы мен даму кезеңдеріне, бейнелеу өнері, музыка және сәулет өнеріне назар аударылады.

ББК 74.6 я 73

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған

ISBN 978-601-7276-05-8

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010

КІРІСПЕ

Қазіргі заман талабынан туындайтын басты мәселелердің бірі – жас ұрпақты жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты дамыған рухани жетілген азамат ретінде қалыптастыру, оның бойында ұлттық намыс пен ұлттық сананы орнықтыру, әлеуметтік ортадағы, өзін қоршаған дүниедегі, табиғат пен адам өміріндегі, тұрмыс пен салт-дәстүрдегі адамгершілік пен парасаттылықты түсініп, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу. Бұл мәселелер жөнінде Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында, «мәдени-этностық білім беру» «Мәдени мұра» тұжырымдамаларында айқын көрсетілген. Біздің қоғам өмірінде рухани-адамгершілік бастамалардың ролі барған сайын артып, ізгілік, имандылық, мейірімділік сияқты рухани-адамгершілік құндылықтардың ықпал аясы кеңейіп келеді.

Жаңа мыңжылдық табалдырығын аттай отырып, қазақ елі нарықтық экономика жағдайында ғылыми-техникалық жаңалықтарды меңгеру мен ұлттық мәдени мұраларды жандандыруға ерекше көңіл бөлуде. Осыған орай жаңарған қоғамның жастарына ұлттық-патриоттық рухта тәрбие берудің сапалық деңгейін көтеріп, рухани-адамгершілік түсініктері мен ұғымдарын тәрбиелеуді білім беру мекемелері міндет етіп қойып отыр.

Қоғамды жаңғырту және демократияландыру үрдісінде, еліміздің егемендікке ие болуы жағдайында, біздің қоғамымыздың тарихы, оның көптеген әлеуметтік институттарының қызметі қайта ой елегінен өткізіліп жатқан кезде халықтың рухани өмірінің өз кезінде ұмытылған немесе тыйым салынған құбылыстары қайтып оралуда, өткеннің мәдени-тарихи мұрасын қайта өркендету қазіргі заманның аса көкейкесті проблемаларының біріне айналып отыр. Оның компоненттерінің бірі өзінің аса бай прогресшіл дәстүрлері және өскелең ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі бар этникалық педагогика болып табылады.

Этнопедагогика – белгілі бір халықтың өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік мәдени мұрасы. Қазақтың халық педагогикасы (ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлері) педагогика ғылымының бір қайнар көзі ретінде ғасырлар бойы дүниетанымдық және тәрбие құралы болып қалыптасты да, ұлттық мәдени мұраға айналды. Ұлттық мәдениет пен халықтың білімді дамытуда педагогикалық (тәлім-тәрбиелік) ойлардың жазбаша түрде нұсқа болып қалуы – ұлттық тәлім-тәрбие ісіндегі негізгі бір алтын өзекті арқау болып саналады.

Этнопедагогика ғылымы әр халықтың оқу, білім, тәлім-тәрбие т.б. мәдени болмысындағы ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді. Әрбір ұлттың мәдениеті тек ана тілінде, төл әдебиеті мен ұлттық білім негізінде дамитыны белгілі. Мемлекеттік мәртебеге ие болған ұлт тілімізде этнопедагогика ғылымын пән ретінде сол мемлекеттік тілде жүргізудің, сананы (халықтың санасын) ұлттандырудың мәні зор.

Халықтың әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтары, дәстүрлері адамның азамат болып қалыптасуында, оның адамгершілік

және еңбек қасиеттерін қалыптастыруда, тұтас алғанда жеке адамды әлеуметтендіруде әрдайым маңызды роль атқарған. Сондықтан осы феномендердің тарихи ролін объективті бағалау, түрлі тәрбие институттарының қалыптастырушы ықпалын зерделеу бүгінгі таңда соншалықты қажет. Өткеннің педагогикалық мәдениетін білу, оны ой елегінен өткізу және ұқсату қазіргі жағдайларда балалар мен жастарды тәрбиелеудің күрделі проблемаларын ойдағыдай шешуге жәрдемдеседі.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Оның тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерінің тәлімдік-тәрбиелік маңызын ұрпағымыздың санасына сіңіру – қазіргі қоғам міндеттерінің бірі болып саналады. Этнопедагогиканы зерттемей және пайдаланбай жеке адамды толыққанды тәрбиелеу мүмкін емес. Қазіргі кезде қоғам алға қойып отырған тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогика дәстүрлері мен тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік-теориялық қағидаларымен біріктіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Қазақстан Республикасы Білім, Мәдениет және Денсаулық сақтау министрлігі ұлттық мәдениетіміздің негізі болып табылатын қазақ этнопедагогикасын пән ретінде жоғары мектептерде оқыту жөнінде (1993 жыл, 1998 жыл.) мемлекеттік жарлықтар жариялады. Осы мақсатта Егеменді ел мәдениетінің ұлттық белгісін айқындайтын этнопедагогика пәні енгізіліп отыр. Егемен қазақ халқының ұлттық тәрбие құралы – қазақ этнопедагогикасы пәні ғылым ретінде қалыптасып, пән ретінде мектептерде жоғары оқу орындарында оқытыла бастады. Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан, ауыз әдебиетінен, халықтың салт-дәстүрлерінен, ұлттық педагогикалық ойлардан құрылған бұл халықтық (ұлттық) ғылымның ғылыми-әдістемелік мәні өте зор екені белгілі.

Халқымыз тән мен жан тәрбиесін қатар жүргізу арқылы жас ұрпақты елін, жерін сүйетін, қорғай білетін, үлкенді сыйлайтын, еңбексүйгіш, түрлі ұлыс өкілдерін құрметтейтін және олармен шын пейілді қарым-қатынас жасайтын, халқының келешегі үшін бойындағы бар ақыл-қайратын аямай жұмсайтын намысқор, табиғатқа аялап қарайтын рухтағы саналы адам тәрбиелеуді мақсат еткен.

Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаты – қоғамды қайта құру кезеңінде болашақ мұғалімдерге этнопедагогика қағидалары мен балаға қойылатын талап-тілектерін ғылыми-педагогикалық тұрғыда жан-жақты жетік білдіру, ұлттық тәлім-тәрбие тағлымдарын студент бойына сіңіру, қазақ этнопедагогикасы жөніндегі білімдерін ұлғайтып, тереңдете түсу көзделген. Сондықтан бұл оқу құралында халықтық тәрбиенің түрлері мен оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері қарастырылады. Көне заманнан бергі көрнекті ойшылдардың және халық тағылымын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тәлім-тәрбиенің ұлттық сипаты, қазақ этнопедагогикасының туып, қалыптасу тарихы жайында баяндалады.

1-дәрісбаян

Тақырыбы: ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ МІНДЕТІ МЕН МАҚСАТЫ, НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Этнопедагогиканың мақсаты – халықтық салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы намысқор, патриот азамат тәрбиелеу.

Бұл пәннің міндеті халықтық тәрбие түрлерін оқушы жастардың бойына сіңіріп, білім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, нарық жағдайында өмір сүруге икемді, жан-жақты жетілген азамат етіп шығару. Ол жан тәрбиесі мен тән тәрбиесін қатар жүргізе отырып, оқушы жастардың қайрат жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде оқытып тәрбиелеу арқылы іске асырылады.

Халқымыздың сан ғасырлық ұрпақ тәрбиесі халықтық салт-дәстүрлер мен ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделгенімен, оның да өзіндік мақсат-мүдделері, негізгі қағидалары бар. Тәрбиенің негізгі қағидаларының (принциптері) болуы заңды құбылыс.

1 кесте Халық педагогикасының «Сегіз қырлы, бір сырлы»,
«Толық адам» тәрбиелеу қағидалары

1	2	3	4	5	6	7	8
Ақылды, арлы, намысқой болуын қарастыру	Еңбек сүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеу	Тән сұлулығын қарастыру, әсемдікке баулу	Адамгершілік қасиеттерге (ізгілікке, имандылыққа, қайырымдылыққа, адалдыққа, т.б.) тәрбиелеу	Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, бүкіл адам баласын сүюге тәрбиелеу	«Жігітке жетпіс өнер аз», «Өнер өрге сүйрейді» деп қарап, өнер мен білімді насихаттау	Табиғатты, қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу	Денені шынықтыруға тәрбиелеу

Халық педагогикасының негізгі қағидаларын арнайы сөз етсек, олар мыналар демекпіз:

1. Келер ұрпақтың ақылды, намысқор, арлы, өміршең азамат болуын тілеу.

Жас нәрестенің дүниеге келуі ата-ана, ағайын-туыс, қауым-көпшілікке зор қуаныш әкелумен бірге, борыш та жүктей келеді. Дәлірек айтсақ ұрпақты тәрбиелейтін халық мектебінің есігі сәбидің алғаш дүниеге

келген күнінен бастап айқара ашылады. Ол белгілі мақсат-тілекпен байланысты туындайды.

Отбасы үлкендерінің бәрі жаңа туған жас баланы отанның, елдің асыл азаматы болуын аңсап армандайды, Өнегелі үлкендерге ұқсасын деп, дарынды, өнерлі, ақылды ақсақалдарға баланың аузына түкіртіп, азан шақыртып, атын қойғызады. «Ақылын, жасын берсін» деп, жаңа туған нәрестені қарияның шапанының етегіне орайды. Ұрпағы өскен қадірлі анаға кіндігін кестіреді, бесікке салдырады, қырқынан шығарту ырымдарын жасатады, тұсауын кескізеді. Үлкендерден бата алғызады. Халықтың балаға арналған ырым, бата-тілектерінде келешектен күткен үлкен үміт, аңсау арман бар. Тәрбиенің алғашқы қағидасы ата-ананың аңсау арманымен, баладан күтер үмітімен үндесіп жатыр.

2. Баланы жастайынан еңбексүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу. Ол бесік жырлары мен тұсау кесер жырларынан, бата, тілек, терме өлеңдерден өзекті орын алған. Еңбек қағидаларын жастардың бойына сіңіру отбасындағы еңбектің қарапайым түрлерінен басталып, қоғамдық маңызды істермен ұштасқан. Ұл баланы қозы, лақ қайтаруға, отын-су әзірлеуге, мал өнімдерінен тұрмысқа қажетті құрал-жабдық (қамшы, шідер, жүген өру, тері илеу, қару-жарақ т.б.) жасауға әзірлеу, қора салу, киіз үйдің ағашын істеу, ұсталық, зергерлік өнерге үйрету т.б. көзделсе, ал қыз балаларды ыдыс-аяқ жуу, үй сыпыру, шай қою, төсек жинау, кесте, өрмек тоқу, ас пісіру, бала күту, қонақ күту т.б. үйреткен.

3. Халық педагогикасында «бірінші байлық – денсаулық» деген ұғым өзекті орын алған. «Дені саудың жаны сау», «Ас адамның арқауы», «Ауру астан» деп рухани, материалдық байлықтың негізін жеке бастың, яғни тәннің саулығына байланысты қарастырған. Баланы туған күннен бастап тұзды сумен шомылдыру, маймен сылау, дене күтіміне ерекше мән беріп шынықтыру, мерзімінде жақсы ас беріп тамақтандыру мен ұйықтатудың бәрі тән саулығы үшін жасалған әрекеттер.

4. Халық педагогикасында адамгершілік қасиеттерді баланың бойына дарыту, ізгілікке, имандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу, ар-ожданды қастерлеу басты қағида болып есептелген. «Жаным – арымның садағасы» деп, арды адамгершілік қасиетінің үлгісі санаған.

5. Гуманизм мен патриотизм – халықтық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан от басынан басталады» деп ұққан ата-бабамыз от басының, ананың, рудың, отанның намысын қорғауды, қарттарға, ауру, кемтарларға көмектесуді, басқа ұлт өкілдерін сыйлауды отбасы тәрбиесінің өзекті принципі деп бағалаған. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы – көпке ортақ», «Ел үшін еңбек ет, халқын сүйген қор болмайды» деген өсиет тәрбиеден өзекті орын алған.

6. Елді, жерді қорғайтын, еңбек ететін азамат болу үшін денені шынықтыру қажет. Халық педагогикасында «шынықсаң шымыр боласың» деп ой қорытқан ата-бабамыз ұлттық ойынға жаттықтырып үйрету (аударыс, күрес, теңге алу, қыз қуу т.б.) арқылы дене тәрбиесіне баса көңіл бөлген.

7. Тіршіліктің тұтқасы, өмірдің шамшырағы өнер мен ғылым деп түсінген халқымыз жастарға «Өнерлі өлмейді», «Білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады», «Білім таусылмас кен, өнер өлмес мұра» дегенді насихаттап, ертегі, өлең-жыр, мақал-мәтел, аңыз әңгімелер ұсынған.

8. Адам өмірі мәңгі табиғат құшағында өтетін болғандықтан, ата-бабамыз өз ұрпағын ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше табиғи ортаны аялауға тәрбиелеп келген. Ол туралы әлденеше жұмбақ, өлең-жыр, ертегі, аңыздар шығарған. Ал бұл қағидалар, сайып келгенде, «сегіз қырлы, бір сырлы», мінезі майда, ары таза, тені сау, өнегелі-өнерлі, жан-жақты жетілген «толық адам» тәрбиелеуді көздеуден туған (1 кесте). «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат тәрбиелеудің ұстанымдары барлық халықта бар, ортақ талап. Мысалы, орыстар ондай адамды «кішкене болса да өнегелі, ақылды», «Ақылды да сүйкімді», «Қайырымды жігіт» деп санаса, таулықтар «Нағыз жігіт» деп атайды. Ал чукчылар «Адал өмір сүретін азамат» дейді. Ол теңізде жүзгіш, соғыста батыр, ғылымда терең ойлы, билікте әділ, еңбекте шебер, өмірде бірлікшіл, сөзде шешен, атыста мерген, шет жерде отаншыл, бауырмал деген қасиеттер бойында бар азаматтар.

Өзбектер қайырымды, ізгі жүректі адамды «иманжүзді, құдайы бар азамат» дейді.

Ал қазақта сегіз қырлы азамат дегендер: еңбек сүйгіш, бауырмал, батыр, өнерлі, өнегелі, шыншыл, әділ, адал болу дегенді білдіреді.

Нағыз шынайы азамат тәрбиелеудегі бар халықтың талап, тілегінің ұштасып келуі ұрпақ тәрбиелеудегі мақсат бірлігінен туындап отыр.

Енді халықтық тәрбиенің осы басты қағидаларының ғылыми педагогикамен байланысы қандай дегенге келейік.

1. Халық педагогикасында тәрбие ісін баланың жас ерекшелігін ескере отырып жүргізуді талап еткен. Мәселен, «Ұлына бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қосшындай сана, он бес жастан асқан соң ақылшы досындай бағала» деген мәтел баланы еркін тәрбиелеудің, көмекшім деп үмітпен қараудың, ақылшым деп тең санаудың қажеттігін меңзейді. Ал бұл ғылыми педагогиканың ынтымақтастық принципімен қабысып жатыр.

2. Халық педагогикасында тәрбие ісін әр баланың жеке бас ерекшеліктерін (психологиясын) ескере отырып жүргізуді де ескертеді. «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің», «Бір биеден ала да туады, құла да туады», «Балана үміт арту – әкенің парызы, ақтау – баланың қарызы» деп ой түйіндеген.

3. Халық педагогикасы баланың тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасы үлкендерінің, ұстазының үлгісіне байланысты деп қараған. Өскен ортаның тәрбиедегі әсері жөнінде А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, А.В.Сухомлинский, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды ұлағатты ұстаздардың ой-пікірлері де халық педагогикасының қағидаларымен үндесіп жатыр.

4. Халық педагогикасының тағы бір принципі балаға үлкен талап қоя білуге, оның жеке басын қадірлеуге негізделген. Баланың жіберген қателіктерін үлкендер дер кезінде бақылап, дұрыс жолға салуды мақұлдаған. «Ата балаға сыншы», «Баланың балалығына әкенің даналығы бар», «Ақырып айтқаннан ақылмен айтқан артық» деген мәтелдер осы ойды құптаудан туған. Яғни, тәрбиешінің жылы жүректі болуын, тапқырлық тәсілмен тәрбиелеуін орынды санаған.

5. Шәкіртті тәрбиелеу, оқыту барысында ақыл-ойын дамыту бүгінгі педагогиканың ең көкейкесті мәселелерінің бірі. Дамыта оқытып тәрбиелеу ісі асқақ арманмен байланысты. Осыны құптаған ата-бабамыз «Армансыз ұлан – қанатсыз қыран», «Арманы жоқтың пәрмені жоқ» деп, келешекті қиялдай білетін арманға, ой дербестігіне тәрбиелеуді мақсат еткен.

6. Халық педагогикасының негізгі принциптерінің бірі – тәрбиенің біртұтастығы. Халқымыз жас ұрпақты өмірге Дайындап, «сегіз қырлы, бір сырлы», жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін бар мүмкіндікті сарқа пайдаланған. Кез келген тәрбие құрамына талдау жасасақ, тәрбиенің түрлері (еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік т.б.) іштей сабақтасып жатады. Оны бесік жырынан, бата-тілектер мен терме толғаулардан байқауға болады. Тәрбие ісін кешенді жүргізуді ғылыми педагогикалық еңбектер де қуаттайды.

7. Тәрбие ісінің туғаннан өмір бойы үздіксіз жүргізілуін халық педагогикасы да, ғылыми педагогика да құптайды.

8. Халық педагогикасы отбасы үлкендерінен бастап, ауыл ақсақалдары, өнер иелері түгел қатынасатын ұжымдық тәрбие ісіне негізделген. (2 кесте). Халықтық педагогикада «Көп талқысы – тез», «Көп қорқытады, терең батырады», «Көпке қарсылық – құдайға қарсылық» деп ұжымдық тәрбиені құптаған. Ал ұжымдық тәрбиеге ғылыми педагогика да ерекше мән берген.

2 кесте Халық педагогикасы мен ғылыми педагогиканың қағидалар үндестігі

1	2	3	4	5	6	7	8
Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу	Баланың жеке бас мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу	Тәрбиенің өскен ортаның (отбасы, ауыл-аймақ) үлгісіне негізделу	Балаға жылы жүректі сезіммен қарау, ынтымақтастық идеяны сақтау	Баланы дамыта үйретіп тәрбиелеу, қиялдай, армандай білуге баулу	Тәрбиенің біртұтастығын сақтау, тәрбие ісін кешенді түрде жүргізу	Тәрбие ісінің үздіксіз жүргізілуін сақтау	Тәрбие ісін ұжымдық түрде жүргізуге негіздеу

Қорыта айтсақ, халық педагогикасы ғылыми педагогиканың ережелері мен заңдылықтарының қалыптасуына бастау бұлақ болған.

Халық педагогикасы бүгінде ғылыми зерттеулердің тек объектісі ғана емес, сонымен қатар ол педагогикалық теориялардың, әсіресе отбасындағы тәрбиенің дамуына үлкен әсер ететін ынтымақтастық педагогиканың іргетасы болып табылады.

Сондықтан да халық педагогикасының бүгінгі күнде практикалық та, ғылыми-теориялық та мәнділігі зор екені даусыз.

Қай ғылымның болмасын, тұрақты ғылыми терминдері болатыны сияқты, қазақ этнопедагогикасының да белгілі терминдері бар. Оларға, жалпы алғанда, мыналар жатады: шәкірт, мұғалім, ұстаз, оқыту, тәрбие беру, өзін-өзі тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, үлгі-өнеге көрсету, ақыл-өсиет айту, оқыту, әдеттендіру, жаттықтыру, жадында сақтату. Тәрбиенің түрлері: дене тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, әсемдік тәрбиесі, табиғатты аялауға тәрбиелеу, ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ұл, қыз тәрбиесі т.б.

Жоғарыда аталған халық педагогикасының негізгі қағидалары мен ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ этнопедагогикасын ғылыми жүйе ретінде қарастырсақ, мынадай схема болып шығады:

1. Халық педагогикасының мақсаты мен міндеттері – «сегіз қырлы, бір сырлы», жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу.

2. Мазмұны – ұлттық салт-дәстүрлер арқылы балаға ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік, дене, денсаулық, еңбек тәрбиелерін беру, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

3. Әдістері – әңгімелесу, кеңесу, түсіндіру, сендіру, талап ету, кеңес беру, үйрету, көрсету, үлгі көрсету, өтіну, бұйыру, жаттықтыру, бата беру, мадақтау, алғыс айту, жалбарыну, қарғау, сөгу, кінәлау, айыптау, жазалау т.б.

4. Түрлері – ойындар, тойлар, еңбек мерекелері, ойын-сауықтар.

5. Құралдары – санамақ, жаңылтпаш, өлең-жыр, тақпақ, ертегі-аңыздар, жұмбақтар, айтыстар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, салттар, ырымдар, жол-жоралар, ұлттық ойындар, әңгіме, кештер, айтыстар, сабақтар мен үйірмелер.

6. Нәтижесі – «сегіз қырлы, бір сырлы», жаны таза, тәні сау адам.

7. Тәрбиеге себепші күштер – табиғат, еңбек, тұрмыс, салт-дәстүр, өнеркәсіптер, дін, ана тілі, ұлттық ойындар.

8. Тәрбие ортасы – отбасы, ауыл-аймақтар, ру, қауым, тайпа, ұлт, мектеп, медресе.

9. Тәрбие объектісі – бала.

10. Халық тәрбиешілері – әке-шешесі, атасы мен әжесі, апа, ағалары, ауыл үлкендері, өнер иелері.

Біз бұдан қорытындылайтынымыз, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған дейміз.

Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда әсемдік тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Бұл жердегі еске алатын негізгі жайт: осындай халықтық мұралардың бәрі бірдей кәдеге жарай бермейді, олардың озығымен қатар тозығы да бар.

Ең негізгі мәселе – бұларды бүгінгі күннің талап-тілегімен байланыстыра пайдалана білу болмақ.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма Бақылау сұрақтары

1. Этнопедагогиканың қазіргі қоғамымызда алатын орны, қажеттілігі туралы айтыңыз.
2. Этнопедагогика пәні қандай мәселелерді зерттейді?
3. «Халық педагогикасы» мен «этнопедагогиканың» қандай айырмашылығы және ортақтастығы бар?
4. Халықтық педагогика қағидаларының ғылыми педагогика принциптерімен қандай байланысы бар және ерекшеліктерін атаңыз?
5. А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров т.б. педагогикалық ойдың дамуына қосқан үлестері.
6. Қазақ этнопедагогикасының негізін салушы көрнекті педагог-ғалымдар.

2-дәрісбаян

Тақырыбы: ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ- ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстанның егеменді ел болуымен байланысты оқу-ағарту ісінде оның басшылыққа алатын негізгі идеялық бағыты, ел басымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілгендей... «Қазақстандық патриотизм мемлекеттің территориялық тұтастығын, салт-дәстүрдің, ұлттық мәдениеттің сақталуын, Қазақстанда тіршілік етуші ұлттардың бірлігін қамтамасыз етуді, олардың саяси экономикалық және мәдени байланысын мемлекеттік қазақ тілі мен халықаралық қатынас тілі – орыс тілінің жетіліп көркеюіне баса назар аудару», т.б. болмақ. Бұл пәнде көзделетін мақсат келер ұрпақтың денсаулығын сақтау үшін қамқорлық жасау, оларға қажетті білім беру және дүниетану көзқарасын қалыптастыру, бүгінгі нарықтық қатынас жағдайында өздерінің ата-бабаларының дәстүрін сақтай отырып еңбек етуге әзір болуын қамтамасыз

ету болмақ. Келер ұрпақ бейбіт өмірде шапшаң қарқынмен дамушы, гүлденген отанының патриоты болып өсуі тиіс.

Президент өзінің Қазақстан халқына арнаған үндеуінде «мемлекетке қажетті барлық басты ерекшеліктердің ішінде білімге зор мән беріледі. Себебі білім беру ұлттық қауіпсіздіктің кепілі болып саналады» дейді.

Ал Қазақстан үкіметі қабылдаған «Білім туралы» заңның «білім жүйесі» аталатын екінші бөлімінде «Білім беру жүйесінің басты міндеттері: Қазақстан Республикасына шын берілген, адал патриот азамат даярлау... олар мемлекеттік белгілердің мәні мен маңызын терең түсінген, халықтық дәстүрлерді қастерлейтін... халықтар достығының негізінде тәрбиеленген, халық, отан, отбасы алдындағы жеке бастың міндеттерімен құқықтарын сезінген... Қазақстанда тіршілік етуші қазақ халқы мен басқа да халықтардың тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қадір тұтып игеруге пейілді азамат болуы керек» делінген.

Осы міндеттерді ойдағыдай орындап шыға алатын азаматтарды тәрбиелеуші келешек ұстаздар қауымы – педколледждер мен университеттерде оқып, білім алып жатқан студент-жастар.

Ал студент-жастарға халық педагогикасының қыры мен сырын, ғылыми негіздері мен тәлімдік мәнін ғылыми-педагогикалық тұрғыда игерудің теориясы мен әдіс-тәсілдерін меңгерту мәселесімен этнопедагогика пәні айналысады. Ғылымда жеке бір халықтың, тайпаның этностық (түп-түқияндық) ерекшеліктерін айқындайтын ғылыми салаларына «этнос» түбірі қолданылады (этнография, этнопсихология, этнопедагогика т.б.). Қазақ этнопедагогикасының негізгі саласы – халық педагогикасындағы өрнекті ұғым – әдеп. Әдеп – эстетика ғылымының «этика» деп аталатын үлкен саласының ұлттық мәдениетке тән қисынды баламасы. Әдеп – ұлттық педагогиканың, яғни қазақ этнопедагогикасының алтын арқауы, тәлімдік кредосы. «Әдеп» сөзінің мәні қазақ тіліндегі ұлттық қолданыста халқымыздың мәдени тұрмысын ұғындырады. Әдеп – эстетиканың өмірлік, тұрмыстық, адами қарым-қатынастық саладағы алтын өзегі.

Этнопедагогика мен халық педагогикасы деген ұғымдар бір ме? Болмаса олардың өзіндік ерекшеліктері, ғылыми анықтамасы бар ма? Бар болса, ол қандай? Этнопедагогиканың зерттеу объектісі не? Енді осы мәселелерге арнайы тоқталайық.

Тарихи-педагогикалық әдебиеттерде соңғы уақытта «Халық педагогикасы» деген ұғымды зерттеушілер бір-біріне қарама-қайшы төрт тұрғыдан қарастырып жүр. Олардың біріншілері: халықтың санасына тән рухани құбылыс (феномен) деп қараса, екіншілері: әр халықтың педагогикалық тәжірибесі, ал үшіншілері: халықтық педагогикалық ойлары мен іс-әрекетінің бірлігі, төртіншілері: халық тәрбиесі туралы ғылым деп қарайды.

Халық педагогикасының теориялық негіздерін зерттеуші ғалым Е.Л.Христова халық педагогикасын – «халықтың таптық педагогикалық

санасы» деп, ал «дәстүрлі педагогиканы – белгілі ұлттық педагогиканың санасы» ретінде қарастырады.

Зерттеуші педагог Г.С.Виноградов халық педагогикасын халықтың педагогикалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оны «жүйе» дегеннен гөрі, «білім мен дағдылар жиынтығы» деген пікірді құптаған. Г.С.Виноградовтың пікірі бойынша, халық педагогикасын педагогикалық теория емес, педагогикалық практика, халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесі ретінде қарастыру қажет.

Халық педагогикасымен ұзақ жылдар бойы айналысып, келелі үлес қосқан көрнекті ғалым-педагог Г.Н.Волков педагогикалық әдебиеттерге тұңғыш рет «этнопедагогика» деген ұғымды енгізген. «Этнопедагогика – халықтың жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым. Этникалық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мінездегі ерекшеліктерді зерттейді... Халық педагогикасы – халықтың ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Халық педагогикасы – халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-құралдардың, тәсілдердің, жиынтығы мен өзара байланысы» дей келе, «...Бұл білім мен мағлұматтар, әдетте, ауызша таралады. Оның зерттеу тақырыбы – тәрбие, ал тәрбие объектісі – адам, тұлға», - дейді Г.Н.Волков.

Этнопедагогиканың зерттеу объектісі халық педагогикасы. Халық педагогикасы халықтардың ғасыр бойы ұрпақ тәрбиелеу тәсілдеріне негізделген тағылымдарының бай тәжірибесінің эмпирикалық жиынтығы.

Ал этнопедагогика халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдарын ғылыми жүйеге келтіріп зерттейтін, оны тәжірибеде қолданудың әдіс-тәсілдерін теориялық тұрғыда сөз ететін ғылыми педагогиканың бір саласы.

Этнопедагогика – белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы. Этнопедагогика – педагогика ғылымының негізі. Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады:

- 1) халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралады.
- 2) ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі.

Яғни, ата-бабамыз жинақтаған тәжірибе, атадан балаға ауызша, әдебиет арқылы немесе үйелмендік мирас ретінде беріліп отырды.

«Халықтық педагогика, - делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, - тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, семья тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады... Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру» (XI том, Алматы, 1977, 591-бет).

Этнопедагогика ғылымын зерттеу жұмыстарымен кейінгі кезде көп ғалымдар айналысып жүр. Олардың қатарына С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Қ.Жарықбаев, С.Ұзақбаева, С.Ғаппасов т.б. Сол себепті этнопедагогика ғылымы туралы анықтамалар көп. Осы анықтамаларды талдасақ, этнопедагогиканың өзіндік ерекшеліктері айқындалады.

1. Этнопедагогика ғылымы педагогика ғылымынан бұрын қалыптасып, халықпен бірдей жасасып келеді.

2. Ертеде қалыптасқан сөз шеберлігінің ауыз әдебиеті арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп іске асуы. Мысалы, Қорқыт ата туралы аңыз.

3. Этнопедагогика ғылыми зерттеу объектісі ғана болып қоймай, педагогикалық теорияның, әсіресе отбасындағы теорияның дамуына әсерін тигізді.

4. Халықтың адам дамуына әсер ететін факторларды толық түсіне алмауы:

а) тұқым қуалаушылыққа сенбеуі – адамның маңдайына жазуына байланысты деп түсінуі (құдай қосты мен көндім);

ә) оқуға бермеуі, құран үйретуі;

б) орта туралы халықтың өз көзқарасының болуы «ұлың өссе ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол».

5. Арнайы білімі жоқ болса да халық балалардың психологиялық ерекшеліктерін жақсы білген.

6. Этнопедагогикада нақты заңдармен жүйеленген білім, ғылыми ұғымдардың жоқ болып, халық даналығының терминологиясында жергілікті диалектілер, ырым-жоралардың таңба болып қалуы. (Мысалы, әулиелерге сиыну, там салу т.б.)

7. Халықтық педагогиканың шығармашылық негізі – оның ұжымшылдығы. Мысалы, тәрбие туралы нақты сөздер жеке адамның емес, бүкіл халықтың ұжымдық шығармашылығы.

«Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар».

«Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады».

8. Халық шығармаларының өмірмен, тәжірибемен тығыз байланыстылығы. Мысалы, жануарлар туралы ертегілер.

9. Қоғамдық мәдениеттің ең асылын өзіне сіңіреді.

– үлкенді сыйлау;

– ата-ене құрметі;

– қонақжайлылығы;

– кішіпейілділігі.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Қазақ халқы арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары (ясли, балалар бақшасы т.б.) болмаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ

арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан-ақ қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыда сезініп білмесе де, жапан дүзде жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан-ақ есіту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған. Кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, бала 5-6 жасынан-ақ ат құлағында ойнай бастайды. Оқусыз-ақ бір естігенін қалтқысыз есте сақтайтын қабілеті күшті, әңгімеге үйір көшпелі халықтың баласы небір қызық ертегілерді, жыр-дастандарды жаттап алатын болған. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөйлеу қорын байытып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра беретін. Халықтық шығармалар ішіндегі әржақты айқын бейне, қызықты оқиға, әдемі қисын, жақсы ұйқас – бәрі-бәрі балаларды қуантып, еліктіре әсер етіп, ой-пікірін шыңдап отыратын.

Бүгінгі таңдағы мектептер балаларға таза ғылыми негіздегі білімдерді бере отырып, олардың жүректеріне рухани және адамгершілік, имандылық құндылықтарын енгізуді екінші қатарға қалдырады немесе тіпті мән бермейді. Соның салдарынан жастарымыздың бұзылып, адамгершілік, имандылық дегеннің не екенін білмей өсуіне әкеліп соғуда.

Қазіргі кезде көп ата-ана баламыз компьютерді, ағылшын тілін меңгерсе болды жетілген тұлға болады деп ойлайды. Ең алдымен әрбір бала адами тамаша қасиеттерді бойына жинақтаған дұрыс адам бола білуі шарт. Сонан кейін ғана білімін тереңдете алады. Адамдардың адами рухани-адамгершілік құндылықтарының орнындағы кемшіліктерді ешқандай да академиялық білімдердің толықтыра алмайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Қазір қоғамымызда балаларға тек қана ғылыми білімдер ғана емес, бәрінен бұрын қайырымдылық, мейірбандылық және сүйіспеншілік туралы білім керек деген қорытындыға келіп отыр. Бұл сияқты мәселелер жөнінде қазақстандық ғалымдарымыз М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Қ.Бержанов, А.Көбесов, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Қ.Сейталиев, Ә.Табылдиді т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізіп, рухани-ұлттық мұраларымызды жандандыра бастағаны көңіл қуантарлық жағдай.

Бақылау сұрақтары

1. Халық педагогикасын бала тәрбиесінде пайдалануды енгізуге күш салу, ізденістер мен проблемалар.
2. Этнопедагогикалық білім беру – болашақ мұғалімдерді даярлауды ізгілендіру негізі.
3. Этнопедагогика ғылымы туралы түсініктерге ғылыми анықтамалар және ғалымдар Г.Волковтың, С.Қалиевтың, Ә.Табылдиевтың т.б. пікірлері.
4. Этнопедагогиканың Қазақстанда зерттелу тарихы (кімдердің қандай еңбектері бар? Онда қандай мәселелер сөз болады?)
5. «Қазақ» атауының этимологиялық мәні және «Этнос» туралы ұғым, этностардың пайда болу заңдылықтары.

3-дәрісбаян

Тақырыбы: ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

Қазақ этнопедагогикасының қайнар бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап-ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Себебі, қазақ халқы, жалпы адамзат баласы пайда болған кезден бастап-ақ ұрпақ тәрбиесімен айналысқан.

Қазақ халқының өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен (VI ғ., Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраларының бірі – халықтық педагогика. Халықтық педагогикамен қатар «этнопедагогика» атауы жиі қолданылады. Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы. Ол халықтық педагогиканы ғылыми педагогикамен байланыстырып отыратын өткел іспеттес ғылым.

Қазақтың жазу мәдениеті арқылы белгілі болған ұлттық педагогикалық ойлардың тарихы ертедегі тастағы жазулардан (Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк т.б.) басталады. Одан кейінгі қолжазба, баспа арқылы бізге жетіп, оқу-жазу үрдісімен этнопедагогиканың арқауы болған – тәлімдік ойлар тарихы өзектестігімен ұлттық педагогиканың (этнопедагогиканың) дамып, ғылым болып қалыптасқанын көрсетеді.

Қазақстандағы этнопедагогикалық ойлардың даму тарихы қазақтың жазу мәдениеті негіздерімен байланысты (руна жазуы, араб жазуы, латын жазуы, кириллица жазуы). Ұлттық (этностық) тәлім-тәрбие негіздері ежелгі тас жазуынан көрінеді.

Қазақтың жазу мәдениетінде Қорқыт атаның тәрбиелік мәні зор жырлары мен мақал-мәтелдері, әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің еңбектерінде әр қырынан баяндалатын, көркемдік мәнді білдіретін ұлағатты сөз ретінде әдептілік пен имандылық, мейірімділікті білдіретін іс-әрекеттердің, ізгі мінез-құлықтардың көркем көріністерінде, ұлттық мәдениет пен ғылым, білім, поэзия, музыка жөніндегі тұжырымдары, Ахмет Иассаuidің діни тәрбиенің мәні туралы ойлары, Жүсіп Баласағұnidің кемелді ел болу жолдарын көрсетуі, Мұхаммед Хайдар Дулатидің ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың өсиеттері, Ыбырайдың педагогикалық ойлары, Шоқанның ел мәдениетін арттыру үшін істеген әрекеттер, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзуі, Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ психологиясы ғылымын зерлей бастауы, кейінгі ғалымдардың қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалыптастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы ұлттық педагогиканың (халық педагогикасы мен педагогикалық ойлардың), яғни қазақ этнопедагогикасының дамып, қалыптасу жолдарын көрсетеді.

Қазақ этнопедагогикалық ойлардың даму тарихына және кезеңдеріне тоқталайық.

1. Ұлы Түркі қағанаты кезіндегі тәлім-тәрбие (VI-IX ғ.ғ. аралығы).

Ұлы Түркі қағанаты орта ғасырларда адамзат өркениетінің қалыптасуына аса зор үлес қосқан, сол дәуірлердегі дамыған мемлекет болған. Қағанаттың пайда болуы бір-бірінен ыдырап, бөлшектеніп кеткен дала халықтарының, тайпалардың бастарын қосты, тұрақты мәдениеті мен ғылымы дамыған бүгінгі түркі тектес халықтарға ортақ мәдениеттің қалыптасуы мен жасалуына, сонымен қатар әлемдегі аса қуатты, саяси империяның қалыптасуына ықпалын тигізді.

Қағанат сол кездегі өркениетті Византия, Араб Халифаты және Қытай империяларымен дипломатиялық қарым-қатынас жасап отырды. Ұлы Түркі қағанаты бүгінде Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Ресейдегі – Татарстан, Башқұртстан, Якутия (Саха), Чувашия т.б., Қытайдағы Шығыс Түркістан (Шынжаң Өлкесі), Еуропадағы Венгрия, басқа да Шығыс Еуропа территориясын мекендеген халықтардың бастарын қосып, шығысында Алтай таулары, батысында Карпат таулары, солтүстігінде Сібір жондары, ал оңтүстігінде бүгінгі Қытай қамалына (Темір қақпа) дейінгі орасан зор территорияны иеленген.

Көне мұралардың ішіндегі бізге кеңірек мәлім болғандары Орхон-Енисей бойынан табылған, тасқа қашап жазылған VI-VIII ғ.ғ. ескерткіштер: түркі көсемі Білге қаған, Күлтегін батыр мен ақылгөй Тоныкөк құрметіне қойылған құлпытастар. Оларда ұлы Түркі қағанаты халықтарының тұрмысы мен салты, мәдениеті мен жауынгерлік жортуылдары айшықты да мәнерлі тілмен өсиет сөз үлгісінде баяндалады. Бұларда қазіргі қазақтардың сөз саптау үлгісіне жақын шешендік өнердің дәстүрлі формалары айқын байқалады. Орта ғасырлық түркі тілді әдебиеттің тандаулы туындыларынан да ұшыраспайтын бұл жазуларда тәңірінің «Жарлығымен» болатын бектер мен қара халықтың қағанға адал берілгендігі, қағандардың қараларды билеп-төстеуі жайында сөз қозғалады. Мәселен, «Егер сен, түркі халқы, өз қағаныңнан, өз бектеріңнен, өз отаныңнан жырақ кетпей, бірге жүрсен, сен өзің де бақытты өмір сүресің, өзіңнің отбасыңда болсаң, ешнәрседен мұқтаждық көрмейсің...» деп, бек пен қара халықты бірлікке шақырады. Түркі халқына қамқорлық жасау келесі де тас жазулардың өзекті арқауы («Ер жүрек халық, күшті халық», «Бізге жеңіс әперген жер-суымыз (Отанымыз) деп білу керек» т.б.

Тәлімдік тұрғыдан, «құлақ қойып тыңдаңыздар, тереңнен ойланып, толғаныңыздар. Өлімнен ұят күшті... Адам ұлының бөрі де өлмес үшін туады... Менің ағам мені адам етті» дейтін жолдар көңіл аударарлықтай.

Ежелгі түркілердің ауызекі поэзия дәстүрі бізге IX ғасырда ғұмыр кешкен әнші, әрі сазгер небір тамаша күй шығарған Қорқыт атаның есімін жеткізді. Ол адамзат өмірінің соншалықты қысқалығына наразы болып, пенде атаулыны ажал құрығынан құтқармақ болды. Қорқыт өзінің жанын

жегідей жеген ой-сезімдерін – қазалы жанның үрейін, өлімнен қашып құтылудың амалын қобыздың азалы күйімен, поэзиялық көркем тілмен баяндайды. Ол эпос үлгісіндегі поэзиялық мұра ретінде біздің дәуірлерімізге жетті. Онда Сыр бойын мекендеген көшпелі тайпалардың тұрмысы мен әдет-ғұрпын, діни наным-сенімдерін бейнелейтін мәліметтер көптеп кездеседі. Олар тәлімдік жағынан да аса қызықты дерек болып табылады. Мәселен, «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман... Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді... Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ... қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық. Әйелдің төрт түрі болады: оның бірі ниеті қара әйел, екіншісі – нысапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесірлі әйел...» деп келетін Қорқыттың нақыл сөздері өз мәнін күні бүгінге дейін жоймай келеді.

2. Араб-шығыс мәдениетінің қазақ даласына тарауы, орта ғасыр ғұламалары мен ойшылдарының тәлімгерлік ой-пікірлері (X-XV ғ.ғ. аралығы).

IX-X ғасырларда ұлы Түркі қағанаты бірнеше мемлекеттерге (Қарлұқ, Түркеш, Қарахан, Қыпшақ, Ұйғыр, Хазар, Қимақ т.б.) бөлініп, Араб Халифаты империясының Орта Азия мен Қазақстан территорияларына үстемдік жүргізулеріне әкеліп соқты. Арабтар ислам дінін уағыздаумен бірге ғылым мен білім де әкеледі, нәтижесінде түркі халықтарының ұлы ғалымдары: Фараби, Фердоуси, Авиценна, Бируни, Низами, Науаи, Қашқари, Иассауи, Баласағұн және басқалары араб тілі мен мәдениетін меңгерді. Оның үлкен прогрессивтік маңызы болды. Көптеген шаһарларда діни медреселер ашылды, ғылым мен білім деңгейі артты. Медреселер діни ілімдермен ғана шектеліп қалмай, арифметика, медицина, жақаннама (философия), дінтану, астрология сияқты әлемдік маңызы зор дәріснама беруді басты мақсат етті. Бұл жерде қазақ топырағындағы Отырар қаласында дүниеге келген, Шығыстың екінші Аристотелі атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) еңбегіне ерекше тоқтала кетуге тура келеді. Бірнеше ұлттың тілін білген, ғылым-білім іздеп, бар өмірін сол жолға сарп етіп, артында қыруар еңбек жазып қалдырған әл-Фараби бабамыздың тәлімдік-ұстаздық еңбегі ұшан теңіз. Оның сан-салалы трактаттарында («Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолында», «Риторика» («Шешендік өнер негіздері»), «Қайырлы қала тұрғындарының кезқарастары туралы трактат» т.б.) педагогикалық, психологиялық, философиялық, дидактикалық және әдіснамалық ой-пікірлері баяндалған. Бұл еңбектерінде оқыту әдістерінің ұғынықты, дәйекті, жүйелі, көрнекі болуына, сондай-ақ дағды, әдет, қабілет, икем, мінез, бақыт т.б. тәлім-тәрбиелік ұғымдарға түсінік береді. Көз жеткізу, иландыру, мойынұсындыру тәрізді әдіс-тәсілдерге талдау жасайды. «Математикалық трактаттарда» Фараби жүзден аса геометриялық есептердің шешілу әдістерін, олардың құрылымын және шығару жолдарын түсіндіреді. Аристотельдің жан туралы ілімін одан әрі дамыта отырып, Шығыс әлемінде тұңғыш рет психологиялық терминдерді

тізбектейді. Фараби жан жүйесі туралы ілімдердің сан-салаға бөлінетініне (музыкалық, педагогикалық, қоғамдық, медициналық болып), түрлі іс-әрекеттерге қарай жетілуіне тоқталады. Фараби мұралары Орта Азия мен Қазақстан халықтарының философиялық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерінің әрмен қарай өріс алуына ерекше ықпал етті. Мәселен, X-XV ғасырлар аралығында Орта Азия мен Қазақстан топырағында медресе шәкірттеріне арналып математика, логика, этика пәндері бойынша көптеген оқу құралдары жарық көрді. Тавтазани жазған «Мантук» (Логика) оқу құралы медреселерде ұзақ жылдар бойы қолданылып келді. Тавтазанидің ізбасарлары ортаазиялық ойшыл-ғұламалар Диуани (XV ғ.) мен Жүсіп Қарабағи (XVI ғ.) жазған кітаптарды қазақтың ұлы ағартушысы, ақын Абай Құнанбаевтың пайдаланғаны мәлім болып отыр.

Мәдени тарихымыздан ерекше орын алатын «Диуани Хикмет» атты кітап жетпіс жыл бойы діни-мистикалық еңбек деп біржақты бағаланып, беті ашылмай келген, ал шындығында өзінің ақыл-парасат, өсиеттілігімен бүкіл Шығыс елдерінің ғалымдарын таңдандырған, XI ғасырда өмір сүрген әрі ақын, әрі ғалым-философ, тарихшы Қожа Ахмет Иассауи бабамыздың ғылыми еңбегін бүгінде ыстық ілтипатпен ауызға аламыз. Иассауидің еңбектерін белгілі шығыстанушылар А.Вамбери, П.Ахмеров, В.Бартольд, М.Массон т.б. бұдан әлденеше жыл бұрын зерттеп, өз пікірлерін ортаға салып келсе, бұл бағытта оның туған топырағы Қазақстанда арнайы зерттеу еңбектерінің шықпауы өкінішті-ақ. Иассауи еңбектерінде баса айтылатын, адамды тура жолға бастаушы жаратушы күшке табыну, оның хақтығына тағзым ете отырып, қиянатсыз, бейкүнә, адал жандарды тәрбиелеу жайлы тұжырымдар ғылыми зерттей түсуді қажет етеді. Бұл жерде Иассауидің софылық еңбектері өзінен кейінгі ақын-жазушылардың дүниетану көзқарастарына, қала берді жазба әдебиеттеріміздің шырқау биігі атанған Абайға да азды-көпті әсерін тигізгенін айта кету қажет. Иассауи айтқандай, Абай да «құдай – хақ, иман – парыз» дей отырып, «жақсылық-жамандықты жаратқан құдай, бірақ қылдырған құдай емес. Ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес. Байлықты, кедейлікті жаратқан құдай. Бай қылған, кедей қылған құдай емес... құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең, оқыт... Иман, обал, сауап бар жерде әділет бар... Хақтың жолы осы», - деп, халықты имандылыққа, мейірімділікке, әділеттілікке, оқу-ағарту ісіне үндеген.

XI-XII ғасырларда қазақ жерінде түркі тілінде жазылған этикалық-педагогикалық трактаттар көп тарады. Мәселен, Жүсіп Баласағұнидің «Құдатғу білік» («Құтты білік») атты кітабы сол кездегі түркі тілдес халықтардың дүнияуи тақырыпта алғаш жазылған ескерткіші еді. Мұнда адамға білімнің қажеттігі, оның тірліктегі мәні, бақыт туралы адамның іс-әрекетінің оң мен терісі, тілден келетін пайда мен зиян, ел билеуші өкімдерге қажетті асыл қасиеттер, әртекті жұртшылық өкілдерінің тілін таба білу т.б. хақындағы ой-толғамдар, сондай-ақ отбасы мен неке, ұл мен

қыздың өнегелі тәрбиесі, баламен ата-ананың қарым-қатынасына байланысты мәселелер жан-жақты сөз болған.

Ілкі орта ғасырдан бізге жеткен тағы бір жазба ескерткіш – түркі тілдерінің сөздігі, халықтың сөз қолданыс үлгілерінің топтамасы іспетті Махмұт Қашғаридың «Диуани лұға-ат-түрік» атты еңбегі болды. Бұл сөздікте этнопедагогикалық және моральдық-психологиялық мазмұндағы қызықты топшылаулар аз емес.

Осы өңірден шыққан екінші бір ойшыл – Ахмет Жүйнекидің (XII ғ.) «Хибатул хикайк» («Ақиқат сыйы») атты шығармасында ілім-білімді игеру ісінің халық үшін пайдасы, оның көзқарасының бұқарашылық сипаты, гуманистік ой-пікірлері айқын сипатталады. Ол сол замандағы адамдардың бойындағы ұнамды, ұнамсыз моральдық-этикалық қасиеттерін атап қана қоймай, сонымен бірге бірсыпыра пайдалы кеңестерін де ұсынды. Мысалы, «Егер билікке қолың жетсе, мақтанба, асып-таспа», «Бастық болсаң, жайсаң бол», «Кәріге де, жасқа да құрмет көрсет», «Айтар лебізінді алдымен ойланып ал» т.б. ұлағатты өсиетнамаларын айтады.

Қазақстан мен Орта Азия жеріне XIII ғасырдың басында Шыңғыс ханның жаулап алушылары басып кірді. Көп ұзамай, бұл аймақ моңғолдардың ұлан-асыр империясының құрамына енді. Орыс жылнамаларында мұны Алтын Орда дәуірі деп атайды. Шыңғыс хан шапқыншылығына ұшыраған қазақ даласы алаулаған өрт құшағында қалды. Көне мәдениет көздері – Отырар, Сығанақ, Исфиджаб қалаларын жалын жалмады. Моңғол шапқыншылығы Қазақстанның мәдени жағынан дамуын бірнеше ғасырға кешеуілдетті, оның дербес мемлекет болып, егемендік алу өрісін барынша шектеді. Алтын Орда ыдырап, қазақ даласы Ресей қол астына қарағанға дейін (1731 ж.) қазақ жері кескілескен шайқастардың, қанды майданның үлкен арнасына айналды. Жат жерлік басқыншылар ондаған қалалар мен елді мекендерді жермен-жексен етті. Осы өлкеде тұратын халықтардың экономикасы да, рухани өмірі де қатты күйзеліске ұшырады. Әл-Фараби дүниеге келген Отырар қаласы, ондағы атақты кітапхана, медресе, керуен сарайлары т.б. мәдениет ошақтары жойылып кетті.

Атақты астроном Ұлықбектің әлемде теңдесі жоқ обсерваториясы – ортағасырлық үлкен ғылыми жетістік болып саналды.

Алтын Орда мемлекетінің кезеңдерінде пайда болған «Бабырнама» («Бабыр дастаны»), ал Хорезмидің «Мухаббатнама», Саиф Сарайдың «Қырық бір батыр жыры», «Гүлстан бит турки», Құтыптың «Хұсрау Шырын» сияқты туындылары сөзсіз жас ұрпақтарға тәлім-тәрбиелік ықпалын тигізді. Бұл кезеңдердегі тәлім-тәрбие көріністері негізінен әскери-жауынгерлік бағытта өрбіді. Ел қорғау мәселелері ұлы ойшылдар мен ақындар шығармаларының өзегі болды. Ата-аналар ұрпақтарының ең алдымен қайратты, епті және намысқой, өнерлі болып өсулерін талап етіп отырған.

3. Қазақ хандығы тұсындағы ұлттық тәлім-тәрбие (ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар) (XV-XVIII ғ.ғ. аралығы).

Қазақ хандығының құрылуы – XIV-XV ғасырларда, Алтын Орда мемлекеті мен Ақсақ Темір (Бабыр) империясының өзара бақталастықтарының нәтижесінде әлсіреп, ыдырай бастаған кезеңдерге тура келеді. Қазақ хандығы – сөзсіз кешегі ата-бабаларымыз сақтар мен ғұндардың, ежелгі түркілердің, Шыңғыс хан мен Алтын Орда империяларының заңды мұрагерлері болып саналады.

Алтын Орда империясының ыдырауы Русь мемлекетінің отаршылдық бұғаудан босанып, өз тәуелсіздігін алуына әкеліп соқты. Шыңғысхан мен Алтын Орда империяларынан саяси тәжірибе жинақтаған Русь мемлекетінің тәуелсіздік алуы – қайта өрлеу дәуіріне (XIV-XVI ғ.ғ.) дөп келді.

Тарихтың бұл беті – Шыңғысхан империясының тарихымен бірге өрбиді. Бір кезде Шыңғысхан, Бату, Жошы, Тоқтамыс, Ақсақ Темір империясының отар елі болған Ресей, кейін сол империядан ыдырап, бөлініп шыққан халықтарды (Өзбек, Татар, Ноғай, Сібір (Көшім), Қырым, Астрахань хандықтарын) өз империясының отар еліне айналдырды.

Қазақ хандығының жаңа мемлекет болып қалыптасуы барысында (1470-1718 ж.ж.) 250 жылдай тәуелсіз ел болып, дербес өмір сүрді. Бірнеше ауыр қасіреттерді, жойқын соғыстарды басынан кешіріп, тіпті жер бетінен жойылып кете жаздады.

Қазақ жерінің байлығына қызыққан Ресей мен Қытай империялары құпия келісім-шарт жасасып, Қытай – жоңғарларды, ал Ресей – қалмақтарды қазақтарға қарсы айдап салды.

Осындай саяси оқиғалар қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеді, көне ғасырлардан бері қалыптасып келе жатқан ғылым мен білімнің, тарих пен мәдениеттің одан әрі дамуына қажетті жағдайлар туғыза алмады.

Қазақ халқының өзіндік мәдени, рухани, әдеби ұлттық дәстүрі қалыптасты. Қазақ ұлтының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқан хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен ақындар: Жәнібек, Керей, Асан Қайғы, Мұхаммед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри Қасым, Есім, Хақназар, Тәуекел, Тәуке, Қазтуған, Ақтанберді Шал, Әнет, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Әбілқайыр, Абылай Бұқар, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Сырым т.б. көптеген адамдар болды. Аузы дуалы ақылгөй жыраулар мен шешен билер жалпы жұртқа өнегелі сөздерімен өлең-жыр толғауларымен зор ықпал етіп, халықты ел болуға, берекелі бірлікке шақырып, қоғамдық өмір сахнасына шыға бастады.

Қазақ жырауларының толғау тебіреністері, қанатты сөздері өзінің тәлімдік шарапаты жағынан ғана емес, сонымен бірге рухани, эстетикалық, отаншылдық мәні жағынан да аса маңызды болды. Жыраулар жауынгерлік заманда хандар мен бектердің, қолбасшы батырлардың ақылгөй кеңесшісі болып, жорыққа бірге аттанды, ру-тайпаларына басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын бөлісті.

XV-XVII ғасырлардағы жыраулар шоғырынан өздерінің тәлімдік идеяларымен Асан Қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Бұқар жырау секілді дала философтары ерекше көзге түскен еді. Халқының қамын жеп, оның береке-бірлігін, келешектегі бағытын, көгерер күнін аңсаған Асан Қайғы (XV ғ.) өз отандастарының алдағы тағдыры не болмақ деген толғаныспен күн кешті. Содан да болар, ел аузында оның есіміне «қайғы» деген ат қосақталып, аңызға айналды.

Қазақтың халық педагогикасының ең алғашқы іргетасының қалана бастауына негіз болған Асан Қайғының, Мұхаммед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетей, Сыпыра, Доспамбет, Бұқар, Жиёмбет, Марғасқа т.б. көптеген ақын-жыраулардың шығармаларын атап өткен жөн.

XV-XVII ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-дәстүрін, ой-арманы мен тілек мақсатын айқын аңғарамыз. Өйткені, жыраулар толғауларынан халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, ой-толғанысы, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өнегелі өсиеті өзекті орын алған. Яғни олар халықтың тәлім-тәрбие мектебінің ұлағатты ұстаздарының ролін атқарды.

Қазақтың тәрбие мектебі – ақын-жазушылар мен билердің өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтық осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізді, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды. Жалпы XV-XIX ғ.ғ. ақын жыраулар поэзиясын сөз еткенде олардың халық үшін еткен еңбегіне, ой қиял өрістеу өресіне, қимыл, әрекет-ісіне қарай үш топқа бөлеміз. Жауынгер жыраулар: (Доспанбет, Жиёмбет, Ақтанберді, Махамбеттер); мәмілегер (Асан Қайғы, Сыпыра жырау, Үмбетей, Бұқар); тәлімгер (Шал, Базар, Майлықожа) жыраулар деп шартты түрде жіктеуге болады. Ақын-жыраулар өлең-жырларымен де, өнегелі ісімен де халыққа белсене қызмет етіп, ел ұйытқысы, тәлім-тәрбие мектебінің ұстазы бола білді.

Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» – бүгінгі Қазақстан Республикасы қабылдаған Ата Заңымыздың (Конституциямыздың) негізгі іргетасы болып саналады. Сондай-ақ сол кезеңдерде дүниеге келген Мұхаммед-Хайдар Дулатидың «Тарихи-и-Рашиди», «Жаханнама», Қадырғали Қосымұлы Жалайыридың «Жамиғат тауарих» (Жылнамалар жинағы), халық туындылары: «Наурыз бәйіті», «Нысабнами казах» («Қазақтар шежіресі») т.б. ұрпақ танымы үшін аса зор тәлімдік мәнді шығармалары бар.

Бұл дәуірде мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, ою-өрнек пен зергерлік бұйымдар жасау, кілем, алаша тоқу, ер-тұрман, құмған, ыдыс-аяқ (керамика) жасау, музыкалық аспаптар жасау сияқты кәсіптер жедел дамып, еңбек және эстетикалық тәрбие берудің негізгі құралына айналды.

4. Қазақстанның Ресейге қосылу кезіндегі Ресей отаршылдығына қарсы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысы мен ағартушылық-демократиялық бағыттағы тәлім-тәрбие (XVIII ғ.-дан XX ғ.ғ. 20-ж. дейін).

1650-1730 жылдар арасындағы қазақ-жоңғар соғысы қазақ хандығын өте-мөте әлсіретті. XVIII ғасырдың басында Тәуке хан өлгеннен кейін қазақ елі үш жүзге бөлініп, үш хан сайлап, біртұтас қазақ хандығының бірлігі мен қуатын әлсіретіп, жоңғарларға жем болды. Кіші жүзді Әбілқайыр, Орта жүзді Сәмеке, Ұлы жүзді Жолбарыс хан билеп, әрқайсысы ұлы хан болуға таласып, ақыры «Ақтабан шұбырынды» атты қайғылы жағдайға ұшырап, халықты зор қырғынға ұшыратты.

1730 жылы Кіші жүздің ханы Әбілхайыр өз билерімен келісе отырып, қазақ халқын сақтап қалу мақсатында, Ресей империясына бодан болуға мәжбүр болды. Көптеген хандар мен сұлтандардың қарсылық білдіргеніне қарамастан, Ресей қазақ жерін отарлап алу саясатын әрі қарай жүргізе береді.

Қазақ жүздерінің бастарын қосуда қазақ халқының атақты, данышпан ханы – Абылай хан өте үлкен саяси-дипломатиялық күрес жүргізді.

Бұл жайында «Қазақтың көне тарихы» атты кітапта: «XIX ғасырдың 20-жылдарында Ресей өкіметі қазақ арасында хандық үкіметті біржолата жойып, ел басқарудың жалпы ресейлік тәртібін жақындатуға тырысты...», - деп, қазақ елінің отар елге айналғаны жайында әңгімелейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан даласына Ресейдің алдыңғы қатарлы демократиялық ой-пікірдегі (Герцен, Белинский, Радищев, Чернышевский, Ушинский т.б.) оқымыстыларының жолын қуушы А.Янушкевич, Ф.М.Достоевский, Э.Михаэлисс, Н.Долгополов, С.Гросс, Т.Шевченко т.б. зиялы-демократтар жер ауып келіп, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев сияқты қазақ демократ-ағартушыларымен достасып, олардың саяси-идеялық, ағартушылық көзқарастарының қалыптасуына игі әсерін тигізді.

Қазақ даласында білімнің дамуы мен қалыптасуына белгілі қоғам қайраткері, педагог, этнограф, жазушы және ағартушы Ыбырай Алтынсарин өте үлкен еңбек сіңірді. Ы.Алтынсарин патшалық Ресейдің орыстандыру, шоқыңдыру және балаларға байлардың жеке мақсаттары үшін білім беруді көздеген саясаттарын батыл айыптады. Орыс-қазақ мектептерін ашу туралы мәселелерді насихаттаумен қатар, Алтынсарин тәрбие жұмысы барысында қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін пайдалануды қуаттады. Осы принцип негізінде құрастырылған өзінің «Қазақ хрестоматиясын» (1879 ж.) жазып, ұсынды.

Халық ағартушылары, қоғам қайраткерлері: Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Құрманғазы Сағырбаевтар ұлттық ғылым мен өнердің, мәдениеттің, философияның негізін салды. Шоқанның ашқан ғылыми жаңалықтары, Абай өлеңдері мен қара сөздері және Құрманғазының музыка өнері жас ұрпақтарды жетілдіріп тәрбиелеуде зор ықпалын тигізді.

5. Кеңестік дәуірдегі қазақ педагогикасының ғылым ретінде дамып қалыптасуы (1920-1990 ж.ж. аралығы).

XX ғасырдың барысында империалистік патшалы Ресейдегі саяси-әлеуметтік жағдайлар шиеленісе түсті. Халықты қанау басым сипат алды. Ел арасында толқулар басталды.

Ресей империясының құрамында болып келген Қазақстанның зиялы қауымы осы мәселелер төңірегінде саяси-демократиялық қозғалыстарға белсене араласты. Олар патшалы Ресейдің отаршылдық және орыстандыру саясатын батыл айыптады, қазақтардың шұрайлы жерлерін қайтарып беру және жастардың білім алуларына жағдай туғызу, мектептер салу туралы талаптар қойды.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, т.б., қазақтың зиялы қауым өкілдері ұлттық сана-сезім мен тәлімдік идеялардың көсемдеріне айналды.

Қазан төңкерісіне дейін шыға бастаған «Дала уәлаяты» (1889-1902 ж.ж.), газеті, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті (1911-1916 ж.ж.) және басқа да басылымдар қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, мүмкіндіктері, мәдениеті, ғылымы, тарихы мен этнографиясы хақында аса маңызды ой-пікірлер жариялап отырды.

Бұл орайда, белгілі қоғам қайраткері, ғалым-түріктанушы Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінде былай деп жазады: «...Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді 2-3 есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік – білім-ғылымнан қалыс қалушылық. Ал қалыс қалуға үлкен себеп – қазақ жерінде мектептер өте аз...», - деді («Қазақ» газеті, 1913 жыл, 26, 15 тамыз).

1917 жылы Ленин бастаған коммунистік партия Ресей патшасын тақтан құлатып, тарихқа белгілі қазан төңкерісін жасады, әлемде жаңа империяның негізі қаланды. Қазақстан енді орыстар басқарған бұрынғы Ресей империясының мұрагері жаңа Кеңес Одағының (КСРО) құрамына кіруге мәжбүр болды.

Бұл кезең қазақ халқына тиімді және тиімсіз әсерін тигізді. Қоғам проблемаларының аса күрделі саласы – сауатсыздық жойылды. Көптеген маңызды кәсіпорындар, электр станциялары, су жолы каналдары салынып, жұмысшылардың жағдайлары едәуір жақсарды. Мектептер, бала-бақшалар және арнаулы орта, жоғары оқу орындары ашылды. Әлемдік тәжірибелерге негізделген кеңестік ғылыми педагогика мен психология ғылымдарының негізі қаланды.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары, негізінен, орыс тілінде жүргізілуі талап етілді. Әрине, орыс тілінде білім беру прогрессивті роль атқарғанымен, онда қазақ мектептерінің оқу-тәрбие жұмыстарына қайшы келген жағдайлар көп болды. Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан педагогикалық тәжірибелер «коммунистік идеологияға» негізделіп, «коммунистік тәрбие беру» атты саяси-педагогикалық диктатуралық жүйеге ұласты.

1937-1938 жылғы жүргізілген сталиндік жаппай қудалаушылық пен 1941-1945 жылдардағы соғыста қазақ халқы өте үлкен қырғынға ұшырады. Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы азаматтары жеке басқа табынудың құрбаны болды. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды.

Соғыстан кейінгі жылдары жаппай орыстандыру мәселесі қолға алынды. Қазақстанның тың жерлерін игеру мақсаты отаршылық принципке негізделіп, өкімет тарапынан жүзеге асырылып отырды. Мемлекеттік басқару жұмыстары, іс қағаздары, қоғамдық жиындар бірыңғай орыс тілінде жүргізілді. Шеттен келген басқа ұлттардың Қазақстанға қоныстануына мәжбүр еткізген өкімет саясатының нәтижесінде көптеген қазақ мектептері, бала-бақшалары, жоғары, арнаулы оқу орындарындағы қазақ бөлімдері қысқартылды.

Халық педагогикасы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Мектеп, мектептен тыс мекеме және балалар мен жастар ұйымдарының тәрбие жұмыстары коммунистік идеологияға негізделді. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар орыс тілінің аудармасы негізінде пайдаланылды, қазақ тілінде оқу-тәрбие жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулар жазу назардан тыс қалды.

Дегенмен, ұзақ ғасырлардан бері келе жатқан қазақ педагогикасының қоғамдық өмірдің қажеттілігіне айналуына бағытталған туындылар: М.Жұмабаевтың «Педагогика», А.Байтұрсыновтың «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл құралы», Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», «Психология» атты еңбектері, С.Көбеевтің, Н.Құлжанованың, М.Әуезовтің, М.Дулатовтың, Қ.Жұмалиевтің, Е.Смайыловтың, М.Ғабдуллиннің, Ә.Марғұланның т.б. шығармалары жас ұрпақтың бойына ұлттық сана-сезім көзқарасын қалыптастырды.

Кеңестік дәуірде педагогика, психология ғылымдары саласында М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, Ш.Әлжановтың, Р.Г.Лембергтің, А.П.Нечаевтың, И.Л.Стычинскийдің, Т.Тәжібаевтың, Ә.Сембаевтың, Ә.Сыдықовтың, Қ.Бержановтың, Е.Суфиевтің, А.Темірбековтің, А.Асылбековтың, Қ.Б.Жарықбаевтың, Т.Сабиловтың, К.Құнантаеваның, М.Мұхановтың, А.Мәдиннің, С.Мусиннің, Ә.Б.Сейтешевтің, Т.А.Умановтың, Н.П.Хмельдің, А.Көбесовтің т.б. әлденеше монографиялық еңбектері жарық көрді. Педагогикалық ғылыми-әдістемелік «Қазақстан мектебі» журналы (1925) шығарылып, онда мектеп мұғалімдері мен педагог ғалымдардың еңбектері үнемі жарық көріп отырды. Педагогикалық, психологиялық оқулықтар ана тілінде шығарылып, ғылыми терминдері қалыптасты.

Қазақ мектептері, негізінен, ауылды жерлерде орналасқандықтан, оның материалдық-техникалық базасына көп мән берілмеді. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспаған, орыс тілінде жазылған еңбектердің аудармалары арқылы жүзеге асырылды.

6. Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиенің қайта жанданып өркен жаюы (1991 ж. кейінгі егеменді ел).

1980 жылдардың ортасында Қазақстанда ұлттық сана-сезімнің оянуына тарихи ықпалын тигізген Желтоқсан оқиғасы болды. Оның әсері бертін келе қоғамның барлық салаларын қамтыды. Қазақ мектептеріндегі проблемалар туралы көптеген ұсыныс пікірлер қалыптасты. Халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмыстарына енгізудің аса қажеттігі туралы баспасөз бетінде пікір білдіріп, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, М.Балтабаев, Қ.Бөлеев, С.Ұзақбаева, Т.Сабыров, М.Құрсабаев, М.Оразаев, М.Смайылова және басқа ғалымдар өз үлестерін қосты.

Кеңес Одағының құрамына енген Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы 1991 жылдың 16 желтоқсанында өз тәуелсіздігін ресми түрде жариялап, егемен мемлекет болды. Тәуелсіздіктің әсері қоғам дамуының барлық салаларын қамтып, жаңаша мазмұнды, әлемдегі озық тәжірибелерге негізделген жүйенің қалыптасуына зор ықпал етті.

Қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, дүниетанымына, ұлттық қасиеттеріне қатысы бар, бұрын-соңды жарияланбаған, немесе саясатқа қайшы деп кезінде жауып тастаған туындылар мен шығармалардың беті ашылды. Ұлттық сана-сезім қайта жаңғырып, жаңаша рухани көтерілу процесі басталды. Білім беру мен тәрбие мәселелеріне көзқарастар мен талаптар өзгерді, нәтижесінде жаңа идеялар дүниеге келді.

Халық педагогикасын мен психологиясын оқу-тәрбие жұмыстарына енгізу жолдарын ғылыми тұрғыда белгілеу мақсатында жергілікті жерлерде әр түрлі бағыттарда семинарлар-мәжілістер, пікір алмасу іс-шаралары, сондай-ақ мұғалім-ұстаздардың заман талаптарына сәйкес білімдерін жетілдіру мәселелері қызу қолға алынды.

Мектеп, мектептен тыс мекемелер, балабақшалар мен арнаулы орта және жоғары оқу орындарында ескі педагогикалық тәжірибелердің орнына жаңаша, ұлттық тәлім-тәрбиенің қағидаларына негізделіп жазылған «Қазақтың салт-дәстүрлері» (М.Смайылова, М.Оразаев), «Қазақтың тәлім-тәрбие тарихы» (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев), «Атамекен» (М.Құрсабаев), «Елім-ай» (М.Балтабаев), музыкалы-этнографиялық, «Кәусар бұлақ» (З.Ахметова), «Бал бөбек» (Б.Баймұратова, М.Сәтімбекова) және басқа да көптеген ғылыми-тәлімдік баздарламалар басылып шығып, оқу-тәрбие жұмыстарына енгізіле бастады.

Мектеп және оқу орындарына көмекші құрал ретінде үлкен маңызын тигізетін ғылыми-тәлімдік зерттеу жұмыстары, тарих, мәдениет, философия, социология, психология проблемаларына арналған оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар көптеп шығарылуда. 1995 жылы «Санат» баспасынан профессор Қ.Б.Жарықбаев пен педагогика ғылымдарының докторы С.Қалиевтың студенттер мен орта мектеп мұғалімдеріне арнап жазған «Қазақ тәлім-тәрбиесі» атты оқулығы шықты.

1994-1995 ж.ж. «Рауан» баспасынан қазақтың Білім проблемалары институты даярлаған 14 ғасырды қамтитын «Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер

антологиясының (құрастырушылар: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев) орысша-қазақша томдары жарық көрді.

Бұл аталғандар ұлттық тәлім-тәрбие ісі мен ғылыми зерттеу жұмыстарының алғашқы бастамасы ғана. Алайда арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарына арналған ұлттық тәлім-тәрбие оқулықтары мен ұлттық педагогика және психология тарихын бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарастырып жазылған монографиялық ғылыми-зерттеулер қажет-ақ.

Бақылау сұрақтары

1. Ежелгі тасқа жазылған дастандардың тәрбиелік мәні.
2. Көне түркі Орхон-Енисей жазба ескерткіштері және орта ғасыр ойшылдары еңбектерінің этнопедагогикалық принциптермен идеялық өзектестігі қандай?
3. Қазақ халқының ежелгі дәуірдегі қандай тәлім-тәрбиелік ағартушылық нұсқаларын білесіз?
4. Түркістан өлкесінің ойшыл ғұламаларының тәлімдік ой-пікірлері, олардың тарихи мұралардан көрініс табуын неден көруге болады?
5. Әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік тұжырымдарының түрік, араб мәдениетіндегі алатын орны, қазақтың ұлттық мәдениетіне әсері.
6. Қазақстандағы қандай тәлім-тәрбиелік ағартушылық еңбектер мен көзқарастар туралы білесіз?
7. Сақтар мен ғұндар империяларының мәдени-жауынгерлік тәрбие дәстүрлері.
8. Ұлы Түркі қағанаты және оның тәлімділік-танымдық мұрагерлері (VI-IX ғ.ғ.).
9. Араб-шығыс мәдениетінің қазақ даласына тарауы, орта ғасыр оқымыстыларының тәлімгерлік ой-пікірлері (X-XV ғ.ғ.).
10. Қазақ хандығы тұсындағы ұлттық тәлім-тәрбие (жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар).
11. Ресей отаршылдығына қарсы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар және ағартушылық-демократиялық идеялардың өркен жаюы.
12. Кеңестік дәуірдегі қазақ педагогикасының ғылым ретінде қалыптасуы.

4-дәрісбаян

Тақырыбы: ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

Әдебиет – тәрбие құралы. Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері –

мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол – ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.

Бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді, ойды дамытатын, тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын этнопедагогикалық ғаламат туындылар. Бұл – халық педагогикасының үлкен бір саласы. Жалпы педагогика ғылымының негізі халық педагогикасында жатыр. Халық педагогикасының бұл саласын этнопедагогиканың және жалпы педагогиканың барлық салаларында ғылыми, іс-әрекеттік негізде пайдалануға болады. Ал, халықтың мақал-мәтелдері педагогикамен қатар, философиялық дәрістердің де түсініктемелеріне арқау бола алады.

Бұл тарауда ауыз әдебиетінің этнопедагогикалық мәнін ашып, оны оқу-тәрбие ісіне пайдаланудың негізгі жолдарын көрсетуді мақсат еттік. Зерттеушілер мен пайдаланушылар толқынды дүниені толықтыра түссе, құба-құп болар еді.

Бесік жырының тәрбиелік мәні

Тұрмыс-салт әуендерімен айтылатын бесік жыры бөбекті жұбату үшін және оған тілек айту үшін ғана шығарылған емес. Ең әуелі ырғағы бесіктің тербелісіне сәйкес келетін сабырлы екпінде айтылған әуен сезім мүшелері арқылы оған сүйкімді, сүйсінерлік әсер етіп, жан-жүйесін жадыратады, яғни ұнамды, ұнасымды әсермен баланы жұбатады. Екіншіден, баланың келешегіне үміт артып, тілек айта отырып, оны жұбатушы ана болашақтың шамшырағы мен нұрсәулесінен қуат алғандай әсерленеді. Үшіншіден, ата-ана жатқа айтқан тілектерді тілі шыққан балдырғандар да жаттап, әрі тілі дамиды, әрі сол сөздерден тәлім алады.

Бесік жырларын мазмұнына қарай: шілдехана жыры, бесікке бөлеу жыры, жұбату және тілек айту деп топтауға болады.

Бесікке бөлеу жыры нәрестені бесікке салғанда, қуаныш-тілек ретінде, көбінесе көңілді, әуезді әуенімен айтылады.

Балғын бөбек бесік жырының жанға жайлы әуезді әуеніне жұбанып, рахатқа бөленеді. Мұның психологиялық, медициналық мәні де зор. Әуен (музыка) бөбек жанына дем береді.

Бесік жыры көбінесе тілек (сенім арту, үміт, бата) айту мәніне құрылады да, жыр айтушы бөбектің келешегіне сенім артып, қуанышқа бөленеді.

Халық педагогикасының бұл саласы ғасырлар бойы бала тәрбиесіне өз өрнектерімен әсер етіп, қазіргі көркем әдебиет нұсқаларымен дамып келеді.

Бөбектің отыруы. «Бөбек бес айда белгілі отырады, алты айда анық отырады» дейді халық. Баланың әке-шешесін, жақындарын анық танып, күлу, ренжу әрекеттерін көрсете бастауы, оның өздігінше қимыл әрекеттерін жасаумен ұштасады да, отыруға ыңғайлануы байқала бастайды.

Бөбек толық отырғанға дейін оның «талпыну» әрекетімен демеп, отыруына жағдай (сүйеніш, таяныш) жасалынады. Толық отырған бөбектің, алғашқы әрекеті орындалып, көңілі шаттанып, бойы сергектене береді. Миы қатаймаған, буындары «қатпаған» бөбектің, алғашқы еркін қимылдауына жағдай жасап, оның өз алды әрекетінің сәтілігіне бас көз болып отыру отбасындағы жанашырдың бәрінің парыздық әрекеті болуға тиіс. Осы әрекет үстінде отбасындағылардың бөбекке деген мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық сезімдері дамиды.

Тұсау кесу. Бөбек туғаннан кейін жеті-сегіз айдан соң, әуелі еңбектеп (еңбектеудің де әр түрлісі бар) содан кейінірек қаз-қаз тұрып, қаз басып жүре бастайды. Бала тәй-тәй басып жүре бастаған кезде, тұсау кесу рәсімі жасалып, тұсау кесу жыры айтылады.

Тұсау кесу жырлары

Тұсау кесу – әдет-ғұрыптық, ырым-рәсімдік қуаныш мәжілісінде айтылатын жыр. Көбінесе, бір жасқа толып, еркін жүре бастаған балбөбектің басқан қадамы құтты болып, одан әрі жаны жамандық көрмей жақсы жүріп кетуіне тілек білдіріп, оның ата-анасы қуанышқа ортақ жақын адамдарды жинайды да, сыйлы адамға балбөбектің тұсауын кестіреді. Баланың тұсауы ала жіппен немесе қойдың тоқ ішегімен байланады да, тұсау кескен соң тұсау кесушіге сый-сыяпат көрсетіліп, сыйлық беріледі. Жағдайы келіп, жақсылыққа жайы мол әке-шеше бұл рәсімді кішігірім той-томалаққа айналдырып, баланың тұсауын жарыстан озып келген ең жүйрік азаматқа кестіреді. Тұсау кесілген соң баланы ақ жайма үстімен (ақ жол тілеп) немесе қалың кілем үстімен (жолы жұмсақ болсын деп) жүргізіп, ата-ана қуаныш білдіріп, арман-тілегін айтады.

Тұсау кесу жырын балбөбекті күтушілер оның тұсауын кескенге дейін де айтып, оның тәй-тәй басып жүруіне қуаныш білдіріп, сүйеніш, жетекші іс-әрекет тәсілдерін қолданады. Тұсау кесу жырының бұл түрі «тәй-тәй» деп аталады.

Қазақ балалар поэзиясында бірсыпыра ақындардың (Ж.Смақов, М.Әлімбаев т.б.) тұсау кесуге арналған жырлары бар. Мысалы, ақын Жақан Смақов:

Тәй-тәй бас, құлама,

Құласаң жылама! – деп баланы батылдыққа тәрбиелейді.

Отбасында балдырғандар «тәй-тәй», тұсау кесу жырларын, әуенімен әсемдеп айту арқылы балдырғанның әрі бөбекке деген сүйіспеншілігі артады, әрі оның кішіге қамқорлық сезімі қалыптасып, іс-әрекетке ықыласы молаяды. Отбасында болатын тұсау кесу рәсімі тәрбиеші балалар бақшасындағы қуыршақ ойыны арқылы да ұйымдастырылып, балаларды – халықтың әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеуі тиіс. Бұл баланың әрі музыкаға қызығуына, сахнада ойнауға үйренуіне, сөз өнеріне бейімделуіне себепші болады.

Жаңылтпаиш – тіл ширату тәсілі

Халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған.

Балбөбектің тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөйлеу үшін, қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі-жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде де мүдірмей, өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды, тәлім алады.

Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бөбекпен, тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Әсіресе, тілдің алдыңғы (тілалды) дірілмен айтылатын «р» дыбысын айту алғаш көптеген бөбектерге қиын сияқты болып көрінеді. Сондықтан жаңылтпаштар да, көбінесе сол «р» дыбысы мен «и» дыбысын қатар айтуға құрылған. Бала тіліндегі «ш» дыбысы мен «с» дыбысын шатастырып айтуды түзету үшін халық жаңылтпаштарды шығарған. Сол сияқты «қ-к», «ж-ш», «т-д», «н-ң» т.б. дыбыстарды шатыстырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар бар.

Халық педагогикасының бұл саласын қазақ ақындары дамыта түсті. Олардың бір ерекшеліктері, ол жаңылтпаштар көбінесе әрі тіл ширату, әрі дүние таныту, әрі білім беру, тәрбиелеу. Сонымен бірге жаңылтпаштар баланы табиғатты қорғауға тәрбиелейді, баланың тілін ширатады.

Отбасында балаға жаңылтпаш айтқызып жаттықтырудың бірнеше жолы бар: ең әуелі бала жаттықтырушының айтқан жаңылтпашын жаңылмай, тез-тез айтуға үйренуі керек. Екіншіден, бірнеше баланың жаңылтпаш айтудағы жаңылмай айту қабілетімен қатар, қанша жаңылтпаш білетінін байқау үшін жаңылтпаш айтысуын ұйымдастыра білу керек. Жаңылтпаштарды жаңылмай айтудан, жаңылтпаштарды білуден озып шыққан баланы ынталандырып, мадақтап, сыйлық беріп мерейін арттыру қажет.

Балалар бақшасында тіл ширату, көркем сөз оқу, тақпақ айтуға балдырғандарды жаттықтыру үшін арнайы уақыт бөлініп, эстетикалық тәрбие жұмыстары жүргізіледі, мүмкіндігінше жаңылтпаштарды әнге қосып айтуға да болады. Балалар бақшасында ұйымдастырылған жаңылтпаш айтысудың мәні зор. Ол үшін, тәрбиеші күні бұрын жоспар жасап, керекті жаңылтпаштарды топтай білу керек. Әрине, тілі өте мүкіс, көбінесе логопедиялық дәріс алып жүрген баланы ондайда ұятқа қалдырып, сағын сындырудан сақ болған дұрыс. Өйткені жаңылтпаш айтудың психологиялық әсері де ерекше. Әсіресе, жаңылтпаш жаттығулар арқылы «р» дыбысына тілі келіп, сөзді мүдірмей айтуға баланың қуанышы қойнына сыймай, өмірдің өткелінен өткендей әсер алады.

Балалар бақшасында фольклорлық кеш өткізіп, онда жаңылтпаш айтысуға да тиісті орын беріп, айтқыш балалардың абыройын арттырып отыру керек.

Жаңылтпаштар тек жас балалардың тілін ширату үшін ғана қолданылмайды, сонымен қатар жаңылтпаш айтысып, тіл ұстартуды үлкендер де салтқа айналдырған болатын.

Санамақтардың тәрбиелік мәні

Санамақтарды халық, негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді.

1. Атау ұйқастырып санау арқылы бала әрі сан үйренеді, оның үстіне санға аты ұйқасқан заттарды танып біледі.

2. Саусақ санау ойыны баланы сан үйренуге ынталандырады, көңілдендіреді.

3. Санамақ айтыста бала санға ұйқас сөз табу арқылы, ақындық қабілетін байқайды. Егер ол ұйқас таба алмаса, айтыста жеңілген болып табылады.

4. Жаңылтпаш, жұмбақ санамақты айту арқылы бала әрі сан үйренеді, әрі жұмбақтың шешуін тауып, ойын дамытады, тілін ширатады.

5. Ойын санамақтарын балалар «Тоқтышақ», «Жасырынбақ» ойындары үшін пайдаланылып, сан жобасын, тақ пен жұп белгілерін ажыратуды үйренеді.

Отбасында санамақтың әрбір түрін балаға жаттатып, олармен бірге ойнай отырып, ойын дамыту – ата-ананың борышы. Ересек балаларға неғұрлым күрделі санамақтарды айтқызып, ол санамақтардың шешімін мүмкіндігінше, өлең ұйқастарымен айтуды талап ету керек.

Балалар бақшасында балдырғандарға санамақтардың сан алуан түрлерін үйретіп, оны айтқызу, санамақ шешімдерін дұрыс шешкендердің білімін бағалап, оларды мадақтай білу керек. Кейбір санамақтарды және олардың ұйқасты шешімдерін әнге қосып айтуға болады.

Мектептерге (әсіресе бастауыш сыныпта) күрделі санамақтарды айтып, олардың шешімдерін тез тапқан оқушыларға ұпай қою, баға беру ісі ұйымдастырылады. Күрделі санамақтарды «Өнерпаздар мен тапқыштар» клубының жарысына қатысушылар да өнер сайысының бір кезеңінде орынды пайдалана білуі тиіс.

Жұмбақтың дүниетанымдық, тәрбиелік мәні

Нақты бір зат туралы тұспалдап, ұқсатып, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімдік ұғымдар мен түсініктерді ой-қиял елегінен өткізіп, тұжырым жасап, шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Ертедегі жұмбақтар көбінесе мал шаруашылығына байланысты және қару-жарақ, құрал-саймандар туралы болған.

Заман өзгерген сайын халық педагогикасы жаңа мазмұнды жұмбақтармен толыса берді. 19-20 ғасырларда бу машиналары, электротехника, радио, телеграф, самолет, ракета, космос кемелері т.б. техникалық, мәдени прогрестерге байланысты жұмбақтар туды.

Жұмбақтарды Аристотель «Жан-жақты жымдасқан метафора» дейді. Яғни затты бейнелеп, баламалап сипаттау арқылы ұқсас заттардың қасиеттері мен түріне, аумағына, көлеміне зер салып, жұмбақты шешуші жұмбақты шешеді, әрі заттарды салыстыра көз алдына елестетіп, дүниетанымдық қабілетін дамытады.

Жұмбақтар, көбінесе үйлесімді ұйқасы әсем де ырғақты өлеңмен құрылады. Қара сөзбен жасалған жұмбақтар да бар. «Отқа жанбас, суға батпас» (мұз) айтыс түрінде құрылған, яғни жұмбақ айтыстарын екі ақын шығарып бірі өлеңмен жұмбақ айтса, екіншісі сол жұмбақтың шешуін өлеңмен айтады. Авторы белгісіз ел аузында жатталып қалған жұмбақ-айтыстар да кездеседі.

Жұмбақтарды жаттап айтумен қатар, кез-келген айтушы өз ойына құрастырып та айта береді, тек жұмбақтың сөздік қисыны, өлеңдік үйлесімі болуға тиіс.

Жұмбақ айтушы неғұрлым көбірек, күрделірек жұмбақтарды тауып айтып, шешушіні жеңуге тырысады. Егер жұмбақ шешуші мүдірмей, айтылған жұмбақтарды дұрыс және толық шеше алса, оның өзі де жұмбақ айтып, жұмбақ айтыс жалғасып, айтушы мен шешуші өз білімдерін сараптайды. Кім көбірек жұмбақ айтып (көбінесе санап отырады), көбірек жұмбақ шешсе, сол жұмбақ айтысуда жеңп шығып, білімділігін көрсетеді.

Жұмбақ айтысу мен жұмбақ айтысты ажырата білу керек. Жұмбақ айтыста жеңіп шығу ақындық дарынның, білімнің басымдылығына байланысты.

Отбасында балаларға жаңа жұмбақтар үйретіп, жұмбақ айтысуды ұйымдастырып, олардың тапқырлығын сынау, жұмбақ айтысуда жеңіп шыққан балаларды мадақтап отыру – бұрыннан қалыптасқан дәстүр болатын. Отбасында өтетін «Туған күн», «Ұлыстың Ұлы күні», «Мереке күні», «Думанды кеш» сияқты рәсімдік той-томалақ, тамашаларда ұйымдастырылатын түрлі ойындардың бір түрі – жұмбақ айтысу. Ондайда жұмбақ айтысудан үздік шыққандарға сыйлық беріледі.

Балалар бақшасында «Қызықты кеш», «Өнерпаздар мен білгіштер жарысы» сияқты думандарда жоспарлы түрде ұйымдастыра білген тәрбиеші, жұмбақ айту, жұмбақ айтысу, жұмбақ айтыс дәстүрлерін қызықты өткізеді. Әрине, жұмбақ айтуды көбінесе тәрбиешінің өзі бастайды да, бұрыннан үйретілген жұмбақтар бойынша жұмбақ айтысу одан әрі жалғасады. Жұмбақты көп білген балдырғанға «білімпаз» деген атақ беріледі (оның 3-2-1 дәрежесі болу керек). Білімпаз балдырған жұмбақ айтысуды басқаруға да ерікті болады.

Балалар бақшасында өтетін тақырыптық және мерекелік, той-думандық кештердің бір кезеңінде жұмбақ айту мен жұмбақ айтысуды ұйымдастыра білу керек.

Мектеп бағдарламасында ауыз әдебиетінің бір бөлімі ретінде жұмбақтар бірінші сыныптан бастап оқулықтарға ендірілген. Әдеби кештерде, мерекелік кештерде, өнерпаздар мен ой тапқыштар жарысында жұмбақ айту, жұмбақ айтысу, жұмбақ айтыс ерекше орын алады. Пәндік

кештерде сол пәндік кештердің тақырыптарына байланысты жаңа жұмбақтарды, көбінесе, оқушылардың өздері ойлап шығарады, әділ қазылар алқасы жаңадан шығарылған жұмбақтардың мәнін, маңызын, көркемдік сапасын жан-жақты бағалай білуге тиіс.

Пәндік сабақ өтерде (әсіресе биология сабақтарында) тақырыптарына сәйкес, сабақты жұмбақ айтудан бастау керек болады. Жоғары сыныптарда «жұмбақ айтысу» кешін ұйымдастырып, оны өнерпаздар думанымен жалғастыру қажет.

Жұмбақтардың дүниетанымдық, ой дамытарлық мәнімен қатар, тәрбиелік мәні де ерекше. Өйткені жұмбақ айтысу, жұмбақтарды жаттау кезінде тәрбиеленуші өзінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта-жігері артады, жауапкершілікке бейімделіп, өнерге талпынушылығы артады.

Мақалдар мен мәтелдер – тәрбие құралы

Мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Мақалдар, көбінесе өлеңдік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады, қара сөзбен, яғни шешендікпен айтылатын мақалдар да бар. Мақал, негізінен, екі бөлімнен (көбінесе екі тармақтан) құралады. Бірінші бөлімде пайымдау (айтатын ойдың түп негізі), екінші бөлімде ой қорытындысы айтылады («Еңбек етсең, емерсің»). Тура мағынада («Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»), ауыспалы мағынада («От жақпаған үй – қорамен тең, адам кірмеген үй – моламен тең») қолданылатын мақалдарды, көбінесе халық шығарған. Жыраулар мен ақындар, ел басылары мен батырлар, зиялы адамдар шығарған (авторы белгілі) мақалдар мен мәтелдер де өте көп.

Мәтелдер, негізінен, тұжырым тұспалы өлеңде сыңар тармақты, қара сөзде нұсқалы сөз ретінде айтылады «Өлең – сөздің патшасы» т.б. Мәтелдер де тура мағынада «Қадіріңді білгенге жұмса» деп және ауыспалы мағынада «Тікен гүлін қорғайды» деп айтылады.

Қазақ халқы – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, ауызынан тастамай, өнеге ретінде данышпандығын өлең өрнектерімен, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққан мәтелдер мен мақалдарды үздіксіз пайдаланып, үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне парықтап пайдалану дәстүрге айналған. Сондықтан да, әсіресе, қариялар мақалдап, маңызды сөйлеуді борышым деп санайды. Мақалсыз, мағынасыз сөйлеген қарт адамның сөзінің қадірі болмайды.

Қазақтың мақал-мәтелдерінің көбірек қамтитын тақырыптары: елдік, ынтымақ, бірлік, батырлық, ерлік, өнер, білім туралы, төрт түлікке, егіншілікке, адамгершілікке байланысты т.б. мақал-мәтелдер.

Отбасында ата-аналар бала тәрбиесіне лайықтап іс-әрекет, пікірлесу, пікірсайыс кезінде өнеге көрсетіп, өсиет айтып: ана тілін алмасаң, арың кетеді; әке – тірегін, ана – жүрегін; әке тұрғанда бала сөйлегеннен без; бірінші байлық – денсаулық; қыз қылығымен жағады; бір үйдегі бәрің де бір-біріңе меймансың; бала жақсы болса – бала, жаман болса – пәле; сабыр түбі – сары алтын; еріншектің ертеңі таусылмайды; көзің ауырса қолыңды

тый, ішің ауырса, асыңды тый; іс істесең, ретін тап; ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар; ас ішсең аяғыңды жина; ерте тұрған әйелдің бір ісі бар, ерте тұрған еркектің ырысы бар; ашу – дұшпан, ақыл – дос; әдептілік – әдемілік т.б. мақалдарды жиі айтады.

Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан оған айтатын ақыл-насихат, өнеге-өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болу керек. Сол мәнді сөздер – мақалдар мен мәтелдерді орынды пайдаланған ата-ана ой қозғап, ақылға қонымды сөздер айту арқылы баланы тәрбиелейді және санасын арттырады. «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, баланы ана тілін ардақтауға үйретіп, ой қисындарын сөз жүйесіне келтіре алу қабілетін дамыту үшін, ата-ананың мақалдап сөйлеуінің мәні зор. Мақалдың да мақалы бар, кейбір ескірген, қазіргі өмірге қолдануға қолайсыз, тіпті теріс тәрбиелейтін мақал-мәтелдерді пайдаланудан сақ болу керек. Ұлы Абай «жиырма тоғызыншы» сөзінде: «Жарлы болсаң, арлы болма», «Атың шықпаса, жер өрте», «Ата-анадан мал тәтті» т.б. зиянды мақал-мәтелдердің «құдайшылыққа, не адамшылыққа» жарамайтынын айтады.

Балалар бақшасында тіл ұстарту, тіл ширату сабақтарында балдырғандарға мақал, мәтел туралы түсінік беріліп, оларды қолданудың қажеттілігі туралы айтылады. Мысалы: «Әке – тірегің, ана – жүрегің» деген мақалдың мәні, мазмұны ондағы жеке сөздердің мағынасы туралы сұрақ-жауап тәсілін қолданып, тәрбиеші балдырғандардың түсінігін байқап, ұғымын байытады. Осы мақалдың мән-мағынасын терең ұғындыра түседі, балдырғандарға ана, әке туралы тақпақтарды жаттатып, айтқызады.

Мектепте ауыз әдебиеті туралы бағдарламалық материалдарды оқыту оқушылардың мақал-мәтел жинап, оқулық пен хрестоматиядағы материалдарды толықтыра түсуіне басшылық етеді. Әдебиет бөлмесінің жарнамаларына «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы», «Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез», «Өнерлі өрге жүзеді» сияқты мақал-мәтелдер жазылып, ілінеді. Бірінші сыныптан бастап мақал-мәтелдер бірте-бірте үйретіліп, оқушылардың тілі мен ойын дамытудың негізгі бір тәсілі – мақал-мәтелдерді жаттату, мақал-мәтелдерді ел аузынан жинау, оларды түрлі сынып сағаттары мен кештерде, өнер жарыстарында, баспасөзде, радиода қолдана білуге оқушыны бейімдеу мұғалімдердің, әсіресе әдебиет пәні оқытушысының міндеті болып табылады.

Мысалы, «Достық» тақырыбына өтілетін сынып сағатында, әдеби кеште, пікіржарыста, «достық туралы мақал-мәтелдерді кім көп біледі?» деген сұраққа жауап ретінде жазуша жарыс ұйымдастыру керек. «Досына достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол» (Абай) деген мақалдың айналасында пікірталас өткізу қажет.

Жыраулар мен ақындардың, ұлы данышпандар мен батыр ел басшыларының шығарған мақал-мәтелдері жөнінде сынып сағаттарын, пәндік кештерді, мерей тойға арналған әдеби-монтаждарды ұйымдастыруға болады. Мысалы: Абай Құнанбаевтың творчествосына арналған кеш өткізу кезінде «Абайдың мақал-мәтелге айналған сөздері»

деген тақырыпта оқушылар: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Заманақыр жастары, бірікпес ешбір бастары», «Сенсең сен, еңбегің мен біліміңе, сол сені алып шығар екі жақтап» т.б. тіркестерді тауып жазады да, ол сөздер қандай өлеңдерден алынғанын айтады. Мұны «Ой тапқыштар» жарысы ретінде де өткізіп, озып шыққан оқушыларды мадақтай білу керек.

Қазақ халқының өз мақал-мәтелдердері том-том болып жиналады, оның үстіне басқа халықтардың тілінен аударылған мақал-мәтелдер де мол. Дегенмен, дүниежүзі халықтарының мақал-мәтелдері бірін-бірі тікелей қайталамаса да, біріне-бірі, көбінесе ұқсас болып келеді. Осыған қарап мақал-мәтелдерді ұлтаралық, жалпы адамзаттық әдеби мұра деуге болар еді.

Балалар жырының тәрбиелік мәні

Қазақтың халық педагогикасында балаларға арнап шығарылған арнау-тілек өлеңдері, сұрамақтар, төрт түлік туралы жырлар, тақпақтар ерекше орын алады.

Арнау-тілек өлеңдері табиғат құбылыстары мен жан-жануарларға, құстарға қызығу сезімін оятып, эстетикалық әсер беру үшін, баланың дүниетанымын арттыру мақсатында шығарылған.

Жырларды жаттап айту арқылы баланың табиғат танымдылығы артумен қатар, сол табиғатқа деген аяныш сезімі дамып, ол табиғатқа қамқорлық жасауға бейімделеді. «Кім айтар?», «Кім күшті?», «Түйе, түйе, түйелер» сияқты көлемді сұрамақ өлеңдер сұрау, жауап арқылы сөз жүйесін дамыта айтқызып, баланың ой жүйесін өркендетеді. Сұрамақ өлеңдер қанша бір көлемді болса да, баланың жаттап алуына оңай болады. Өйткені ондағы сөз жүйесі баланың ойына оралымды құрылған. Төрт түлік туралы жырларда халық әрі тілек білдіретін, әрі малдың қасиетін қастерлейтін сөздерді үйретіп, баланың түлікке деген қамқорлығын қалыптастырады, мал шаруашылығы туралы дүниетанымын арттырады, түлікті құрметтеуге үйретеді. «Ешкі мен қойдың айтысы», «Иесі мен сиырдың айтысы», «Төрт түліктің кеңесі» деген жырлар арқылы төрт түліктің қастерлі қасиеттерін айтып, халық баланы түліктер табиғатымен жан-жақты таныстырады.

Халық педагогикасындағы балалардың бірден жадында қалатын қысқа-қысқа тақпақтар, оларды тақпақ айтуға ынталандырады, еңбекке, адамгершілікке, Отанын сүйуге, өнерге тәрбиелейді.

Арнау-тілек өлеңдері, сұрақтар, төрт түлік туралы жырлар, тақпақтарды, көбінесе, отбасында ата-аналар балаларына үйретіп, тәрбие ісіне ол жырларды пайдалана білу керек.

Балалар бақшасында төрт түлікке арналған ертеңгіліктерде, құстар күніне байланысты, өнерпаздар жарысында балалар жырларын жан-жақты пайдалана білу тәрбиешінің білімдарлығы мен жауапкершілік жігеріне байланысты.

Мектепте балалар жырлары бағдарламалық жүйеде өтеді, тәрбие ісіне пайдаланылады. Әсіресе, «Құстар – біздің досымыз», «Төрт түліктер думаны» т.б. тақырыптық кештер мен арнаулы күндерде балалар жырларын пайдалана білудің мәні өзгеше.

Өлеңдер мен тақпақтарды отбасында, балалар бақшасында, мектепте балдырғандарға жаттатып, тәрбие жұмысына жан-жақты пайдалану керек.

Балаларға өлең-жыр, тақпақ жаттатуда, олардың әрбір сөзді дұрыстап айтып, дауыс ырғағын сол сөздің мағынасына қарай құбылта білуін қадағалап, сахнада, жұрт алдында қалай тұруды үйрету қажет. Сөз мағынасын тыңдаушыға толық, әсерлі жеткізуде дауыс ырғағы мен бет құбылыстың сөзге сәйкестігі үлкен мәнді нәрсе. Дауыс ырғағы арқылы бір сөзбен бірнеше мағына мәнін ұғындыруға болады. Мысалы: «бол» деген сөзге леп белгісін қою арқылы, зекіру, асықтыру, қорқыту мәні берілсе, оған сұрау белгісін қою арқылы, мәлімсіздік, сұраулық мән беріледі, бұл сөздерді айтудағы бет құбылыстың кеюлік, таң қалу нышаны арқылы сөздің мән-мағынасы естіп-көрушіге айқындала түседі. Яғни балаларға тақпақ жаттатқанда дауыс ырғағы мен бет құбылыс арқылы әрбір сөздің мән-мағынасын тыңдаушыға әсерлі жеткізуге, неғұрлым толық ұғындыруға болады. Бұл баланың тілін, ойын дамытуға өте қажет.

Мазақтамалардың тәрбиелік мәні

Мазақтаманы халық балалардың бірін-бірі мінеуі, сынауы, шенеуі, әжуалауы үшін шығарған. Мазақтама айтушы екінші баланың кемшілігін көзіне айтып, ызаландырып, қажырын қайрайды.

Баланың өз мінін өзіне айтқызу арқылы халық күлкілі мазақтамалармен әжуалай отырып, баланы адамгершілікке тәрбиелейді.

Баланың табиғи кемшілігін айтып, тәрбиелеудің орнына, оның сүйегін жасытатын, тәрбиелік мәні керісінше болатын мазақтамалар да бар, соларды қолданудан сақ болу керек.

Мазақтамалар, көбінесе әдемі әжуаға құрылады. Қазақ балалар ақындарының шығарған мазақтамалары көп. Ол мазақтамалар балаларды әдептілікке, әдемілікке, еңбекке тәрбиелейді.

Мазақтамалар отбасында, балалар бақшасында, мектепте баланың есіне салу немесе жатқа айтқызу арқылы, балалар поэзиясының бұл түрін де тәрбие жұмыстарына пайдалана білу керек. Мысалы, берілген іске жауапсыз қарап немесе шалғайлық жасаған балаға бір мазақтаманы айтудың өзі жетіп жатыр. Ондайда бала тез сергіп, ісіне қайта қарап, өз кемшілігін екшей бастайды. өз мінін түзеп, ескертпені елеген баланың ынта-жігерін арттырып, оны мадақтау тәсілін қолдану қажет.

Мазақтаманың негізгі мақсаты – баланың мінін көрсетіп, сынау, оны тәрбиелеу. Ал балалардың бірін-бірі мазақтауы кезінде орынсыз пайдаланып, бір-бірінің арына тиіп, ызаландырып жасытуы мүмкін. Ондайда оларға үлкендік, салиқалық кеңес керек.

Бақылау сұрақтары

1. Сөз өнерінің өркен жаюы туралы не білесіз?
2. Қазақтың қандай шешендері туралы білесіз?
3. Халықтың мәдени мұрасы жайындағы ой-пікірлер тарихына тоқталыңыз.
4. Ел шежіресін үйретудің білімділік, тәрбиелік мәні қандай?
5. Ауыз әдебиетінің ұлттық сананы дамытудағы орны қандай?
6. Жаңылтпаш – тіл ширату тәсілі.
7. Санамақтың, жұмбақтың, мақал-мәтелдердің дүниетанымдық, тәрбиелік мәні.
8. Жұмбақ, мақал-мәтелдер – халықтың шағын тұжырымдары.
9. Еңбекке баулуда мақал-мәтелдердің алатын орны.
10. Мақалдар мен мәтелдер – тәрбие құралы.
11. Жырлардың түрлері.
12. Бесік жыры және тұсаукесер жырының тәрбиелік мәні.
13. Ертегілердің және аңыз әңгімелердің тәрбиелік мәні.
14. Тұрмыс-салт жырларының, батырлық жырлардың, ғашықтық жырлардың дүниетанымдық, тәрбиелік мәні.
15. Шешендік сөздердің этнопедагогикалық мәні.
16. Қазақ халқының ұлы шешендері Аяз би және Жиренше шешен әңгімелері, Қожанасыр, Алдаркөсе бейнелері.
17. Балалар жыры, мазақтамалар, өтірік өлеңдер, ойын өлеңдерінің тәрбиелік мәні.
18. Ақын-жыраулар шығармаларының жастарды шешендікке, тапқырлыққа, ақындыққа, батырлыққа тәрбиелеудегі ролі.
19. Салт сарындары – беташар, шілдехана, бесік тойы, тұсау кесер, сүндет той.
20. Халықтық тәрбие үлгілерін, ауыз әдебиеті шығармаларын пайдалану жолдарын айтыңыз.

5-дәрісбаян

Тақырыбы: САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақтың тәрбие мектебі, халық педагогикасы – ата-бабамыздың өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтық осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізді, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды.

Педагог және философ ғалым Г.Н.Филоновтың анықтамасы бойынша: «Халық педагогикасы – жергілікті халықтың қабылдаған тәрбиелеу әдіс-тәсілдері. Бұлар ұрпақтан-ұрпаққа өмір барысында білім

мен дағдылар арқылы жалғасып отырады. Халық педагогикасы қоғамдық тәжірибенің, мінез-құлық, жүріс-тұрыс ережелерінің, қоғамдық дәстүрлердің, белгілі идеологияның жалғасуын бағыттап отырады. Халық педагогикасы моральдық заңдар мен салттарда көрініс табады» .

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «Халық педагогикасы дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру», - деген анықтама берілген. Осы анықтаманы ғылыми дұрыс анықтама деп санауға болады.

Ал академик А.К.Конның басшылығымен 1983 ж. «Педагогика» баспасынан шыққан этикалық сөздікте «әдет-ғұрып дегеніміз – белгілі бір қоғамда немесе коллективте белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің түрі. Ол әлеуметтік өмірдің әр түрлілігіне және күрделілігіне қарамастан, белгілі ұқсастық жағдайда адамдардың біркелкі әрекет етуін қалайды. Яғни бір қоғам ішіндегі адамдардың еңбек ету тәсілдері мен әдістерінің жалпыға ортақ болуын, олардың саяси-қоғамдық іс-әрекетінің және күнделікті тұрмыстағы қарым-қатынасында немесе көзқарасында бірыңғайлық әрекеттің болуын талап етеді. Осының бәрі әдет-ғұрыптың, салттың жиынтық көрінісі болып табылады,» - деп тұжырымдаса, ал «дәстүр дегеніміз – әдет-ғұрыптың өмірдегі өсіп жетілген әр түрлі формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс-әрекеті мен мінез-құлқының ұрпақтан-ұрпаққа белгілі формада ауысып берілетін түрі», - деген анықтама береді.

Салт пен дәстүрдің айырмашылығы неде дегенге келсек, салт адам өмірінің күнделікті тіршілігінде (отбасынан бастап қоғамдық өмірдегі қатынаста) жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жол-жора, рәсім, заңдарының жиынтығы.

Немесе, Салт – тарихи жағдайда қалыптасқан ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын адамдар арасындағы қарым-қатынастар, тұрмыс қалпы, ережелері.

Ол жеке адам өмірінде еңбек, іс-әрекет, адамгершілік, құқық, діни ережелерімен байланысты көрініс береді де, біртіндеп ауыл-аймақ, ру, тайпаға ортақ рәсімге (ритуалға) айналады.

Ал дәстүрлердің өрісі салттан әлдеқайда кеңірек. Дәстүр қоғамдық сананың барлық салаларымен байланыста дамыған, топтасқан қауымның қалыптасқан бірыңғай көзқарасын, әдет-заңын марапаттайтын ритуал. Ол ғылымда, әдебиетте, мектепте, халықтық ортақ өнерде немесе қоғамдық қатынаста көрініс беретін құбылыс. Дәстүр идеологияға жақындау да, ал салт қоғамдық психологияға жақын. *Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті көшпенділік өмір салтымен тығыз байланысты.* Мәселен, үлкенді сыйлау,

қонақжайлық – дәстүрлер. Олар көптеген салттардан, ырымдардан, жол-жоралардан, рәсімдерден тұрады.

Салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи және көне процесс. Ол ұрпақ тәрбиесінен, мәдени тұрмысы мен шаруашылық тіршілігінен көрініс бере отырып, адамның дүниеге келуімен бірге өрбіп, о дүниеге аттанып кеткенше құндақтайтын, тербететін алтын бесігі іспеттес.

Дәстүр үшін өткен дәуірде қалыптасқан көзқарас пен іс-әрекеттің мәдени мұра ретінде сақталып, бүгінгі күнге жетуі қажет. Мінез-құлықтың мазмұны мен сыртқы көрінісінде, қолдану стилінде бірізділік болуы керек. Яғни, мінез-құлықтың сыртқы формасында ерекше тұрақтылықтың болуы шарт. Ал ол форма белгілі заңдылыққа айналғанда мінез-құлықтың мазмұнына үстемдік ете бастайды. Бұл жағдайда дәстүр дағдылы рәсімге айналады.

Философия ғылымының докторы, профессор Н.Сәрсенбаев өзінің «Әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір» атты еңбегінде әдет-ғұрып пен дәстүрдің қоғамдық өмірден алатын орнына, атқаратын қызметіне философиялық тұрғыдан талдау жасап: «Дәстүрге әдет-ғұрыптың өткен қоғамнан қалған озық түрлері мен тұрмыстық формалары, ырым-жоралары, рәсімдер жиынтығы кіреді», - дейді. Белгілі бір қоғамда немесе ұжымда қалыптасқан дәстүр, өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғаннан кейін сол қоғамдық өмірден жалғасын табады да, тұрақты орын алады. Екіншіден, дәстүр әдет-ғұрыптың жинақталған, көпшілікке ортақ салтанатты түрде қолданылатын түрлері мен рәсімдерін де қамтиды. Мысалы, әскери салтанатты шерулер, әнұран ойнау, елтаңбаны, туларды дәстүрлерге жатқызамыз.

Үшіншіден, дәстүрге қоғамдық сананың ғылым мен әдебиеттегі, көркемөнер мен саясаттағы бағыттары енеді. Мысалы, біз Пушкин, Горький, Абай, Науаилардың әдеби мұраларын зерттеушілерді солардың әдеби дәстүрін жалғастырушылар деп, ал ғылымда Ломоносов, Менделеев, Павловтың ілімдік дәстүрін жалғастырушылар деп атаймыз. Дәстүр – тарихи тұрақтанған, қоғамдық қарым-қатынастық нормада бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғасып жататын, көпшілік қоғам мүшелеріне ортақ әдет-ғұрыптардың жинақталған түрі.

Әдет-ғұрып – рәсім арқылы көрсетілетін әрекет, қимыл. Ол да көпшілікке ортақ іс-әрекеттен көрініс береді. Ал жол-жоралар, ырымдар – әдет-ғұрыптың бөлшектері, сонан келіп салт пен дәстүр тоғысып, туындайды. Бір әдет-ғұрыптың бірнеше ырымдар мен рәсімдерден, жол-жоралардан тұруы мүмкін.

Ескере кететін жағдай осы уақытқа дейінгі орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктерде немесе пәндерге арналған түсіндірмелі сөздіктерде салт-дәстүр бір мағынада беріліп келеді. Сондай-ақ ырым, жол-жоралар, рәсімдердің мағынасы ашылып ажыратылмаған. Тек соңғы 1993 жылғы «Ғылым» баспасы арқылы шыққан профессор Қ.Жарықбаев пен Ж.Наурызбаевтың «Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесі атауларының

қысқаша түсініктемесінде» «Жол-жоралғы (жөн-жосық) салт, дәстүр, әдет бойынша берілетін ырым, кәде» деп, біртабан дұрыс анықтама беруге талпыныс жасаған.

Біздің пікірімізше, ырым, рәсімдер, жол-жоралар салттың құрамдас бөлшектері болып саналады да, дәстүр осылардың сұрыпталып, өмір өткелінен өтіп, тұрмыста тұрақты орын алған синтездік формасы демекпіз. Ал әдет-ғұрыпқа салттың синонимі деп қарау керек. Бұл пікірді профессор Н.Сәрсенбаев та қуаттайды. Салт-дәстүрлер бір жағынан халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты туған этнографиялық құбылыс болып саналса, екінші жағынан ұрпақ тәрбиесінің ритуалы болып саналады. Сондықтан ұлттық салт-дәстүрлердің мән-мағынасын тәлімдік тұрғыда қарастырып, тозығынан озығын айыра қарау, бүгінгі заман талабына сай келетін прогрессивтік мәнді дәстүрлерді ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы ретінде пайдалана білу қажет.

Қорыта келгенде, этнопедагогика – фольклорлық шығармалар мен ұлттық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік мән-мағынасы мен оны оқу-тәрбие жүйесінде қолданудың әдіс-тәсілдерін зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы.

Салт-дәстүрлер халықтың тұрмыс тіршілігімен, өмірге деген көзқарасымен байланысты туып дамитын болағндықтан, оның дінмен байланысын да сөз етуге тура келеді.

Халықтық ырымдарда шаман, ислам дінімен байланысты наным-сенімдер көптеп кездеседі. Мысалы, малға топалаң, ауру-індет келгенде немесе қуаңшылық, аптап ыстық болғанда, құдайға жалбарынып мал сойып, ақсарбас айту, тасаттық беру, құдайдан жаңбыр тілеу немесе бала көрмеген ата-аналардың әулиелер басына түнеп, мал сойып, ақтық байлауы т.б. діни наным-сенімдермен байланысты туған ырымдар.

Дінмен байланысты туған ырымдардың адамды имандылыққа, тазалыққа тәрбиелеуде прогрессивтік мәнінің болғанын, оның халықтың табиғат-жаратылыс жөніндегі түсінігі төмен, өзін қоршаған ортаға эмпристік көзқарасы басым кезіндегі түсінік, наным, сенімінің елесі екенін жасыруға болмайды.

Жалпы, дін мен ғылымның ұзақ уақыт қатар жасасып келе жатқанын, адамды тәрбиелеуде екеуінің де белгілі рөл атқарағынын, бірақ қоғам, табиғат-жаратылыс заңдылықтарын түсіндіруде ғылым мен діннің арасында үлкен алшақтық барын ажырата білу керек. Этнопедагогика ұлттық салт-дәстүрлердің тәлімдік мән-мағынасын зерттейтін ғылым саласы болса, ал этнопсихология халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері мен салттарындағы ұлттық сана-сезімін, өмірге деген көзқарасын, өзіндік ойлау ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.

Олай болса, этнопедагогика мен этнопсихологияның даму процесінде ортақ заңдылықтар бар деп қарауға тура келеді.

Салттар мен дәстүрлердің ерекшеліктері ұлттың психологиялық ерекшеліктерінен көрініс береді.

Ұлттық психологиялық құрылым ерекшелігі адамдардың әулеттік қарым-қатынасынан, киім киюінен, спорттық ойын түрлерінен немесе ұлттық тұрмыстық салт-дәстүрлерден (келін түсіру, қыз ұзату, қонақ күту, өлік жәнелту рәсімдерінен т.б.), ұлттық тағам түрлерінен байқалады.

Ұлттық психикалық құрылым үш бөліктен тұрады: ол ұлттық сезім, салт-дәстүрлер және ұлттық мінез. Осы үш бірлестік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады. Біз салт-дәстүрлерге тоқталайық.

Біз қонақ күтуге байланысты ұлттық тағамдарды даярлау, сыйлы қонағын ұлттық тағаммен сыйлау да ұлттық сезімді, ұлттық мақтанышты көрсетеді. Және ол әр ұлттың өзіне тән тағам даярлау ерекшелігінің куәсі болып табылады. Мысалы, өзбек қонағын палаумен сыйласа, қазақ «бес бармағымен», ұйғыр мәңті, лағманымен, татарлар пәрәмішімен сыйлайды. Қазақ шәйін қаймақ қатқан сүтпен баптап берсе, қалмақ, ұйғырлар май, тұз, ұн салып береді. Орыс халқы кофе қайнатады, соның бәрі тағам берудегі ұлттық ерекшелік дәстүрлер.

Ұлттық салт-дәстүрлерге ана тіліне деген сүйіспеншілікті, ұлттық өнер түрлерін: ән-күй, зергерлік қол өнері, бейнелеу-сурет өнері, ұлттық ойын мен спорттың түрлерін, ұлттық тағамды, киімді, мерекелерді, тарихи ескерткіштерді т.б. жатқызуға болады. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жоралар, көзқарас түсініктер жатады.

Ұлттық салт-дәстүрлердің ерекшеліктерін патриархалдық, рулық салт дәстүрлерімен шатастыруға болмайды. Мысалы, қазақтардың қызды қалың малға сатуы немесе барымтасы мен өзбек әйелдерінің пәрәнжі жамылуын бүкіл қазақ, өзбек халықтарының ұлттық салт-дәстүрі деп қарамауымыз керек. Ол феодалдық, рушылдық қарым-қатынастан қалған ескі дәстүрлер.

Салт-дәстүрлер халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Оның жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері дамып, жаңа мағынаға ие болады. Мысалы, қазақтар жаугершілік заманда ақ қой сойып, қанына найзасын малып, бір-бірімен төс түйістіріп, анттасып дос болатын болған. «Достықты бұзғанды ант атсын» - деп серттескен. Феодалдық қырқыс кезінде ол батырларды бірлікке тәрбиеледі. Ал бергін капиталистік қоғамның дамуымен байланысты, анттасу салты мүлде қажет болмай қалды.

Немесе бүгінгі күндерде ерлі-зайыпты қариялардың алтын, күміс тойларын өткізу де салт-дәстүрлердің өзгерген түрі. Оның ұрпақ тәрбиесі үшін үлкен прогрессивтік, тәрбиелік мәні зор.

Салт-дәстүр сабақтастығы ұлттар арасындағы қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Бір ұлтта бар салт-дәстүрлер, ұлттық ою-өрнек, тағам, спорттық ойын түрлері екінші бір ұлтта да белгілі ұқсастықпен және өзіндік ерекшелігімен көрініс береді. Мысалы, қазақтың көкпар тарту

ойыны кейбір өзгешілігімен көрші өзбек, түрікмен, қырғыз, моңғол, ауған елдерінен де кездеседі. Киіз үй тігу көшпелі халықтардың бәріне ортақ. Алайда, оның құрылысында, ою-өрнек әшекейінде әр ұлтқа тән ерекшелік белгілер байқалады. Палау, мәңті, борщ, шашлық, пельмен көпшілік ұлттарға ортақ тағам болғанымен, әр ұлттың өзіндік дайындау технологиясымен ерекшеленеді.

Ұлттық дәстүрлер ұлттық психологиядан көрініс тапқанда, кейбір психикалық әлпеттің жалпы адам баласына, барлық ұлтқа тән ортақ қасиетке ие екенін байқауға болады. Мысалы, қонақжайлық, үлкенді сыйлау, балажандылық сияқты мінез-құлық өлшемдері адам баласына тән, барлық халыққа ортақ қасиет.

Қоғамның дамуы, халықтар мен ұлттардың интернационалдық байланысы ұлттық психикаға игі әсерін тигізіп, бірнеше ұлтқа ортақ интернационалдық мазмұнды салт-дәстүрлердің пайда болуын туғызды. Мысалы кешегі кеңестік дәуірде ұлттық қарым-қатынастың күшеюімен байланысты қазақтың ат бәйгесі немесе қазақша күрес, теңге алу, қыз қуу ойындарына интернационалдық сипат берілді де, бұл ойындар бүкіл Орта Азия елдерінде ортақ интернационалдық ойын түрлері болып кетті. Сондай-ақ, кешегі кеңестік дәуірде халықтардың идеялық сана-сезім бірлестігі ортақ әнұран, ортақ дәстүрлі әскери шеру салтанаттарын өткізу, жастарды әскер қатарына шығарып салу, еңбек кітапшасын табыс ету, неке куәлігін тапсыру сияқты салт-дәстүр түрлерін туғызды.

Заман талабына сай жаңа мазмұнды салт-дәстүрлердің туындауы да заңды құбылыс. Мысалы, қазіргі жастардың үйлену тойы рәсімдері бұрынғы қазақ ауылындағы осындай тойларға мүлде ұқсамайды.

Сондай-ақ, баланың дүниеге келуін қуаныштап өткізетін шілдехана тойына қоса бүгінде жастардың туған күнін тойлау рәсімдері пайда болды. Ол мүлде жаңа салт-рәсімде өтеді.

Бақылау сұрақтары

1. Ұлттық мерекелерді тойлау ерекшеліктері.
2. Торқалы тойдағы ырым, жол, жоралғылар, олардың тәлімдік мәні.
3. Топырақты өлім рәсімдері және онда көзделетін мақсаттар.
4. Уыз той және көш тойлары.
5. Наурыз – Ұлыстың ұлы күні.
6. Наурыз тойын тойлау дәстүрі.
7. Ораза айт пен құрбан айт.
8. Мерекелер мақсаты – елдікке, бірлікке шақыру.
9. Діни мерекелер, өткізілуі, тәрбиелік мәні.
10. Ұлттық мерекелерде қолданылатын рәсімдер мен жоралғылар.
11. Ұлттық мерекелердің мақсаты.
12. Әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні, белгілері.
13. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.
14. Дәстүрлердің салттардан айырмашылығы.
15. Салттар мен дәстүрлердің ерекшелігі.

16. Қазақтың ағартушы ойшылдарының салт-дәстүрлер туралы ой-пікірлерін айтып беріңіз.
17. Қазақ халқының қандай сыйласымдылық дәстүрлері мен жөн-жоралғылары бар және олардың тәрбиелік мәні неде?
18. Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ерекшеліктері неде және тәрбиелік мәні қандай?
19. Қазақтың ырым-тыйымдарын және олардың ғылыми негіздерге байланыстылығын қалай түсінесіз?
20. Ұлттық рәсімдерді салтанатты түрде қастерлеу дәстүрлерін атаңыз.
21. Жаңаша дәстүрлер, оларды қолдану тәсілдері, олардың тәрбиелілігі.
22. Қазақтың рәміздері (ұлттық белгілері) туралы не білесіз?
23. Әдет-ғұрыптардың дамып, жаңарып, толысып отыратындығы туралы ғылыми дәлелдемелер.
24. Жаңаша дәстүрдің қалыптасуы және тәрбие.

6-дәрісбаян

Тақырыбы: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛӨНЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Өнер мәдени феномен ретінде. «Өнер» термині адам баласының жасампаздығын білдіреді де, «өндіру», «жасау», «күру» деген негізден өрбиді. Яғни, көркем шығармашылық процесін және оның нәтижелерін (сәулет өнері, бейнелеу, поэзия, әуен, би және т.с.с.) айтуға болады.

Өнердің мәдениеттегі алатын орны оның басқа салаларынан гөрі ерекше. Өйткені, өнерде ғана қоғамдық сана өзін толығымен көрсете алады.

Өнер арқылы мәдениет өзінің тұңғық тереңінде болып жатқан құбылыстарын дәл бір айнаға қарап көргендей, байқап отырады. Сондықтан да өнерді «мәдениеттің айнасы» деп анықтауда негіз бар.

Нақты тарихи жағдайлар шеңберінде белгілі бір ұлттың, этностың мәдениетінде өнер арқылы сол мәдениеттің әлемді және әлемдегі адамды түсінуін көреміз.

«Өнер – мәдениеттің айнасы» деп бекер айтылмаған. Ол мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі. Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеруі барысында әдеби мәтіндерге, мүсінге, сәулет туындыларына, суреттерге, әуенге, биге және т.с.с. негізделген өнер түрлері қалыптасады.

Өнер деп адамның рухани болмысына, сезіміне, эмоциясына әсер етіп, оны толғандыратын суреткер қолынан шыққан шығармашылық үлгісін айтамыз. Өнердің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірімен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты көнеден бері толғандырып келеді. Енді соларға тоқталып өтейік.

Сәулет өнері немесе архитектура. Архитектура сөзі гректің «архитектон» - құрылысшы деген сөзінен шыққан. **Архитектура деп адамның рухани және материалдық қажеттіліктерін өтейтін ғимараттар құрылысын айтады.** Сәулет адам өмірінде эстетикалық міндетпен қатар практикалық міндетті де атқарады. Сәулет өнерінің үлгісі адамның мінәжат ететін ибадатханасы да, драматургиялық қойылымдар тамашалайтын театры да, ғылыми ізденістермен айналысатын оқу орны, кітапханасы да, баспана болар үйі де және т.с.с. болуы мүмкін.

Сәулет өнерінің шығармалары өздері дүниеге келген уақыттың дәстүрін, мәдениетін, эстетикалық мұрат-талғамын танытады. Мысалы, Ақтауда Бекет ата мешіті, Драмалық театр, Фонтан т.с.с.

Бейнелеу өнері. Атауынан белгілі болып тұрғандай, заттың, тұлғаның немесе табиғаттың бейнесін жасайтын өнер. Бейнелеу өнері көркем құрал-тәсілдер арқылы (баяу түсі, жағу мәнері, штрих, ою-орнек және т.б.) және түрлі материалдарда (қағаз, кенеп және т.с.с.) табиғи объектінің образды бейнесін жасайды. Өнердің осы түріне енетін шығармаларды көзбен қарау арқылы түйсініп, бағалап, кеңістікте қабылдаймыз. Соның нәтижесінде, бейнелеу өнерін кейде кеңістік немесе визуалды (көріністі) өнер деп те айтады.

Бейнелеу өнерінің туындалары шындықты қайталайтын, жансыз көшірме емес. Ол заманның рухани мәнін, саяси философиялық, **эстетикалық**, этикалық идеяларын мағыналы мазмұнға айналдыратын дүниелер.

Сұлулық – адам жанын асқақтататын, көзін қуантатын, тәнті ететін, сүйсіндіретін көрініс, қимыл-әрекет, пішін немесе ой-қиялдың жемісі.

Қазақстан территориясында өмір сүрген ежелгі көшпенділер мен қазіргі қазақ халқының генетикалық байланысы бар екенін, олардың арғы ата-бабалардың мәдениетін сақтап келгендігін ғалымдардың археологиялық, этнографиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары дәлелдеп отыр.

Ежелгі дәуір ескерткіштерін Ә. Марғұлан өзінің «Памятники искусства Казахстана» (1971) атты еңбегінде тұтас шолып, әңгімелеген. Оның айтуынша, петроглифтер (шимай, аңшылық суреттері) неолит (тас), мыс дәуірлерінен бері бар. Олар Сарысу, Қарқаралы, Маңғыстау жерінде бизон, құлан, бұғы, тау арыстандарының суреті таңба түрінде сақталған. Саны жағынан Қытай, Үнді, Шығыс ескерткіштерінен қалыспайды. Мұны ғалым **граувири** деп атаған.

Көне дәуір ескерткіштерінің екінші бір түрін Ә. Марғұлан **мегалиттер** дейді. Оған Орталық Қазақстан, Тарбағатай, Жетісуда кездесетін тас қала, минареттер (мұнаралар) жатады. Тас минареттер ертедегі тайпа, ру көсемдерінің құрметіне салынған. Оларды архитектура үлгісіне жатқызамыз. Тастан қиып жасалған апандар (дольмендер), қораптар да сол дәуірден жетуі мүмкін. Қашалған тас (плита), аса үлкен апандар (дольмендер) Орталық Қазақстаннан көп табылған. Оларды ерте

дәуірлерде жасалған тас бейіт дейміз. Бұлар да тайпа көсемдерінің құрметіне соғылған болуға тиіс.

Тас қорғандардың үшінші түріне **кромлендер** жатады. Олар қазақтың киіз үйіне ұқсас, бірақ көлемі одан 1,5 есе үлкен, төбесі сүйір, сопақ тас. Архитектурасы әсем, келісті. Кромлендер Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, Семей, Талдықорған жерінен табылған. Оны кейбіреулер қазылған рудник орны (**такми**) деп те атайды. Дұрысында мола болса керек. Мегалиттер бейіті өте тереңде (төрт мыңыншы жылдар қатпарында) болған. Ондай молалар Сарысу, Нұра бойынан табылған.

Мегалит түріндегі тас қорғандардың тағы бір түріне Беғазы, Ақсу, Аюлы, Бұғылыдан табылған тас қоралар жатады. Францияда мұндай тастарды циклоп (жалғыз көзді дәу) тұрған үйлер деп атайды екен. Осы тектес қорғандар Ақтоғай, Шет ауданы, Жезқазған, Жаңаарқа, Іле, Жоңғар Алатауынан көптеп табылған. Циклоп типтес қалалар Қазақстанның түстік бетінде жоқ. Беғазы қорғанының (№ 1) ені 16x16, қалыңдығы 3 метр. Граниттен соғылған қамал, сыртында бедерлері бар.

Қазақстан жерін мекендеген көшпенді тайпалардың бірі – сақтар. Сақтар мал бағумен, аң аулаумен шұғылданып, жазда әсем безендірілген киіз үйлерде тұрды, ал қыста айналасы дуалмен қоршалған шикі кірпіштен салынған үйлерде тұрды. Сақтардың сәулет өнерінен дерек беретін заттарға обалар және қазба кезінде табылған ескерткіштер қалдығы жатады.

Сақтар көсемдері мен атақты адамдарын жерлеген бейіт обалар орнатқан. Обалар көлемі жағынан (диаметрі 150 метрдей, биіктігі 20 метрдей) өте үлкен болған. Обалардың астында қабырғалары ағаштан өрілген немесе тастан қаланған өлген адамды жерлейтін арнайы бөлмелері болған. Ол бөлмеге адам мәйітімен бірге қару-жарағы, ыдыстары, әшекейлі заттар қоса қойылған. Обалардың сыртынан шеңберлей орналастырып, тігінен жартылай жерге көмілген тас бағаналардын орнатқан қорғаны болған.

Мысалы: Мұндай қорғандарға Алматы облысындағы «Бесшатыр», Қарағанды облысындағы «Отыз жеті жауынгер» обаларының сәулеттік құрылысын айтуға болады.

Мыс дәуірінде адам баласы тас қашап, мыс қорыта білген. Сол негізде қолөнері, мал бағу, егіншілік кәсібі туып, еңбек бөлінеді. Соқа, балта, мыстан жасалған өзге де құралдар көбейеді.

Бұдан соң темір дәуірі келеді. Енді құралдар сол темірден жасалатын болады (найза, қылыш, семсер, соқа тісі, т. б.). Мұндай құралдар қазақ жеріндегі обалардан көбірек табылған. Ә.Марғұланның айтуынша, скиф, сақ, ғұн, үйсін, оғыз, қыпшақ, қаңлы тайпаларының мәдениеті осы заманда туған. Есік маңынан алтыннан құйылған адам суреті табылып отырса, ғалымдар оны сақ дәуірінің ескерткіші ретінде бағалауда. Әйелдің алтынмен күптелген сәукелесін А.Козарев 1905 жылы Қарағанды (Қарағаш сайы) жерінен тапқан. Ол да скиф-сақ дәуірінен қалған ескерткіш болуға тиіс.

Сақтардың мәдениеті, тұрмыс-салты, дүниетанымы туралы мағлұмат беретін материалдар – қазбадан табылған қолөнер бұйымдары мен әшекейлі заттар. Үй мүлкінің көбін ыңғайлы, сынбайтын материалдардан жұқа теріден, киізден, ағаштан жасаған, кейбір ыдыстарды күйдірілген балшықтан жасаған. Қару-жарақтарын, ат әбзелдерін, киіз үй жиһаздарын үй жануарлары мен жабайы аңдардың бейнесімен әшекейлеген. Оған дәлел: 1970 ж. Есік қаласы жанынан табылған «Алтын адам» олжасы. «Алтын адамның» киімі, белдігі аңдар суретімен, оюлармен бедерленген. 4000-ға жуық алтын жапсырмалармен көмкерілген. «Алтын адам» жанына оның қылышы, өте шеберлікпен жасалған қанжары, әр түрлі оюлармен әшекейленген қыш ыдыстар, шебер зергердің қолынан шыққан күміс кесе қойылған. Күміс кесенің түбінде әдемі ойылып жазылған жұмбақ жазу бар.

«Алтын адам» киімі мен басқа бұйымдарын әшекейлеуде құю, соғу, оймалау, қалыпқа салып соғу алтын, күміс жалату сияқты, қазіргі қазақ шеберлерінің қолданатын зергерлік өнердің барлық әдістерін көруге болады.

Осындай бұйымдар Қарғалы, Бурабай, Есік, Қанаттас, алтыннан жасалған арыстан басы Тақырауын, Әлек, Майқайың, Тасмола, Шілікті, Бестөбе, Тасқұдық, Ақсу, Жолымбет, Жосалы маңынан табылған. Алтын, күміс, жез қазақ жерінде аз емес. Бұлар соның көнеден жеткен көркем үлгілері.

Үйсін, қаңлы тайпаларының жартылай отырықшылық өміріне байланысты сәулет өнері дамыды.

Б.д.д. III ғасыр мен б.д. I ғасыр аралығындағы үйсіндер мен қаңлылар темір өндіру кәсібін дамытқан, ағаш, тері, металл өңдеу ісі кең өріс алып, қолөнер дамыды. Қарапайым өрмек тоқу құралы пайда болды.

Үйсіндер мен қаңлылардың зергерлік бейнелеу өнерінде, сақтар өнерінде кездеспеген, өсімдік тектес және геометриялық үлгідегі ою-өрнектермен әшекейлеу әдістері, зергерлік бұйымдарды түрлі асыл тастармен көркемдеу кең тараған.

Қазақстан жерінен табылған көшпенділер дәуірінің мәдени-өнер ескерткіштерін өзара салыстыра отырып, қазақ халқының көне дәуірдегі көшпенді ата-бабаларының жасаған сәндік-қолданбалы өнерінің классикалық үлгісіне жататынын ғалымдар дәлелдеген.

Моңғол шапқыншылығына дейінгі сәулет өнерінің және қолөнердің өркен жаяуы (VI-XII з.з.)

Біздің дәуіріміздің VI ғасырынан бастап Қазақстан жерінде алғашқы феодалдық мемлекет Түрік қағанаты құрылды. Олар өмір сүрген VI-VIII ғ.ғ. – темір, алтын, күміс өндіру және өңдеу кәсібі, ісі дамыды. Кен өндіру, металл өңдеу кәсібі – қолөнершілік еңбек түрлерінің, сауданың өркендеуіне және елдің отырықшылыққа айналып, елді-мекендер, қалалар салуда сәулет өнерінің дамуына ықпалын тигізді.

Археологиялық қазбалардың мағлұматтары бойынша Оңтүстік Қазақстан жерін мекендеген тайпалар IV-VI ғ.ғ. шикі кірпіш кесек дайындай білген.

Түрік қағанаты дәуірінде тас және сүйек өңдеу өнері де дамыды. Тас өңдеу өнері: тас мүсіндер, құпытастар жасау арқылы сәулет өнерінде кеңінен пайдаланылды.

Тас өңдеу өнерінің ескерткіштерінен біздерге жеткені тас мүсіндер мен құпытастар. Тас мүсіндер жасау VI-VIII ғ.ғ. – XIII ғасырлар аралығын қамтиды.

Құлпытастар әр түрлі ою-өрнектермен, суреттермен әшекейленген. Қазақстанда тасқа қашалып салынған түрлі аңдар, садақ суреті, ою-шимайлар, жылқы, түйе, күн суреттері жиі кездеседі. Ежелгі тас, мыс дәуірлерінің өнері VI-VIII ғасырлардағы Түрік қағанаты кезеңінде де қолданылған. Тастан батырдың суретін салу, тамға (таңба), тасқа түскен жазулар Орхон ескерткіштерінен мол табылған.

X-XII ғ.ғ. Қараханидтер мемлекеті дәуірінде, Ұлы Жібек жолының Жетісу, Оңтүстік территорияларын басып өтетін бөлігінде орналасқан – Сайрам, Құлан, Мерке, Тараз, Сығанақ, Баласағұн, Отырар сияқты қалалардың сәулеттік құрылысы дамыды. Әсіресе, Отырар, Тараз, Сайрам, Ясы қалаларының іргесі өсіп, мәдениет пен ғылымның, қолөнер мен сауданың орталығына айналды. (Тоғыз жолдың торабы болғандықтан)

Бірақ, ғасырлар бойы әр ұрпақтың өнерімен, білімімен, қажырлы еңбегімен жетіліп бой көтерген, сәулет өнерінің керемет үлгілерін өз бойын жинақтаған Отырар, Ясы, Тараз сияқты ғылым мен білімнің, өнердің, мәдени өмірдің орталығы болған көптеген қалалар, XIII ғасырдағы Моңғол шапқыншылығы кезінде түгелдей қирады.

Орта ғасырдағы (IX-XIII ғ.ғ.) және XIV-XVIII ғасырдағы сәулет өнері

Орта ғасырлардағы сәулет өнері құрылыстарының даму ерекшеліктерін біздің кезімізге дейін сақталған діни бағыттағы сәулеттік құрылыстардан көруге болады. Оларға:

1. Қозы Көрпеш-Баян Сұлу мазары (IX-X ғасыр) жатады. Ол Аягөз өзенінің бойында, Таңсық темір жол станциясының жанында тұр. Мазар жалпақ қырлы тастардан, орта ғасырлық дөң, кешен үлгісінде пирамида түрінде қалаған. Құрылыс қарапайым болғанымен, мындаған жылдарға шыдап келеді.

2. Айша Бибі (XI-XII ғасыр) мазары тік төртбұрыш пішінде салынған құрылыс. Әр бұрышында жоғарғы жағы жіңішкеріп жұмыр мұнаралары бар мазардың қабырғалары, төрт мұнарасының сырты түгелдей, квадрат формалы, әр түрлі оюлармен әшекейленген, плиткалармен көмкерілген, әдемі, айшықты сәулет құрылысы. Ескерткіш бойында қазақ халқының барлық оюларының түрлері қамтылған.

3. Бабаджа қатын мазары (X-XI ғасыр) күйдірілген кірпіштен қаланған, жалпы формасы куб тәрізді, 16 қырлы күмбезді құрылыс. Мазардың қас беті өзге үш бетінен қарағанда биіктеу, жоғарғы жағы кірпіштерді өрнектеп өріп қалау арқылы көркемделген. Ішкі төрт бұрышты бөлменің төбесі күмбезделіп жабылған. Жалпы бабаджа қатын мазарының сәндік әшекейлері өте қарапайым, құрылысы онша күрделі емес.

4. Алашахан мазарын – шебер кірпіштерді өрнектей қалау әдісімен қалаған. Мазардың артқы екі бүйір қабырғасы киіз үйдің қабырғасына ұқсаған ромб тектес бедерлі оюмен әшекейленген. Алдыңғы қас бетін, кірпіштердің өзіндік пішіндерін пайдаланып, тік төртбұрышты ойықтармен, бедерлермен өріп шыққан. Мазар күмбезбен жабылған.

5. Маңғыстау жеріндегі күмбезді мазардың бірі – Шақпақ ата мазары (X ғасыр). Мазар күмбезінің дәл төбесінен күн жарығы түсетін арнайы тесік қалдырылған. Шақпақ ата мазарының сыртқы қабырғалары, Маңғыстау жерінде осы күнге дейін қолданылып келе жатқан ою-өрнектермен әшекейленген.

Қазақстан территориясының түкпір-түкпірінде сақталып келген сәулет өнерінің туындыларын, сол аймақта өмір сүрген халық суретшілері туғызған.

Қазірге дейін Қазақстанда 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш табылған болса, (ал табылмағаны қаншама?), соның 12 мыңнан астамы Батыс Қазақстан өлкесінде орналасқан.

XIV-XV ғасырдағы сәулет өнерінің ішінен Ахмет Иассаудің мешітінің құрылысы ерекше орын алады.

Мешіт Ақсақ Темірдің әмірімен XIV ғасырдың соңында басталды, сол кездегі діни құрылыстың ең ірісі болды.

Мешіт ғимараты күйдірген кірпіштен салынған. Жалпы ұзындығы 62,5 м., ені 46,5 м. Сыртқы көрінісі симметриялы, онда үлкенді-кішілі 35 залдар мен бөлмелер бар. Олар бір-бірімен 8 дәлізбен, өтпелі баспалдақтармен жалғасып жатыр. Ғимараттың құрылысындағы тағы бір ерекшелік күмбезді қазандықты қоршаған залдар мен бөлмелер күмбезді ұстап тұрған тіректің ролін атқарады.

Ғимараттың ішкі залдары мен бөлмелерінде – қабірхана, мешіт, кіші және үлкен Ақсарай, кітапхана, құдықхана, асхана орналасқан. Қазандық – мешіттегі ең үлкен, сәулетті орын. Оны диаметрі 18 метрдей асқақ күмбез жауып тұр. Залдың табанынан күмбез төбесіне дейін 39 метр. Залдың ортасында 7 металдың қоспасынан құйылған алып тайқазан тұр. Салмағы 2 тонна, диаметрі 2,4 метр. Қазандық үш қатарлы сан алуан өсімдік тектес ою-өрнектермен әшекейленген, араб жазуларымен нақышталған белбеулі безендер орап тұр. Қазан тұлғасы – сәндік-қолданбалы өнердің қайталанбас үлгісі. Мешіттің композициялық ауқымдылығы, пропорциялық өлшемдерінің дәлдігі, құрылысы шешімінің ұтқырлығы, мейлінше көркем безендірілуі XIV-XV ғасырдағы Орта Азия мен Қазақстан сәулет өнерінің даму деңгейінің жоғары болғандығының дәлелі.

Қазақ қолөнеріндегі экологиялық мәселелер, тәлім тәрбиелік мәні

Қазақ ежелден өнерге бай халық. Өздерін Табиғат-Ананың төл баласы ретінде сезініп, қоршаған ортаға асқан жауапкершілікпен қараған ата-бабаларымыз, өнердің кілтін де табиғаттан тапқан. Дархан дала төсінде еркін өсіп, оның сұлулығына көз жанарларын қандырып, жан-жүректерімен сезініп өскен көшпелілер табиғатты тірі. ақылды деп қабылдап, онымен барлық уақытта санасу. сұхбаттасу дәстүрін ұстанған.

Қазақтардың табиғатпен қатынасын философ Н.Н.Молдабеков: «Табиғат – тіршілік ортасы, адам анасы. Табиғат бүкіл организмге ортақ, үйлесімді байланыстардың кеңістігі. Табиғатпен жарасқандар тыныштығын табады, тынысын қалпына келтіреді. Табиғаттың мамыражай ашық көркі қазақ тіршілігіне сергектік те әкеледі. Одан қазақтың қарны да, көңілі де тояттанады- дейді».

Ежелден көшпелілердің дүниетанымында табиғат пен адам егіз. Тіршілік сыйлаушы табиғатқа табына отырып, өздерін оның тікелей жалғастырушылары деп түсінген көшпелілер қоршаған ортаны әртүрлі наным-сенімдер, тыйымдар арқылы қорғап отырған. Табиғат сыйын тек материалдық тұрғыда ғана пайдаланбай одан рухани нәр алды, яғни, табиғатты дәстүрлі өнерге арқау етті. Осындай қоршаған ортамен тепе-теңдік, үйлесімдік өмір салтын ұстану мен қазақтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері, дүниетанымының бірлігі негізінде айтыс, жыр, ертегі-аңыз, музыка, сәулет, қолөнер сияқты дәстүрлі мәдениет өзегі қалыптасты.

Қазақ халқы өнерді ерекше қадір тұтып, ғасырлар өткен сайын оны ұрпақ санасында жаңғыртып, атадан-балаға мирас етіп қалдырған. Өнердің майталман шеберлерін халық арасында «он саусағынан өнер тамған» дарын иесі деп құрметтеген. Шеберлер өз өнерін келер ұрпаққа мұрат етіп қалдыру мақсатында ел ішіндегі дарынды балаларды жинап, шәкірт дайындаған. Олар шәкірттеріне өз өнерінің қыр-сырын талмай үйретіп отырған. «Өнерлінің өрісі кең», «өнерлі өрге жүзеді» деген қанатты сөздер өзінің өміршеңдігін бүгінгі күні де танытуда.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің негізгі тірегінің бірі көркемөнердің алар орны ерекше.

Адам мен қоршаған ортадан бастау алып, көшпелі халық болмысына тән тұрмыс-тіршілігімен, дүниеге көзқарасымен, сана-сезім, ой-өрісімен. салт-дәстүрімен сабақтастықта пайда болған өнер туындылары терең мән-мағына ие. Көшпелілер көркемөнері сан-салаға бөлінеді. Мәселен, суретші дүниеге деген көзқарасын, болмаса табиғат көрінісін қылқалам ұшымен бейнелесе, ақын-жазушылар сөз құдіреті арқылы білдірген. күйші-сазгерлер саз үнімен жеткізсе, қолөнер шеберлері бейнелеу арқылы білдіріп жатады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі көркемөнердің өміршең бір саласы – қолөнер. Қазақ халқының қолөнері тарихпен бірге жасасып келе жатқан мәдени мұра. Ежелгі тас дәуірінен бастау алып. уақыт өте келе сүйек, мүйіз, ағаштан түрлі құрал-жабдықтар жасау арқылы толығымен түскен қолөнер саласы бүгінде материалдық және рухани байытылған өнер саласы деңгейін иеленіп отыр. Халқымыз қолөнер бұйымдарын тұрмыстың барлық салаларында қолданғаны белгілі. Т.Бәсенов «Халықтың қолөнерінде, әдет-ғұрып жабдықтармен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал -жабдықтар да кіреді.Олар: киіз үйдің сүйегі, ағаш кереует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі-түсті басқұрлар, арқан, жіп, қайыс, таспа. Шеберлер өз қолөнер туындыларын түрлі нақыштармен әшекейледі. Қолөнерде көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданған әдістер тұрмысымыздың барлық саласында және сәулет

өнерінде кеңінен қолданып келеді» - дейді. Қолөнер бұйымдары кез-келген халықтың шаруашылық қажеттілігінен туындап отырады. *Мысалы, мал шаруашылығына байланысты қолөнер бұйымдарына: шылбыр, ноқта, бұршақ, жүген, құрық, бұғылық, тусамыс, өре, шідер, кісен, қада, таға, ер-тұрман т.б. жатады.* Батырлық пен аңшылық кәсібіне қажетті жебе мен садақ, сойыл, шоқпар, айбалта мен найзаны т.б. бөліп көрсете аламыз. Моншақ, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы сияқты зергерлік бұйымдар жасау өнері елімізде кеңінен дамыған.

Ал осы қолөнердің барлық саласына ерекше әсемдік пен терең мән беріп тұрған ою-өрнек өнері. Қазақ халқының кез-келген бұйымында оз үйлесімділігін тапқан ою-өрнек қазақ халқының мәдени шежіресі. Тас, қола дәуіріндегі андрондық және сақ тайпалары «аң стилін» өз қолөнерлерінде ерекше мәнермен қолданған. Олар аң, жануарлар мен құстардың шынайы және мифтік ұғымдағы бейнелерімен барлық қолөнер бұйымдарын әшекейлеген.

«Ою-өрнек» (латынның ornament - әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан) үйлесімділікпен бір қалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар; әртүрлі заттарды (құрал-сайман, қару-жарақ, киім т.б.) сәулет өнерінде сәндеу үшін қолданады.

«Ою» деген сөзбен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетін ойып, бедер түсіру деген мағына береді. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық ою, бедер, бейнені күйдіріп, жалатып, бояп, бастырып, қалыптан істеген көркемдік түрлерді, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Ою-өрнек – адам өнеріне қажетті заттарды, бұйымдарды, сәулет өнерін безендіруде, халықтың тыныс-тіршілігін, қоршаған ортаға көзқарасын, одан алған эмоционалдық эстетикалық әсерін әсем талғаммен өзара үйлесімділікте бейнені жеткізуге ықпал ететін нақыштар.

Қазақ халқының күнделікті тұрмысында қолданатын әртүрлі бұйымдардың барлығы ою-өрнекпен әшекейленеді. Ою-өрнек сан алуан композицияда қолданады. Бейнелеу мәнерінде ою халқымыздың қоршаған ортаға деген эстетикалық талғамын көрсетеді. Бұл өнер түрі арқылы ежелден ата-бабамыз келер ұрпаққа өздерінің дүниетанымын қолөнер бұйымдарында бейнелеп қалдырған. Осы дәстүр өнердің негізінде дүниеге, қоршаған ортаға деген эстетикалық көзқарасты философиялық ұғыммен толықтырады.

Мамандар қазақтың ою-өрнектерін мынандай топтарға бөліп қарастырады:

1. Көгеніс (өсімдіктер әлемі) ою-өрнектері;
2. Зооморфтық ою-өрнек (жан-жануарларға байланысты);
3. Космогониялық ою-өрнек(аспан денелері, геометриялық сызықтар мен бұрыштар).

Өнер мен табиғатты ұштастырған көшпелілер «арпабас», «бағанернек», "жауқазын», «жапырақ», «қоза», «төрткүл». «үшкүл», «шыныгүл», «түйетабан», суға байланысты «су», «суөрнегі», «ирек», «тасқын», «арық» ою элементтерін ойлап тапты.

Көшпелі өзіне пана болған табиғат сыйын, яғни, тауды да назарынан тыс қалдырмаған. Тау – ерліктің, ұлылықтың, күш-құдіреттің символы. Тау – киелі. Сондықтан да қариялар жас ұрпаққа өз ризашылығын білдіргенде «таудай бол'« - деп жатады.

Халық арасында «Тәңірінің құдіретін көрем десең тауға бар» деген сез бекер туындамаған сияқты. Адамнан бастап аң-құсқа дейін пана болған асқар тауды ою-өрнекпен байланыстырған шебер халқымыз, «тау оюымен» қолөнер бұйымдарын жиектеген. «Тау оюы» – көбінесе ер адамдардың киімдерінде жарасымдылық тапқан.

Ою-өрнектің негізгі бөлігі аң, құс, жануарларға қатысты туындағаны белгілі. Көшпелілердің негізгі кәсібі мал шаруашылығы. Аң, жануарлардың терісі мен жүні – киім, еті – тамақ, сүті – сусын, мінсе – көлік болған. Малға, малдың дене мүшелеріне байланысты көптеген ою элементтері пайда болды. Олар: «тасқын», «арық», «ирек», «су», «қошқармүйіз», «сыңармүйіз», «қосмүйіз», «тақмүйіз», «тікмүйіз», «бұғыммүйіз», «құсқанат», «қанатты ою»;»қарғатұяқ», «иттабан», «қырықтырнақ», «балықкөз», «итқұйрық», «түйетабан», «ботагөз», «атбас». «тайтұяқ». «ашатұяқ»т.б. Мал бақ – береке, молшылық көзі. **Малды адамдай көріп, күтіп-баптап, онымен тілдескен ата-бабаларымыз ішкі рухани сезімдерін ою-өрнек арқылы бейнеледі.** Оған «қошқармүйіз», «мүйіз оюы», «омыртқа», «қосмүйіз» оюлары толық дәлел бола алады. Мүйіз ою-өрнегінің түрлері мен атаулары өте көп. Бұл элементтерді шеберлер бұйымдарында ықшамдап түрлі композицияда жасаған. Ежелден көшпелілер жүннен киіз бұйымдарын жасағанда «мүйіз» ою-өрнектердің түрлерін әртүрлі мәнерде қолданған. Егер киіз бұйымдарына негізінен ірі «мүйіз» ою элементтерін салса, ал зергерлік, кестешілік, ағаш, сүйек, мүйіз сияқты салаларда қолданыс тапқан.

Көшпелілер сырмақ сыру, киіз басудан басқа, жүн киім-кешек дайындауда кең қолданған. Жүн экологиялық таза шикізат, оның адам денсаулығына пайдасының мол екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Анықтап қарасақ, қойдың, ешкінің, түйенің жүнінен тоқылған киімдер әрі жылы, әрі жұмсақ және жеңіл болатыны даусыз. Бүгінгі күні заман талабына сай жүннен жасалатын әртүрлі әдемі киім үлгілері көбеюде. Оларға деген сұраныс та жетерлік. Бұл юиімдерді жасауға кәсіпкерлер көп жағдайда жасанды бояулар мен жасанды жіптер қолданады. Мұндай заттардан жасалған киімдердің бояу қанық болғанымен адам денсаулығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан адамдардың күнделікті киетін киімдеріне экологиялық таза табиғи заттар қолдануы тиіс.

Қолөнер бұйымдарын жасауға қолданатын екінші бір шикізат түрі – бұл ағаш болып табылады. Адам тіршілігінде ағаштың алар орны ерекше. Адамға пана қолына қару болып қызметін бастаған ағаш, бүгінде тұрмыс-

тіршіліктің барлық саласында, оның ішінде қолөнер саласында да қолданады. Қазақтың киіз үйінің сүйегі негізінен ағаштан жасалған. Ағаштан жасалған қолөнер бұйымдарына: кебеже, сандық, жүкаяқ, ағаш төсек, асадал, жастық ағаш т.б. жатады. Ағаш шеберлері бұйымды жасаудан бұрын оларды қасиетіне қарай, іріктеп алады. Салмағы жеңіл, жонуға көнгіш болғандықтан ерді, күйменің төс ағашын қайыңнан, ал ірі ағашын сақылдақ әрі берік келетін мойылдан, су сіңірмейтін, суға ісінбейтін ағаштан науа мен астауды малға арнап жасайтын болған. Ағаштар қасиеттеріне қарай мықты, қатты, су сіңбейтін, иілгіш, бояу сіңгіш, желім ұстағыш, болып бөлінеді. Қолөнер шеберлері ағаштан ойып жасаған заттарды бояу және өрнектеу арқылы әр беріп отырған.

Қолөнер бұйымдарын ерекше көріктендіріп тұрғаны бояу болып табылады. Ою-өрнек пен бояу түрлерін белгілі бір үндестікте қолдана білудің өзі сол затқа ерекше мән беріп тұрғандай. Халқымыз бояу түстерін де табиғатпен байланыстырып отырған. Көк түсті аспанмен сәйкестендірсе, қызыл түс – отпен, қара түс – жермен, ал жасыл түсті – жастықпен, көктеммен байланыстырған. Қолөнер шеберлері өз жасаған туындыларын әшекейлеу үшін ежелде көбінесе табиғи түстерді қолданған. Қынаны, жосаны (охра), әртүрлі минералдар мен өсімдік жемістерінің шырынын кең қолданған. Арнайы әдіспен алынып, боялған бұйымдар бірнеше жылдар бойы өз түсін жақсы сақтаған. Қазіргі кезде химияның көмегімен бояуда сан-алуан түрлерге толығы түскен. Эстетикалық талапқа сай болғанымен, олар адам ағзасына, қоршаған ортаға зиянды әсер етуде.

Көріп отырғанымыздай, заман талабына сай жауап іздеп жүріп, түп қазығы – табиғаттан алыстап бара жатқандаймыз. Жасанды нәрселермен қоршаған ортаны да ластап жібердік. Өнерге арқау болған тамылжыған табиғат бейнесі тозып барады.

Бүгінде табиғат пен адамзат арасындағы бұзылған тепе-теңдікті қалпына келтіру үшін біз ата-бабаның сара жолына, яғни адамгершілік, ізгілік жолына оралуымыз қажет-ақ. Осы жолда бізге бағыт сілтеуші де көшпелі халық қалыптастырып кеткен ізгілікті өмір сыйы. өнері, салт-дәстүрі, тыйымдары мен ырымдары. Бірақ, қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі табиғатты қорғауға бағытталған салт-дәстүрлер, өнер туындылары өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ата-баба мұрасын терең зерттеп, жанашырлықпен қарап, астарына терең үңіліп бүгінгі қолданысқа енгізуіміз керек. Біздің заманымызда орын алған экологиялық дағдарыстың тоқтауына әсер ете алмаса да, өзіміз өмір сүрген қортшаған ортаны терең түсінуге мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1. Өнерді насихаттаудағы халық мақал-мәтелдерінің маңызы қандай?
2. Қазақ халқының мәдениеті мен өнерінің дамуы.
3. Қазақстандағы тарихи ескі ескерткіштер және тарихи мұралар, олардың қазіргі жағдайы туралы не білесіз?
4. Көне ескерткіштер мен тарихи мұралардың тәрбиелік мәні неде?

5. Маңғыстау өңіріндегі тарихи мұралар жайлы әңгімелеп беріңіз.
6. Сәулет өнері мен бейнелеу өнерінің дамуы туралы тоқталыңыз.
7. Көне ескерткіштер мен тарихи мұралардың тәрбиелік мәні.
8. Сәулет өнері мен қолөнерінің дамуы.
9. Ұлттық ою-өрнектер түрлері және әр шебердің өзіндік қолтаңбасы.
10. Өнердің тылсым сырын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыруы.
11. Халық өнері түрлері және өнерпаздық дәстүрлері.

7-дәрісбаян

Тақырыбы: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКА ӨНЕРІ

Музыкалық шығармашылық қазақ отбасында тәрбие мақсатында кеңінен пайдаланылған. Олар балалар мен жастардың ақыл-ойына, зерде-сезіміне әсер етіп, музыкалық-эстетикалық тұрғыдан дамытқан. Қазақ халқының ән шығармашылығының жанры сан алуан.

1) Отбасылық-тұрмыстық әндер: шілдехана, туған күн, бесік жыры, тұсау кесу сияқты елеулі сәттерге арналған әндер жатады. Бұндай өлеңдерде ата-аналардың балаға деген сүйіспеншілігі, оның тағдырына деген жауапкершілігі, бала туралы терең ой толғаныстары ашып көрсетіліп, мейірімді, ақылды азамат болуға, өз халқының лайықты қорғаны, батыры, ең бастысы – бала кім болмасын, адам болуды қалаған үміті, тілегі айтылады.

Мысалы: «Бесік жыры»

Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?

«Тұсау кесу» - тұсау кесуші әйел жүре бастаған баланың аяғына ала жеппен тұсау салып жатып:

Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауыңды кесейін, -

деп, әндете отырып, тұсау жіпті қайшымен қияды.

2) Әдет-ғұрыптық әндер: тойбастар, жар-жар, беташар, сыңсу, жоқтау әндері жатады.

Тойбастар әнімен үйлену тойының басталатынын, күйеу жігітті, қалыңдықты, жалпы той иелерін мадақтап, игі тілектер айтып хабарлайды.

Жар-жар – ұзатылатын қыз тойында қыз-жігіттер тобы кететін қыздың көңілін аулау, бара жатқан жағында да осындай жақсы жайлар

болатынын өлеңменен айтылады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты, абыройлы, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мысалы:

Алып келген базардан,
Қара насыр жар-жар-ау,
Қара мақпал сәукеле
Шашың басар жар-жар-ау. (13-бет, «Жеті қазына»)

Беташар – жаңа түскен келінді беташар рәсімі жасалмай ешкім көре алмайды. Беташар жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар көрімдік береді.

Келін келді, көріңіз,
Көрімдігін беріңіз,
Анау-мынау деменіз,

Түсін айтып қойыңыз, - деп әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл-қалжыңдарын араластыра отырып көрімдік сұрайды.

Сыңсу – ұзатылып бара жатқан қыздың өз еркімен бармай, әкешешесінің ұйғаруымен, өзіне тең емес адамға немесе жасы өзінен үлкен бай адамға әйел үстіне тоқалдыққа баруымен байланысты болған:

Заманым өтті басымнан,
Дәуренім кетті басымнан.
Айналайын, ел-жұртым,
Не болар менің заманым?

Жоқтау – өлген адамның әйелі ері қайтыс болған күннен бастап басына қара жамылып адамның әйелі ері қайтыс болған күннен бастап басына қара жамылады. Әйелі, қыздары, апа-қарындастары жыл бойы күн сайын таңертең ерте тұрып, беттерін керегенің бетіне қаратып, 1-2 сағат бойы дауыс салып жоқтау айтатын болған. Жоқтау өлеңде өлген адамның ел-жұрты, ағайын-туысқа тигізген пайдасы, қамқорлығы, ерлігі, кісілігі туралы айтылады.

Құрама жиып ел қылып,
Қосын таза сақтаған.
Тілі шайпау тентегін
Ақылымен тоқтатқан.
Елдің қамын ойлаған.

3) Еңбек әндері арқылы халық балалар мен жастарды еңбектің түрлерімен, еңбек әрекеттерімен таныстырады, халықтың ауыр тұрмысын суреттейді, еңбектің өмірдегі қажеттілігін ашып көрсетеді.

4) Лирикалық әндер арқылы ғашық жандардың толқыныс сезімдерімен, нәзік сұлулығымен таныстырады. Әлеуметтік-экономикалық теңсіздік салдарынан бір-біріне қосыла алмаған екі жастың қайғы-мұңын шертіп, жеке бастың күйініш-сүйінішін көрсетіп, туған жердің сұлу табиғатын бейнелейді. Мысалы: «Япыр-ай» әнінің мәнерлі музыкалық және поэтикалық бейнесінде табиғаттың сұлу көрінісі мен адамның рухани көңілі байланыс тауып жатса, «Гауһартас» әнінде сүйген жардың ажары

таңғы шолпан жұлдызға теңеледі, үстіндегі киген киімі, әсерлі жүріс-тұрысы, бойындағы асыл бұйымдары салыстырмалы түрде суреттеледі.

5) Тарихи әндер – балалар мен жастарды халық өміріндегі сан қилы тарихи оқиғалармен таныстырып, ел басына күн туған кезде толарсақтан қан кешкен батырларға құрметпен қарауға тәрбиелеп, әділдік пен адалдыққа үндеп отырған. Мысалы: «Исатай», «Елім-ай» т.б. әндер.

Қазақтың музыкалық шығармаларының күрделі бір саласы – күй.

Қазақ халқының күйшілік мектептерінің зерттелу жайы мен күйшілік дәстүр жүйесі

Күйлерде қазақ халқының басынан кешірген қасірет-тауқыметі, тарихи оқиғалары, туып-өскен жердің табиғаты, күнделікті тіршілік қарекетінің түрлі жақтары, қоғамдық өмір құбылыстарына және өнерге деген көзқарасы бейнеленеді. Қазақ халқының күйшілік өнері өзінің дәстүрлік ерекшелігіне, орындау мәнеріне, қағыс тәсілдері мен түрлеріне қарай негізінен екі үлкен мектепке жатады. Бұлар **төкпе күй** және **шерпе күй** деген атпен белгілі.

Түркі тектес байырғы көшпенділер жасаған өзгеше бітімді өркениеттің тікелей мұрагері, өткен ғасырдың басына дейін негізінен, көшпенділік өмір салтын ұстанған, кейін тіршілік ыңғайы өзгерсе де, рухани қалыбын сақтап қалған қазақ халқының ең сұлу, сырлы мұрасы – сан-салалы, көп жанрлы дәстүрлі музыкасы.

Күй – халқымыздың сол ұланғайыр музыкалық қазынасының ең бір мол саласы, құрылымы, мазмұны, басқа да көп сипаттары жөнінен кемел дамып, биік өреге жеткен жанрларының бірі.

«Күй» сөзі түркі халықтарының біразында этномузыкалық термин ретінде пайдаланылады. Түпкі, төркін мағынасы «хал, жағдай, көңіл ауаны» сияқты психо-эмоциялық ұғымды білдіреді. Осы атаудың өзінен-ақ күйдің табиғатына жан толқынысының әуендік баламасы іспетті айқын психологизм тән екендігін аңғарамыз. Әлбетте, бұл күй жанрының өзге сипатын: баяндаушылық, суреттеушілік, кейіптеушілік қасиетін жоққа шығармаса керек. Жинақтай айтқанда, күй – құрылымы жағынан шағын болғанмен, мазмұны терең, ойлы, сырлы, әуендік бітімі күрделі, музыкалық формасы кемел, жанрлық заңдылық, белгілері әбден тәптіштелген аспаптық пьеса.

Күйдің қай заманнан бері тартылып келе жатқандығының нақты дерегі жоқ. Бірқатар зерттеушілер күй бағзының бағзысында, әзелгі ғұн, түркі дәуірінде пайда болған деп пайымдайды. Ал орта ғасырларда Қарақорым мен Еділ дария арасын жайлаған жалпақ жұртқа жаппай түсінікті, етене музыка тіліне айналған сияқты деген де пікір бар. Біраз күйлердің тақырыбы, лексикасынан, пішін-құрылымынан, күймен егіздете баяндалатын аңызынан архаикалық сипат, ислам дініне дейінгі наным-сенімнің табы байқалуы осы тұжырымға дәйек бола алса керек.

Күйлер негізінен, үш аспапта – домбыра, қобыз, сыбызғыда орындалған. Соның ішінде, дәстүрлі қазақ музыкасының мейлінше кең

таралған және аса биік профессионалдық өреге жеткен саласы – домбыра күйлері.

Домбыра – қос ішекті құдірет. Домбыра – қазақтың жаны. Бұл аспапта «Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен» өткен халықтың тарихы тұнып жатыр. Ол ұлтымыздың болмысына куә болған әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне тіл бітіре алады. Осы құндылықтарымыздың сақталуына да септігін тигізіп келеді.

Домбыра – тым ертеде пайда болып, уақыт озған сайын түрленіп, дамып отырған, екі ішекті, шертпелі хордофон типіндегі аспап. Осы үлгідегі және атауы да, көп ретте, осы «домбыра» сөзіне ұқсас аспаптар татар, башқұрт, өзбек, алтай, қырғыз, түрікпен, мұңғыл, қалмақ, тәжік халықтарында да сақталған (думбыра, думбара, думбрак, домбр, комуз, т.с.с.). Типологиялық және лексикалық ұқсастық аталмыш музыка аспабының әлмисақтан мәшһүр екендігінің және Орталық Азия халықтарына түгелдей дерлік табиғи болғандығының дәлелі ретінде де айтылады. Ал қазақ домбырасы – жұмсақ, қоңыр үнімен ерекшеленетін, дыбыстық диапазоны 1,5 октавадан 2 октаваға дейін жететін, мүмкіндігі мол, сонымен қатар ел-жер, орындаушылық дәстүр ыңғайына қарай сыртқы пішіні де сан түрлі болып келетін, заманында әр қазақтың дерлік үйінің төрінде тұрған аспап. Өйткені, домбыра – ұлттық болмысымызды айқындап, рухымызға рух қосады.

Осыншама кең таралғандығы себепті, қазақтың дәстүрлі әндері түгелге жуық домбыраның сүйемелімен айтылады. Алайда, домбыра аспабының тембрлік, диапазондық мүмкіндіктерін шегіне жеткізе ашқан жанр – көне ықылымдарда қалыптасып, XIX ғасырда өз дамуының шырқау шыңына көтерілген күй жанры еді. Күй – қазақтың музыкалық шығармаларының күрделі бір саласы.

Күйлерде қазақ халқының басынан кешірген қасірет-тауқыметі, тарихи оқиғалары, туып-өскен жердің табиғаты, күнделікті тіршілік қарекетінің түрлі жақтары, қоғамдық өмір құбылыстарына және өнерге деген көзқарасы бейнеленеді.

Қазақ халқының күйшілік өнері Сахара аймақтарының тарихи, мәдени және жағырафиялық ерекшелігіне, аспапта орындалу техникасына байланысты, қазақтың домбырашылық, күйшілік өнерінде жеті түрлі орындаушылық дәстүр мен мектептер қалыптасты.

Бұл дәстүрлі мектептер Шығыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Маңғыстау, Батыс мектептері деп аталады. Қазақтың домбыра күйлері өзінің дәстүрлік ерекшелігіне, орындау мәнеріне, орындаушылық ерекшелігіне, қағыс тәсілдері мен түрлеріне қарай, күйдің құрылымына байланысты негізінен екі үлкен мектепке жатады. Бұлар төкпе күй және шерпе күй деп жіктеледі.

Біз «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» жинағына енген күйшілік мектептердің ретін архаикалық сипатымен ерекшеленетін шығыс күйшілік дәстүрін талдадық. «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» жобасына халқымыздың

ұлы мұрасы еніп отыр. Сол жобаға енген күйлердің сарапталуы мен жіктелуіне тоқталсақ.

1. Шығыс өңірінің күйшілік дәстүрі.

Аймақтық жағынан кең ауқымды қамтиды. Өйткені Шығыс Қазақстан (Семей, Шыңғыстау, Шұбартау, Аягөз, Тарбағатай), Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, сонымен қатар, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы қазақтарының күй мұралары осы дәстүрге жатады. Бұл өңірдегі, негізінен, архаикалық үлгідегі аңыз-күйлерден тұратын күйшілік, домбырашылық өнердің тамыры тереңнен бастау алады. Әсіресе, теріс бұрауда (квинта) тартылатын «Шыңырау», «Таукүдірет», «Ақсақ марал», «Ақсақ қыз», «Ақсақ аю», «Бұлғын-сусар», «Балжынгер», «Сұрмерген» сияқты күйлер – аңыз-әңгімелерімен астасып жатқан көне жәдігерлер. Шығыс Қазақстан домбыра күйлерінің «Сары өзен», «Беласар», «Қорамжан», «Ащы күй» сынды тағы бір бөлігі – қазақ пен қалмақ шапқыншылығы дәуірінен көрініс беретін тарихи шығармалар. Ал «Салкүрең», «Телқоңыр», т.б. халық күйлері – өте ерте замандардан жеткен туындылар.

Қазақ халқының тарихындағы ең елеулі тұлғалардың бірі – Кетбұға күйші. Қаһарлы Шыңғыс хан заманында өмір сүрген Кетбұғаның ержүрек батыр, ақылгөй би, дәулескер күйші ретінде есімі белгілі. Осы жинаққа енген «Кетбұғаның күйі» («Қара ала белдік мойнымда, сауға, Шыңғыс, сауға») сол дәуірлерден жеткен тарихи туындылардың бірі.

Шығыс күйшілік дәстүріндегі ең ірі тұлға – қазақ күй өнерінің, оның ішінде шертпе күй саласының дамып, көркеюіне көп үлес қосқан Байжігіт күйші. Абылай хан заманында өмір сүрген күйшінің жоңғар шапқыншылығы кезеңіне арналған күйлерін белгілі жазушы, тарихшы М.Мағауин қилы кезең симфониясы, тайғақ кешулі жаугершілік заманның музыкалық шежіресіне теңейді. Жаугершілік заман тынысы ғана емес, бейбіт тұрмыс лебізі де сезілетін Байжігіт күйлерінің тақырыбы әр алуан. Оның «Көкбалақ», «Қайың сауған», «Шанды жорық» сияқты күйлерінен жаугершілік заманның елесі көрініс берсе, «Ерке атан» күйі мұнды тарихымен есте қалады. Семей өңірінің Шұбартау ауданының шегіндегі Бақанас, Балқыбек, Көксала өзендерінің бойында өмір сүрген күйші мұрасы Шұбартау, Аягөз өңірінде сақталған. Біздің заманымызға Байжігіт мұрасының дені Жүнісбай домбырашы арқылы жетті. Байжігіт күйлерін жаздырып, насихаттап жүрген бүгінгі орындаушысы – домбырашы Таласбек Әсемқұлов.

Шығыс күйшілік дәстүрінің бір тармағы – Шыңжаң өлкесіндегі Алтай, Тарбағатай, Іле күйшілік мектептері. Алтай аймағында қалыптасқан күйшілік мектептің көрнекті тұлғаларының бірі Бейсенбі Дөненбайұлы күйлерінің тақырыбы сан түрлі. Бежең (ел арасында осылай атаған) туындылары Қытай Халық Республикасының Алтай аймағында, Моңғолияның Баян-Өлгий өлкесінде және Қазақстанның шығыс өңірінде кеңінен тараған. Бейсенбі күйлері осы жинаққа Уәли Бекенов, Ғабдылхак

Барлықов, Тайыр Белгібайұлы, Тұрсын Кәдейұлы сынды майталман домбырашылардың орындауында алынып отыр.

Сонымен қатар, жинаққа Алтай аймағында өмір сүрген Мүкей, Шақабай Шалап, Тайыр Белгібайұлы сияқты күйшілердің туындылары енгізілген.

Тарбағатай өңірінде өмір сүрген күйшілердің ішіндегі айтулы тұлға – Қайрақбай Шәлекенұлы домбырашылығымен қатар, сыбызғышы да болған. Қайрақбайдың күйлері баласы Әнжан арқылы жеткен. Әнжанның баласы Заманбек заманында дәулескер күйші болыпты. Қайрақбайдың күйлерін Заманбектен Жұмажан дейтін домбырашы үйреніп, кейінгіге жалғаған. Бұл жинаққа Қайрақбай күйлері Кәсімбай Құсайынұлы, Мұқаш Таңғытұлы сынды күйшілердің орындауында ұсынылып отыр. Сол сияқты Тарбағатай өңірінде болған Бәзғалам, Бейісбай, Масығұт, Кәсімбай Құсайынұлы, Қизат Сейітқазин, Қазен Әбуғазыұлының күйлері де жоғарыда аталған жинақтан орын алған.

Шығыс күйшілік дәстүрінің бір бөлігі – Шыңжаң өлкесінің Іле аймағындағы домбырашылық дәстүр. Іле өңіріндегі күйшілік мектептің ірі өкілі – Әшім Дүңшіұлы. Арыдағы Қызылмойын Қуандық, берідегі Мазақ, Тілеміс, Тергеусізден бастап өз заманына дейінгі күйшілердің мұраларын үйреніп, ел ішіндегі ғасырлар бойы тартылып келе жатқан әуендерді меңгерген Әшім күй шерттіп, күй шығарумен бірге, ел аузындағы, халық арасындағы күй аңыздарын жинақтап, жүйелеп тартқан өнерпаз, сондықтан болар, оның күйлерінің біразы («Самұрықтың зары», «Желмаяның желісі», «Бөктергі», «Қос келіншек», т.б.) ертедегі аңыз-әңгімелерге құрылған. Күйші шығармашылығында елеулі орын алатын – кеңес тақырыбындағы күйлер. Әшім заманында кеңестен жеті бұтақ күй шығарып шерткен. «Алтын бармақ» атанған Әшім күйлерінің басым көпшілігі майталман домбырашы Камал Мақайұлы арқылы жетіп отыр. Сонымен қоса, Мазақ, Тілеміс, Әтіхан, Әбеуғали, Әліпбек тәрізді ілелік күйшілердің мұралары да тыңдарман қауымға алғаш рет ұсынылып отыр.

2. Жетісу күйшілік дәстүрі.

Бұл өңірдің де аспаптық музыкасы қаншалықты қызықты, әрі стильге бай болғанмен, осы күнге дейін түбегейлі зерттеу нысанасынан тыс қалып келеді. Жетісу дәстүрі Шығыс күйшілік дәстүрімен өзектес. Жер жағдайы ұқсас, Алтай мен Алатау аралығында үзілмей, іркес-тіркес жалғасқан тау сауырын қоныстанған елдің мәдени кеңістігі ортақ болғандығы байқалады.

Еліміздің Жетісу өлкесінде ертедегі аңыз күйлермен қатар авторлары ұмыт болып, ел арасында сақталып қалған халық күйлері молынан кездеседі. Мысалы: «Аққу», «Аққудың зары», «Жеті атан – ерке атан», «Мұңлық-Зарлық», «Жетім қыз», «Жетім бала», «Жиренше шешен», «Тепеңкөк», «Шұбар киік», «Ақсақ қыз» сияқты көне күйлер ерте дәуірлерден сыр шертеді. Тамырын тереңнен тартатын Жетісу күйшілік өнерінде, бертін келе, үлкен екі мектептің қалыптасқандығын байқаймыз. Бұл мектептер дәулескер күйші-композиторлар– Байсерке Құлышұлы және

Қожеке Назарұлы есімдерімен тығыз байланысты. Қожабек, Сатқынбай, Қатшыбай, Темірбек Ахметов арқылы бүгінге жалғасып келген Байсерке күйшінің көп мұрасынан, өкінішке қарай, кезінде жинақталып, жазылып алынбағандықтан, көз жазып қалып отырмыз. Осы бір ұлан-ғайыр күйшілік мектептің жұқанасындай болып жинаққа Байсеркенің «Ұран күй», «Толқытатын күй» деп аталатын туындылары ғана енді. Жетісу күйшілік өнеріне тоқталып, Байсерке күйшінің шығармашылығына қатысты «Ғасырлар пернесі» еңбегінде алғаш А.Жұбанов сөз қозғаған болатын.

Жетісу өңіріндегі тағы бір оқшау көзге түсетін мектеп – Шыңжаң өлкесі күйшілік дәстүрімен сабақтас, Қожеке Назарұлы бастаған домбырашылық үрдіс. Қожеке күйші Жетісудың төрі Қарқара жайлауында дүниеге келген. Қожекенің өмір сүрген заманы аумалы-төкпелі қиын кезеңге тұспа-тұс келді. Ресей империясының қазақ елін отарлау саясатына бағынбаған Қожеке тағдыр тауқыметімен Қытай асып кетеді. Ол жақта да қиын өмірді бастан кешіп, ақырында озбыр заманның саяси құрбаны болған Күйші мұрасы бүгінге өзінің ұрпақтары ұлы Рақыш, немерелері Шания мен Тұрсынғазы, Ясын, жиені Орынбек арқылы жетті. Жетісу күйлерін зерттеуші, күйші Б.Мүптекеев Қожеке күйлерін тақырыптық мазмұн жағынан бірнеше топқа жіктейді:

а) ежелгі жыр, аңыз, шежіре, ертегі сюжетіне құрылған күйлері («Мұңлық-Зарлық», «Қамбархан», «Жиренше шешен»);

ә) табиғат тыныс-тіршілігіне байланысты күйлері («Ағарсынның ақ толқыны», «Сарбарпы бұлбұл», «Сайрам көл»);

б) жеке бастың көңіл ауанына қатысты туған күйлері («Кертолғау», «Күй шақыртқы», «Сағыныш», «Шалқайма», «Нұрғазарын»).

Жинаққа Қожеке, Сыбанқұл мектептерінің өкілдерімен қатар, Бөлтірік, Қосдәулет, Омархан Керімқұлов, Елемес Таласбай сынды күйшілердің, Тіленді, Шортанбай сияқты Жетісу өлкесінде өмір сүрген белгілі тұлғалардың шығармалары да қосылған.

3. Арқа күйшілік дәстүрі.

Қазақстанның шығыс, солтүстік, орталық аймақтарын алып жатқан байтақ өңірдің атымен аталатын Арқа күйшілік мектебінің ең көрнекті тұлғасы, күйші-композитор, шертпе күй мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық аспаптық музыка өнерінің классигі – Тәттімбет Қазанғапұлы.

Шертпе күй саласында екі ішекті алма-кезек даралап қағу, бір ішекті бойлай шерту әдістерін көбірек қолданып, бұл тарапта жаңашыл бағыт, оқшау мектеп қалыптастырған Тәттімбет күйлерін терең ойға, философиялық толғамға толы шертпе күйлердің үздік үлгісі деуге болады. Небары 45 жас қана ғұмырында өшпестей мұра қалдырған, қазақтың күй өнерін жаңа саз, соны өрнектермен байытып, түрлі тақырыпты қамтитын 40-тан аса күй шығарған Тәттімбеттің философиялық ой-толғамдарға құрылған «Қосбасар» (9 нұсқасы), «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Бес төре» (I, II түрі), махаббат сырын шерткен «Сылқылдақ», «Көш жанаған»,

«Балбырауын», тарихи оқиғаларға арналған «Айдос», «Алшағыр», «Азамат қожа», «Бозайғыр», т.б. күйлерін үйреніп, кейінгіге жалғастырған – өз інісі Жақсымбет, балалары Мұсатай, Исатай болған.

Тәттімбет күйлерінің басым көпшілігі белгілі күйші, домбырашы Әбікен Хасенов арқылы жетті. Тәттімбеттің күйшілік дәстүрін жалғастырушылардың бірі Аққыз (Мүгілсін Ахметқызы) – домбырашы, әнші. Күйшілік өнерімен қатар, әншілікті де меңгерген. Тәттімбеттің «Қосбасар», «Саржайлау», «Сылқылдақ», «Бестөре», Тоқаның, Саймақтың күйлерін шебер орындаған.

Сонымен бірге, ұлы күйші мұрасын Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев, Уәли Бекенов, Мағауия Хамзин сияқты саңлақ өнерпаздар да кеңінен насихаттады.

Ұлттық музыка өнеріндегі Тәттімбет бастаған жаңа дәстүрді оған ілесе шыққан Тоқа, Әбди, Сембек, Қыздарбек сынды күйшілердің өзінше жалғастыруы да – заңды құбылыс. Тәттімбет тәлімі дегенде, ауызға ең әуелі әйгілі Тоқа Шоңманұлының есімі ілігеді. Ел іші оны шыққан руына байланысты «Сайдалы сары Тоқа» атап кеткен. Тәттімбеттен он бес жас кіші Тоқа, ұлы күйшімен өнерде үзеңгілес жолдас бола жүріп, одан күйшілік өнердің қилы тағылымын меңгерген. Өзінің біліп, үйренгенін Тоқа айналасындағы ізбасарлары Қыздарбек, Әбди, Баубектерге табыстап отырған. Бұлардың барлығы дерлік Тәттімбеттің ізімен «Қосбасарлар» циклын жалғастырды. Қыздарбектің «Өткінші», «Мұң» қосбасарлары – шертпе күй мектебінің ең бір сыршыл, мұңшыл шығармалары. Бұл күйшілердің Кеңес дәуіріне тірі жеткендері көп қуғын-сүргін көрді, Әбди мен Сембек 30-жылдары атылып кетті. Күйлері көпке дейін жұрт назарына ұсынылмай, шетқақпай болып келді. Олардың мұрасын бүгінге жеткізушілер – Әпике Әбенова, Дәулетбек Сәдуақасұлы, Манарбек Сағымбеков, Орал Исатаев сынды күйші-домбырашылар.

Табиғаттың бұла бір сәтін күй арқылы жеріне жеткізіп суреттеген Арқаның тылсым күйшілерінің бірі – Әшімтай еді. Оның соңында қалған бір ғана күй «Қоңыр қаз» деп аталады. Атақты Дайрабайдың да күйлерінің көбісі бүгінге жетпеген. Бұл екі күйшінің туындыларын елге табыстаған – әйгілі күйші Мағауия Хамзин.

4. Қаратау күйшілік дәстүрі.

Қаратау күйшілік мектебіндегі негізгі тұлға – Сүгір Әлиұлы. Шертпе күй шебері, қазақтың аспаптық өнерінде өшпес із қалдырған Сүгір өзіне дейінгі Тәттімбет Тоқа, күйлерін жете меңгере отырып, түр, мазмұн, көркемдік жағынан байытып, дамыта түсті. Әйгілі қобызшы Ықылас Дүкенұлын өзіне ұстаз тұтқан Сүгірдің қобыз сазын домбыра күйімен қабыстыра білуі үлкен жаңашылдық болды, қобыздағы мұнды әуеннің Сүгір күйлерінде домбырамен астасуы күйшілік дәстүрге өзгеше рең берді. Ол өмір сүрген өңір – қарт Қаратау, көне Отырар, қасиетті Түркістан аймағы – тоғыз жолдың торабы, түрлі мәдениеттің тоғысқан жері. Сондықтан қазақ музыкасындағы озық жетістіктерді бойына жинаған Сүгір шығармаларында Арқа, Жетісу, Алтай-Тарбағатай, Батыс әуен-

саздарының кездесуі кездейсоқ құбылыс емес. Оның күйлері мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекше. «Шалқыма», «Ілме», «Бес жорға» (5 тараудан тұрады), «Қаратау шертпесі», «Жолаушының жолды қоңыры» (2 тарау), т.б. туындыларының қай-қайсысын алсақ та, кемеліне келген көркемдік, мүлтіксіз жаңашылдығымен, соны сипатымен оқшау тұрады. Сүгір күйлерін алғаш республика жұртшылығына танытқан дарынды өнерпаз, қобызшы әрі домбырашы Жаппас Қаламбаев болды. Сүгірдің «Кертолғау», «Ілме», «Шалқыма», «Ыңғайтөк», «Аққу», т.б. күйлері Ж.Қаламбаевтың орындауында қайталанбас өрнегін тауып, қазақ музыкасының алтын қорында мәңгі сақталып қалды.

Сүгір күйлерін асқан шеберлікпен орындап жеткізушілер қатарында күйші, домбырашы Төлеген Момбековтің есімін айрықша атауға болады. Сүгірдің «Қосбасар», «Жолаушының жолды қоңыры» (2 тарау), «Бес жорға», «Қаратау шертпесі», «Телқоңыр», «Шалқыма», «Бозінген» сияқты күйлерін өзіндік мәнерімен орындап, өз жанынан да көптеген күйлер шығарған Төлеген Момбеков – Сүгір мектебінің көрнекті өкілі. Антологиядан Сүгір, Бапыш, Төлеген, Жаппас, Боранқұл, Айкен сынды қаратаулық күйшілердің туындылары қомақты орын алды.

5. Сыр өңірінің күйшілік дәстүрі.

Сыр бойы күйлері көпке дейін қазақ музыкасы саласында аз зерттеліп, насихатталуы кемшіндеу болып келгенімен, соңғы кездері кеңінен қолға алына бастады. Белгілі жыршы, филология ғылымдарының кандидаты Б.Жүсіповтың «Жиделі Байсын күйлері» (Алматы, 2000) деген еңбегінде осы орындаушылық мектептің күйлері алғаш жинақталып жарық көруі де – сең қозғалуының бір көрінісі. Сырдың бойында ертеректе өткен Құрманай Төремұрат, Асан Көнек, Бекпенбет сынды күйшілердің мұралары көнеден көшкен керуендей жалғасын тауып келеді. Одан беріректе Сыр өңірінде өмір сүрген күйші-композиторлардың ішінде үш дәулескер күйшінің есімін атауға болады. Олар: Мырза Тоқтаболатұлы, Әлшекей Бекпенбетұлы, Досжан Құрақұлы. Сыр бойы күйшілік дәстүріндегі көрнекті тұлғалардың бірі Мырза Тоқтаболатұлының ғұмыр кешкен, музыкалық мұрасының молынан сақталған жері – Қызылорда облысының Қазалы өңірі. Бүгінгі күні Мырза күйшінің «Асанқайғы», «Бұғының күйі», «Баулы ешкі», «Алпыс екі Ақжелеңнің бауыр шешпесі», «Ташауыз» сияқты бітімі, құрылымы бөлек, композициялық жағынан оқшау тұрған жиырмадан астам күйлері белгілі болып отыр. Мырза күйлерінің басты ерекшелігі, көбінесе, транспозициялық формада құрылған. Күйдің өзі шағын 3 бөлімді шығарма іспеттес. Бұны «Жемнің ағыс күйі», «Ташауыз», «Бұғының күйі», т.б. күйлерден байқауға болады. Осындай құрылымдағы күйлер, көбіне, сағасыз болып келеді. Яғни, батыс күйлеріндегідей кіші, үлкен сағаларда үстіңгі ішектегі стереотип тартылмайды. Осы әдіс Сыр бойы күйлерінің көбіне тән.

Мырза күйлерін, сонымен қатар, Сыр бойында сақталған халық күйлерін, Құрманай Төремұрат, Жалдыбай күйшілер мұрасын шашау

шығармай, ерекше нақышпен орындап, насихаттаушы – қазалылық дүлдүл домбырашы Нәби Жәлімбетов.

Жоғарыда аттары аталған күйшілердің шығармаларымен қатар, осы антологияға Жалдыбай, Қобылаш, Исламбек Ысқақов, Жалғасбай Аралбаев, Төлеген Қаражанов, Мұзарап Жүсіпов тәрізді Сыр бойында өмір сүрген күйшілердің туындылары да енгізілген.

6. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрі.

Қазақтың күйшілік өнері өркен жайып, ерекше дамыған өлкелердің бірі – Батыс Қазақстан аймағы. Батыс күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдері Махамбет, Боғда, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Мәмен, Түркеш туындыларын қазақ өнерінің ғана емес, бүкіл түркі әлемі музыкасының жетістігі деп айтуға болады. Батыс күйшілік мектебінің қайнар көзінде күйші, әрі жырау, батыр бабамыз Махамбет тұр. Көнеден тамыр тартқан жыраулық дәстүр өкілі Махамбеттің күйлері айбынды жырларымен сарындас болып келеді. Ішкі Бөкей ордасында бүкіл ғұмырын өткізген Махамбет күйлерін сол Исатай бастап, өзі қостаған жорық жылдарының музыкалық портреті десе де болады.

Махамбеттің толғау жырларындағы тегеурінді сарындар осы мектептің теңдессіз тұлғасы Құрманғазы күйлеріне де жат емес. XVIII-XIX ғасырларда Бөкей ордасында аса күшті домбырашылық мектеп қалыптасты. Екі үлкен бағытта дамыған Бөкей күйшілік дәстүрі Құрманғазы, Дәулеткерей есімдерімен тығыз байланысты. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің ең көрнекті тұлғасы, күй атасы атанған Құрманғазы Сағырбайұлы – әлемдік өредегі алып композитор. Құрманғазының аса күрделі шығармашылығы дыбыстық бояуларының қанықтығымен, алапат тегеурін, ырғақтық иірімдерінің алуандығымен ерекшеленеді.

Құрманғазының күйшілік тұлғасын, жан дүниесін толық танытатын, қуатты оттай бұрқыраған «Сарыарқа», «Төремұрат», «Кішкентай», «Серпер», «Терісқақпай», «Балбырауын» сияқты күйлерінің әрқайсысы – қайталанбас, кесек туындылар. Құрманғазының күйшілік дарыны сан қырлы. Оның «Адай», «Төремұрат», «Терісқақпай», «Серпер» сияқты күйлерінен асқақ батырлық рух сезілсе, «Қайран шешем», «Аман бол, шешем, аман бол», «Айда, бұлбұл Айжан-ай», «Балқаймақ» сынды туындылары ой-толғам, сырлы сезім толғаныстарына құрылған.

Құрманғазы қалыптастырған күйшілік мектептің аса дарынды өкілі Дина Нұрпейісова – XIX ғасыр мен XX ғасыр дәстүрін біріктірген, сондай-ақ, Құрманғазы мектебінің жігерлі екпінін, Дәулеткерей дәстүрінің фәлсәфасын, ақсүйектік нәзіктігін терең меңгерген күйші. Оның шығармашылығында Құрманғазы дәстүрінде басталған жанрлық және тақырыптық жаңашылдықтар жалғасын тапты.

Осы дәстүрді алға апарушылар қатарында дүлдүл күйшілер Оқап Қабиғожин, Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаров, Төлеген Аршанов, Ғылман Қайрошев, Ғылман Әлжанов, Рысбай Ғабдиев, Әзидолла Есқалиев сияқты күйші-орындаушылардың есімдерін атауға болады. Жинақтағы

Батыс күйшілік дәстүріне арналған бөлімде әрқайсысы өз алдына бір төбе - Түркеш, Сейтек сияқты көптеген біртуар күйшілер шығармалары кеңінен орын алды.

Батыс күйшілік дәстүріндегі тағы да бір айтулы тұлға Дәулеткерей Шығайұлы – қазақ халқының күйшілік өнеріндегі айрықша тұлғалардың бірі. Дәулеткерей Шығайұлы – күйші, композитор, қазақ күй өнеріндегі лирикалық бағыттың негізін салушы. Болашақ күйшінің өмірге көзқарасын қалыптастыруда Исатай-Махамбет бастаған көтерілістің әсері зор болды. Орыс зиялыларымен араласуы, Ресейдің бірқатар қалаларында болуы, өзге халықтың тұрмыс-салтымен, мәдени мұраларымен танысуы Дәулеткерейдің дүниетанымын кеңейтіп, шабытын қанаттандыра түсті. Дәулеткерейдің өміріндегі маңызды кезең – оның 1869 жылы қазақтың ұлы күйшісі Құрманғазымен кездесуі болды. Дәулеткерейдің күйлері халық арасына кең тараған. Оның «Желдірме», «тартыс», «Ысқырма», «Қосалқа», «Көркем ханым» т.б. күйлері бар. Оның күйлерін насихаттап, біздің заманға жеткізген – күйші Сейтек Оразаұлы мен домбырашы Н.Бөкейханов.

Қазақ күйлерінің бір парасының тартылу мәнеріне және әуендік құрылымына байланысты ел арасында «төре күйлері», «төре тартыс», «төре қағыс» деген ұғым қалыптасқан. Оқшау дәстүр – төре тартысқа жататын күйлер лирикалық әуезділігімен ерекшеленеді, психологиялық терең сезімге құрылып, адамның жан дүниесіне терең бойлайды. Бұл қағыстың тағы бір ерекшелігі, ауқымы, шеңбері қысқа алынғандықтан, биязы, жұмсақ болып келеді. Батыс өңірінде «қара қағыс» немесе «тентек қағыс» деп аталған Құрманғазы дәстүріне мүлде ұқсамайтын өзгеше, оқшау мектеп, дара дәстүр қалыптастырып, әуендік тұрғыда сазды, сұлу күйлер қалдырған Дәулеткерейді А.Жұбанов: «Төре күйлерінің атасы», – дейді.

Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелең», «Құдаша», «Ысқырма» «Керілме», «Ақбала қыз», «Бұлбұл», «Көркем ханым» күйлері лирикалық әуені басым, сырлы сезімге толы болып келсе, «Топан», «Салық өлген», «Охота», «Шолтақ», «Жігер» қатарлы туындылары терең ойға, философиялық толғанысқа құрылған. Орда төңірегінде Баламайсаң, Мүсірәлі, Байжұма, Арынғазы сияқты дарынды күйші-домбырашылар болды. Ал Дәулеткерейдің ізін баса шыққан Әлікей, Түркеш, Салауаткерей, Сейтек сынды дәулескер күйшілер Дәулеткерей алтын дінгегі болған осы бір күйшілік мектептің орнығуына өз үлестерін қосты. Дәулеткерей күйлерінің жеткізушілері – Науша, Махамбет Бөкейхановтар. Ал жеріне жеткізе орындап, жаздырып, насихаттап, кейінгіге мұра қылып қалдырған әйгілі домбырашы Қали Жантілеуов болды.

Қазанғап Тілепбергенұлы шығармашылығы XIX-XX ғасырдағы қазақтың аспаптық кәсіби өнерінде үлкен орын алады. Күйшілік өнерде өзгеге ұқсамайтын сара жол салып, өзіндік орындаушылық мектебін қалыптастырған саңлақ күйші, әсіресе, «Ақжелең» деп аталатын тармақты

күйлерді дамытуға айтарлықтай үлес қосып, оны түр және мазмұн жағынан байыта түсті. Қазанғап күйлері философиялық ой, терең сезімге толы.

Жинақтағы Қазанғап күйлері күйші дәстүрін жалғастырған ізбасарлары Жәлекеш Айпақов пен Кәдірәлі Ержановтың, елге танытып, насихаттауға көп еңбек сіңірген майталман домбырашы Сәдуақас Балмағамбетовпен қатар, Б.Басығараев, Ж.Әлбетов, Қ.Жармағамбетов, І.Плиясов, А.Райымбергенов, Р.Омаров, Н.Жанаманов, Ж.Асылхановтардың орындауында беріліп отыр.

7. Маңғыстау күйшілік дәстүрі.

Бұл өңірде қалыптасқан күйшілік мектеп оқшау ыңғайда дамыған орындаушылық және шығармашылық әдістерінің ерекшелігімен көзге түседі. батыс күйшілік дәстүріне жататын Маңғыстау күйлері қағыс, тартысымен айрықшаланып, өз алдына бір мектеп болып қалыптасып кетті.

Маңғыстау өлкесінде аңыз-әңгімелерімен баяндалатын көне күй үлгілері, айтыс-тартыс, тармақты, тізбекті, тарихи күйлер мол сақталған. Өріден келе жатқан ескі күйлермен қатар, «Қазақ пен ноғайдың айырылысуы», «Ноғай сазы», «Бала ноғай сазы», «Алпыс тараулы Науаи» сияқты халықтық мұраға айналған домбыра саздары да аз емес. Осындай авторы белгісіз көне күйлердің бір шоғыры – «Науайы». Әйгілі күйші Өскенбайдың орындауында «Науайы» алпыс тараудан тұрады екен. Ал бізге Өскенбайдың өз баласы Мұраттың орындауында жеткені – «Қарт Науайы», «Бала Науайы», «Тел Науайы», «Шар Науайы», «Тамшы Науайы», «Қақпалы Науайы» деп аталатын алты күй. Ерте замандардан тамыр тартқан көне күйлердің бірі – Кетбұғаның «Ақсақ құлан, Жошы хан» күйі. Бұл күй Мұрат Өскенбаевтың орындауында «Құлан сарыны», «Естірту», «Айдаһармен арбасу» деп салаланып келеді. Сол сияқты аңыз-әңгімесімен жеткен халық күйлерінің бірі – «Нар идірген». Шалдың, жігіттің, баланың тартқаны болып келетін осы үш күй «Өрелі мая» деп те аталады.

Абыл, Қартбай, Есбай, Есір, Құлшар, Қоңыр, Өскенбай, Шамғұл, Әлқуат, Мұрат сияқты Маңғыстау күйшілерінің есімдері қазақтың аспаптық музыка әлеміне әйгілі. Маңғыстау күйшілік дәстүріндегі көрнекті тұлғалардың бірі – Абыл Тарақұлы. Абылдың бізге жеткен «Абыл», «Нарату» күйлері – қазақ күй өнеріндегі шоқтығы биік, философиялық мәні терең, эпикалық сарыны басым кемел туындылар.

Маңғыстау күйшілік өнерінің тағы бір айтулы тұлғасы Есбай Балұстаұлы шығармашылығының айшықты бөлігі - «Үш ананың тартысы» деп аталатын циклді күйлерден тұрады. Маңғыстау түбегінде өмір сүрген саңлақ күйші Есір Айшуақұлының «Қос айырған», «Тоғыз түйеші», «Көктөбе», «Манатау», «Ақжарма» атты тармақты күйлері ұлы даланың симфониясындай сол дәуірдегі ел басынан өткен тарихи оқиғаларды сипаттайды. Айтыс, тартыс күйлерімен аты белгілі Құлшардың «Қыз қамаған», «Кербез керік», «Ат жортақ», «Сық-сақ», «Кебіс қалған» деп аталатын циклды күйлері қызғылықты әңгімесімен шағын театрлық

қойылымға ұқсайды. Жинаққа Құлшардың бұдан басқа да әзілге құрылған «Тілемсек», «Жап та, қымта» атты күйлері енген.

Адайдың «жеті қайқысы» атанған өнерпаздар қатарында Маңғыстау күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі Өскенбай Қалмамбетұлының есімі ерекше аталады. Әйгілі «Жаңылтпаш» күйі – Өскенбайдың Құлбай бақшы деген түрікпен күйшісімен сайысқа түскенде шығарған күйі. Өскенбай күйшінің мұрасы, негізінен, бел баласы Мұрат Өскенбаев арқылы жетіп отыр. Ол Абыл, Есір, Құлшар, Өскенбай, Қартбай сынды күйшілердің туындыларын, ертедегі аңыз күйлерді, өз күйлерін қосқанда, ұзын саны, үш жүздей күй тартқан. Бұл антологияға Абыл, Есір, Есбай, Құлшар, Өскенбай сияқты аттары белгілі күйші-композиторлар күйлерімен қатар, Жолды, Қартбай, Қоңыр, Мұрат Өскенбаев, Айдарбай, Самиголла Андарбаевтың шығармалары да толық енгізілген.

8. Қазіргі заман күйлері.

Қазақ музыкасының арнайы кәсіпқойлық жүйеде қалыптасуына, дамуына атсалысқан күйші-композиторлар шығармалары да осы жинаққа арнайы топтастырылды. Академик А.Жұбановтан бастап, С.Мұхамеджанов, М.Қойшыбаев, Х.Тастанов, Р.Омаров, Н.Тілендиев, К.Күмісбеков сияқты Қазақстан кәсіби музыкасының іргетасын қалауға үлес қосқан композиторлардың айшықты шығармаларымен қатар, осы буынға ілесе шыққан М.Әубәкіров, А.Мырзабеков, М.Қалауов, Ә.Есқалиев, С.Балмағамбетов, Ш.Әбілтаев, Қ.Ахмедияров, А.Жайымов, Қ.Тасбергенов, С.Тұрысбеков, т.б. композиторлардың туындылары және С.Құсайынов, Ә.Желдібаев, М.Сыдықов сынды күйшілердің кең тараған күйлері де жинақтан орын алған.

Қобыз және сыбызғы күйлері.

Күй жанрының мейлінше профессионалдық сипат алуы, салқар дамуы домбыра аспабына қатысты және бұл – әсіресе, XVIII-XIX ғ.ғ. байқалған құбылыс. Алайда, ең көне күйлер қобыз бен сыбызғыда орындалғаны – даусыз ақиқат.

Қобыз – қазақ халқы алабөтен қасиет тұтатын аспап. Этномузыка саласының білгірі В.Бахманның пікірінше, қобыз – жер бетіндегі ең ежелгі шекті, ыспалы аспап болса керек. XX ғ. соңғы ширегінде европалық зерттеушілер В.Бахман мен С.Дончев қобыздың, Орталық Азия көшпенділерінің соған ұқсас аспаптарымен қатар, бүгінде Европа ғана емес, күллі әлемге таралған скрипка, виолончель сияқты сұлу, сиқырлы аспаптардың түп атасы, төркіні екенін бұлтартпас дәйектерге жүгіне отырып, дәлелдеп шықты. Бұл енді – ұзақ зерделеуді қажетсінетін, өте қызғылықты көп.

Зерттеушілердің көпшілігі қобыз – көшпенді дүние танымының, оның Ғалам жайындағы түсінігінің бейнесі деген пікірге ден қояды. Қобызды Қорқыт Атаның жасауы, содан соң толассыз ағып жатқан дария үстінде отырып, күні-түні күй қайырып, күйдің тылсым күшімен ажалды бөгеуі, ақырында бір сәт қалғып кеткенде, ажалдың қарақұрт кейпінде келіп, шағып өлтіруі турасындағы ғажайып миф – осының айғағы деседі.

Бір таңғаларлық жайт – қазақтың ежелгі бақсылары да, күйшілері де бірдей Қорқыт Атаға сиынып, бақсы – Қорқыт сарынын шалса, күйші – Қорқыт Атанікі деп күй тартқан. Қазіргі уақытқа жеткен қобыз күйлерінің қомақты бір парасы – Қорқыт атына телінетін күйлер.

Қазір қобызды нарқобыз және қылқобыз деп екі түрге бөліп жүрміз. Қылқобыз – бүгінде жұртшылыққа әбден көзтаным болған, күй тартуға арналған тұрқы шағын аспап. Ал нарқобыздың шанағы үлкен, сол үлкен шанақтың ішіне айна қондырылған, басына жезден иә темірден соғылған шылдырмақтар ілінген, үні күркіреген зор, жуан болып келеді. Деректерге сүйенсек, нарқобызды, негізінен, бақсылар шалған сияқты. Бақсы сарыны аталатын тұтас бір жанр ғасырлар бойы осы нарқобызда орындалып келген.

Ал пенденің жан сырын – түпсіз қорқынышын, берік сенімін, жалғызсыраған қамырығын, атойлаған серпінін, өмір мен өлім арасындағы тұңғиыққа шомған тебіренісін паш ететін қобыз күйі өз мүмкіндігінің шырқау биігіне, жоғары профессионалдық деңгейіне қылқобыз арқылы жеткен еді. Бұл арада атап айтар бір мәселе – бізге емес есімдері ғана жеткен көнелікті қобызшылардың көбі абыз, жырау, бақсы болғандығы. Аттары қазақ эпосына, аңыздарына арқау болған Сыпыра, Кетбұғалардың жырау екендігін, Қойлыбай, Кербала, Қарақожа, Шүмен, Баубек, Жамансарт, Тілектердің абыз, бақсы болғандарын шамалаймыз.

Кетбұға – жырау, күйші, аңыз кейіпкері. XIV ғасырда жазылған «Шаджарат әл-атрак» («Түрік шежіресі») атты кітаптағы деректер мен ел аузындағы аңыздар бойынша, Жошы хан аң аулап жүріп қаза тапқанда, Шыңғыс ханға қаралы хабарды жеткізуге ешкім батпайды. Сонда Кетбұға бас кесер ауыр міндетті өз мойнына алып, баласы Жошының өлімін күймен естіртеді. «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйі осылай туыпты-мыс. Бүгінге Кетбұғаның осы күйі және күй шығарарда айтқан бірнеше жол өлеңі ғана жетті. Басқа әдеби не музыкалық шығармасы сақталмаған. Халық өлеңдері мен аңыз әңгімелерде де Кетбұға ел қамқоры, дана ақсақал ретінде бейнеленген. Ол туралы аңыздар қырғыз фольклорында да бар.

Қазаққа Қорқыт күйлері аталатын құпиялы, сырлы циклды мирастаған Соқыр Нышан – Нышан бақсының өнері қобызбен күй тарту саласындағы соны дәстүр болды.

Бірақ, қобыз күйі шынымен түрленген уақыт, «алтын ғасыр» – XIX ғ. еді. Бұл кезеңде Ханқожа, Ерден, Дүкен сынды үлкен қобызшылар өткендігі айтылады. Дегенмен, арқалы, ұлы күйші Ықылас ғана қобыз күйін мүлде жаңа тарапқа бағыттап, өлмес, өшпес мұра қалдырып кеткен еді. Ықылас әулетін қазақ арасында жеті атасынан қобызшылар ұрпағы деп атайды. Қорқыт әуенін, ежелгі бақсылар сарынын жеріне жеткізе меңгерген Ықыластың қобызы жаңаша тыныс ашты, күңіренген даусы кеудесінен керемет сырлы күйге айналып ақтарылды. Ықыластың әйгілі шәкірттері дегенде, жадымызға бел баласы Түсіпбек, сондай-ақ Әбікей, Сүгір күйшілер оралады. Осы күйшілерден тікелей дәріс алған Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаев – Ықылас өнернамасын небір ауыр

өткелектен аман алып өтіп, келер ұрпаққа табыстаған абзал жан, ірі қобызшылар.

Айналып өтуге, айтпасқа болмайтын тағы бір сөз – қобыздың, қобыз күйлерінің тағдыры хақында. Қобыз әуелі әсіре діндарлар тарапынан, кейін, Октябрь төңкерісінен соң қызыл өкімет тарапынан «жын шақыратын бақсы құралы» ретінде айыпталып, көп қудаланды. Жойылып кете жаздап барып, шерлі көшпендінің тірі рухы іспеттеніп қайта оралды. Бірақ көп қазына – санын ешкім санап болмас – мәңгіге жоғалды. Қазіргі кезде қобызда тартылып жүрген күйлер – бір заманғы ұлан-ғайырдың бір ғана жұрнағы, теңіздің тамшысы десек керек-ті. Соның өзі – дәтке қуат, көңілге медеу.

«Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» атты жинаққа күй атасы Қорқыттың атынан тартылатын күйлер және оның өнерін жалғастырушы Баубек, Көзбен, Тілеп сынды бақсылардың күйлері толығымен енді. Құрылымы аса күрделі емес Қорқыт күйлері қысқа сарынды болып келеді. VIII-IX ғасырлардан тамыр тартатын бұл сарындарды ең көне қобыз күйлерінің қатарына жатқызуға болады. Қорқыт шығармаларының ішіндегі ауқымы кең, мағынасы терең күйлердің бірі – «Қоңырды» жинақта Жаппас Қаламбаевтың орындауында бердік. «Қорқыт» күйінің келесі бір нұсқасын Дәулет Мықтыбаев орындаған. Қорқыттың «Желмая», «Ұшардың ұлуы», «Әуспай», «Елім-ай», сынды сарындары, бар қазаққа аты белгілі Баубек бақсының сарыны және оның «Қоңыржай» атты күйі, Тілептің «Бақсы» күйі белгілі қобызшы Мұсабек Жарқынбеков, Базархан Қосбасаров, Әлқуат Қазақбаев сынды белгілі қобызшылардың орындауында берілді.

Қазақтың қобыз күйлерін жаңа биікке көтерген – Ықылас Дүкенұлы. Ықыластың ең алғашқы күйлерінің бірі – «Ерден». Ақмола уезінің аға сұлтаны болған Ерден Сандыбайұлының жалғыз баласы Айменденің қазасына жұбату ретінде шыққан бұл күй қобыз күйлерінің тамаша бір үлгісінен саналады. Ықыластың «Кертолғау», «Ықылас», «Шыңырау», «Жез киік» атты күйлері жігерлі, жалынды келіп, жан дүниедегі буырқаныстарды бейнелесе, «Қазан», «Қамбар батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Айрауықтың ащы күйі» – эпикалық жырлардың әсерінен туындаған күйлер. Ықыластың бірнеше күйлері антологияға дәулескер күйшілер Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаевтың орындауында енді. Дәулет Мықтыбаев көптеген күйлерді Ықыластың баласы Түсіпбектен үйренсе, Жаппас Қаламбаев Ықыластың шәкірті, Қаратау күйшілік мектебінің көрнекті өкілі Сүгір Әлиұлынан тәлім алған. Ықылас күйлерінің біздің заманға жетіп, нотаға түсуіне себепші болған жандар – Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаев ұстаз тұтқан Сағынтай Елепанов күйтабақтағы «Кертолғау» күйінің бір нұсқасын орындаған.

Қазақ дәстүрлі музыкасын ғасырлар бәйгесінен оздырған тағы бір сырлы аспап – сыбызғы. Тамылжып, сызылып, уілдеп, қыр көшпенділерінің сансыз буын, ұрпағының жанын тербеген қазақ сыбызғысы адам баласы ойлап тапқан үрлемелі аспаптардың ішіндегі ежелгілердің және ерекше әуезділердің қатарынан орын алса керек.

Сыбызғының дәстүрлі үлгісі қурай өсімдігінен жасалады, аспапты жасауға қара қурай, өгіз қурай, қырлы қурай түрлері пайдаланылған. Сыбызғышылар сыбызғыны қурайдан өздері жасап алып тартқан және оны жасау әдіс-тәсілдерінде әрбір өнерпаздың өзіндік өлшемі, өз құпиясы болған. Бабымен жасалған сыбызғының сыртынан жаңа сойылған мал өңешінің ақ шелімен немесе жас төлдің аш ішегімен қаптайды. Мұндай сыбызғының үні таза, ыстық-суықтан айнымайды және ұзақ уақытқа дейін шыдайтын болады. Қурай сыбызғыны тартқанда орындаушылар қурайдың өзегін сумен бүркіп отырады екен. Себебі, қурайдың іші кеуіп, қаңсып кетуіне байланысты дыбыстың біркелкі шығуына, бояуына кедергі жасайды. Қурайдан жасалған сыбызғының дыбысы әуезді, жұмсақ, табиғи шығады. Сондай-ақ сыбызғының қурайдан басқа да ағаштан және жезден жасалған түрлері болады.

Сыбызғы, бір қарағанда, қарапайым аспап болып көрінгенмен, үрлемелі аспаптардың ішінде дыбыс шығаруы жағынан күрделілігімен ерекшеленеді. Сыбызғыда мүштік болмайды, ол – тіске қойылып тартылатын аспап. Сондай-ақ дәстүрлі сыбызғышылар күй тарту барысында үш түрлі дыбысты үндестіріп отырады екен. Бұл дыбыстарды кәнігі тыңдаушылар сыбызғының үн-дыбысы, ауыз жаңғырығы, сыбызғышы көмейінің дауысы деп ажыратады. Үрлемелі аспаптарға көмей дауысын қосып орындаушылық Сібір халықтарының қос дауысты ән-жыр салу дәстүріне жақын болып келеді. Бұл үрдіс қазақтың сыбызғышылық дәстүрінде маңызды орын алған. Осы тәсілді сыбызғыда пайдаланғанда көмей дауысы күйдің негізгі тонын созып ұстап тұрады, ал сыбызғының үні болса, күйдің әуенін жүргізіп отырады.

Сыбызғышылық дәстүр республикамыздағы Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан өңірлерінде орындаушылық ерекшеліктеріне қарай кең таралған.

Шығыс Қазақстан сыбызғышылық дәстүрі дегенде, жер бетіндегі әлденеше көне өркениетке алтын бесік болған, алып Алтай тауларының бауырында қанат жайған сыбызғы шалу өнерін айтамыз. Ілкіде тұтастай Алтайды жайлаған елдің кейін заман ығымен бір кездегі атақоныс, қазіргі Қытай, Мұңғылия жеріне екі бөлініп, қоныс аударуы себепті, аталмыш сыбызғышылық дәстүр қазір Қазақстанмен қатар сол елдерде де сақталып отыр. Алтай өңіріндегі сыбызғышылар арасында сыбызғы тартысып, күй жарыстыру, өнер сынасу салты XVII ғасырда белгілі болғандығы жайлы деректер бар. Және осы бір оқшау үрдіс бертінге, XX ғасырдың 50-жылдарына дейін жалғасып келгендігі, оған Тілеке мен Жантелі, Шерубай мен Мұса, Оспанғали мен Шанақтың сайыстары айғақ болатындығы анық.

Шығыста кең тараған сыбызғылар көбінесе үш-төрт ойықты болып жасалады, дыбыстық обертоңдарға бай, дыбыс қатары мажорлы лад болып келеді. Күйлерінің сазы ән тектес, бірнеше әуеннің қайталануынан қалыптасқан. Бұл өңір күйлерінің ірі орындаушы, жеткізушілері – Кәлек Құмақайұлы, Шанақ Ауғанбаев, Бейілхан Қалиақпарұлы, Құсман Мақмырза, Талғат Мұқыш сынды сыбызғышылар.

Батыс Қазақстан сыбызғышылық дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі – Сармалай. Сармалай күйлерін бізге жеткізген сыбызғышы Ысқақ Уәлиев еді. Оның орындауындағы Сармалайдың бірнеше күйлерін ғалым Ахмет Жұбанов нотаға түсіріп, жарыққа шығарды. Бұл өңірдің тағы бір өкілі Мәкәр Сұлтаналиевтің күйлері өнертанушы Болат Сарыбаевтың орындауында жетті. Батыс Қазақстан өңірінің сыбызғы күйлерінің әуені баяу болып келеді, диапазонның кеңдігі, регистрлық мүмкіндіктерді мейлінше пайдаланғаны және дыбыс қатары минорлы лад сыбызғысында орындалуымен ерекшеленеді.

Жинаққа Шығыс Қазақстан өңірінің сыбызғышысы Шанақ Ауғанбаевтың орындауында «Балқурай», «Қылан батыр» күйлері, өнер зерттеушісі Болат Сарыбаевтың орындауында Батыс Қазақстанның сыбызғышылық дәстүрінің өкілдері Сармалай, Жәрекейдің және бірнеше халық күйлері, сондай-ақ бүгінгі сыбызғы тарту өнерінің көрнекті өкілі Талғат Мұқыштың орындауындағы көптеген күйлер еніп отыр.

Сыбызғышылық өнер Қытайдың Шыңжаң, Алтай, Моңғолияның Баян-Өлгий аймақтарында атадан балаға мирас болып, кейінге қаймағы бұзылмай жетті. Моңғолияда туып-өскен шебер сыбызғышы Кәлек Құмақайұлының орындауында бірнеше халық күйлері мен Делдалдың «Жаяу Делдал», Құмақайдың «Кең жайлау» атты күйлері, Шыңжаң өлкесіне аты шыққан белгілі сыбызғышы Бейілхан Қалиақпарұлының, Жұмахан Шотпақұлы, Құсман Мақмырзаның орындауындағы халық күйлері де осы бөлімге топтастырылған.

Бақылау сұрақтары

1. Ән-күй, музыка шығармаларының мазмұнына байланысты туған қандай аңыз әңгімелер және шежірелерді білесіз?
2. Жастарға тәрбие берудегі халықтың музыка шығармаларының нендей маңызы бар?
3. Халық әндері мен күйлері, олардың тәрбиелік мәні.
4. Халық өнерпаздарының игі еңбектерінің жоғары бағалануы.
5. Халық арман-қиялынан туған музыкалық шығармалар және олардың ел арасына тарауы.
6. Өлең, жыр, терме, толғау, айтыстардың жастарды тәрбиелеудегі мәні.
7. Қазақ халқының айтыс өнері, дамуы және жалғастырудағы іс-шаралар туралы не айтасыз?

8-дәрісбаян

Тақырыбы: МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер егеменді ел тізгінін берік ұстауға қабілетті, жан-жақты жетілген парасатты азамат тәрбиелеп өсіруді көздейді.

Тәрбие жұмысының 1-ші ерекшелігі – тәрбиенің көп қырлы, көпфакторлы процесс екендігі. Тәрбиеде мақсат, міндет, мазмұн, отбасы, мектеп, орта, жұртшылық сияқты әлеуметтік күштердің тәрбие мен талап қоюдағы бірлігін сақтау, тәрбие әдістерін дұрыс таңдап, тиімді пайдалану басты ерекшелігі.

2-ші ерекшелігі – тәрбиенің ұзақ процесс екендігі. Адам өмір бойы тәрбиеленеді.

3-ші ерекшелігі – тәрбиенің сатылы сипатта болатындығы.

1-ші сатыда – отбасында, балабақшада, бастауыш мектепте тәртіп ережелерінің бастапқы ұғымдарын игереді. Қарапайым сезімдер мен мінез-құлықтың алғашқы дағдылары бойға қалыптасады. 2-ші сатыда – этикалық түсініктерді меңгеріп, күрделі сезімдері дұрыс дами бастайды. Әдет-құлық көрсету, қоғамда қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, орындау дағдысы қалыптасады. 3-ші сатыда – дүниені тереңірек тану арқылы көзқарастардың қалыптасуы, мінез-құлықтың тұрақты әдеттерінің бойға даруы, күрделі сезімдердің бұдан әрі қарай тереңірек дамуы іске асады. Сатылар арасында шек болмайды.

4-ші ерекшелігі – тәрбие жұмысы мазмұнының бір орталыққа жинақталып жас шамасына, тәрбие деңгейіне қарай бірте-бірте күрделеніп берілуі, бір қасиеттің қайталанып, толықтырылып түсіндірілуі.

5-ші ерекшелігі – тәрбие ісінің екі жақты белсенді процесс екендігі. Сынып жетекшісінің тәрбиелік ықпалы тәрбиеленушінің ішкі ойымен, ниетімен, өзін-өзі тәрбиелеуімен ұштасып, табиғи үйлестік табуы жұмыстың нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Олай болса, тәрбие ісінде сынып жетекшісі де, оқушылар да белсенділік көрсетуі керек.

6-ші ерекшелігі – тәрбие жұмысында педагогтар ұжымының ұйымдастырушылық қабілетінің күшті болуының мәні зор. Сынып жетекшісінің ұйымдастырушылық қабілеті зор болғанда ғана жеке оқушыға ықпал етіп, оқушылар ұжымының қарым-қатынасын жолға қойып, жалпы іске жұмылдыра алады.

7-ші ерекшелігі – тәрбие нәтижесін тез арада анықтау, тексеру, бағалаудың өте қиын процесс екендігі.

8-ші ерекшелігі – тәрбие болашаққа ұмтылған іс-әрекет. Бүгін мен ертеңгі келешек өмірдің ұштасуы.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың аталған ерекшеліктерімен қатар, өзіндік **қиыншылығы** да бар.

а) тәрбие жұмысын ұйымдастыру оқу процесін ұйымдастырумен салыстырғанда уақыт жағынан едәуір қиындық тудырады. Оқу белгілі уақытта сабақ кестесіне байланысты басталады, аяқталады, ал тәрбие жұмысы уақытты сынып жетекшісі оқушылардың бос уақытын есепке алып, өзі белгілейді.

б) тәрбие жұмысының бағдарламасы жалпы жасалған, ал оқу процесінде әр пәннің жеке-жеке бағдарламасы бар. Бұл тәрбие жұмысының жоспарын нақты жасауға мүмкіндік бермейді.

в) тәрбие жұмысының жалпы мазмұнына ыңғайлап, сынып жетекшісі тақырыптарды өзі таңдап, тәрбие материалдарын өзі сұрыптап алып, инсценировка, жоспар жасайды. Бұл біріншіден, сынып жетекшісінің көп уақытын алса, екіншіден, күрделі, жан-жақты көп еңбекті талап етеді.

Аталған ерекшеліктер мен қиыншылықтар сынып жетекшісінен сансалалы білім мен іскерлікті, шеберлік, дағдыны, педагогикалық іскерлікті тәжірибені қажет етеді. Осы орайда сынып жетекшісі тәрбиені кешенді жүргізуге тырысады, ал тәрбиені кешенді жүргізу тәрбиеге бір жақты келуден, жүйесіздіктен құтқарады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазіргі кезеңде жалпы білім беретін мектептерде халық педагогикасын пайдалану жолдары.
2. Ұлттық киім, сәулет, бейнелеу өнерлерімен, үй жиһаздарымен таныстыру.
3. Дәстүрлер мен салттар, ырымдар мен жоралғыларды түсіндірудің қандай әдістері бар?
4. Ертегілерді экрандаудың қандай тәрбиелік әсері бар?
5. Халық ертегілері – өмір оқулықтары.
6. Халықтық тәрбие үлгілерін, ауыз әдебиеті шығармаларын пайдалану жолдары.
7. Этнопедагогикалық білім беру мазмұны туралы айтыңыз.
8. Сыныптан тыс жұмыстардағы халық тағылымдарын үйретуді ұйымдастырудың қандай жолдарын білесіз?
9. Этнопедагогика тағылымдарын мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалану жолдары қандай?
10. Мектепте және мектептен тыс оқу-тәрбие ісінде халықтық педагогика элементтерін пайдалану арқылы ұлттық тәрбиені жүзеге асырудың қандай жолдары бар?
11. Сыныптан тыс жұмыстардағы халық тағылымдарын үйретуді ұйымдастыру.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. «Халық педагогикасы» мен «этнопедагогиканың» айырмашылығы және ортақтастығы.
2. Этнопедагогика ғылымы туралы түсініктерге ғылыми анықтамалар.
3. Этнопедагогиканың Қазақстанда зерттелу тарихы.
4. Әл-Фараби ұлттық сана, білім, әдет-ғұрып, поэзия және оқыту, тәрбиелеу әдістері туралы пікірлері.
5. Ахмет Иассаuidiң діни-софылық мақсаттар мен тәрбиелер туралы ойлары.
6. Мәдениет пен әдебиеттің, рухани өмірдің ірі өкілдері Хорезми, Сараи, Құтыб, Рабғұзи т.б. тәрбиелік ой-пікірлері.
7. Мұхаммед Хайдар Дулатидың “Тарих-и-Рашиди”, ”Жаһаннама” кітаптарының этнопедагогикалық түйіндері.
8. Асанқайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау, Шал ақын, Дулат Бабабайұлы, Қазтуған, Махамбет, Базар жырау, Майлықожа еңбектеріндегі педагогикалық идеялары, ақыл-нақыл, насихат өлеңдері.
9. Абай шығармаларының этнопедагогикалық мәні.
10. Шоқан Уәлихановтың психологиялық мұралары.
11. Ыбырай қазақтың салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні туралы.
12. С.Торайғыровтың педагогикалық мұралары.
13. Ғұмар Қарашев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Спандияр Көбеевтердің педагогикалық көзқарастары. Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Н.Құлжанова, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, Ш.Әлжанов, Ә.Сембаев, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Бержановтардың тәрбиелік ой-тұжырымдары, педагогикалық еңбектері мен көзқарастары.
14. Ә.Диваев этнограф, мәдени мұраларды жинаушы және зерттеуші.
15. Қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде дамып, қалыптасуы.
16. Қазақ этнопедагогикасының ұлттық мәдениетті дамытудағы алатын орны және сабақтастығы.
17. Тілашар дәстүрінің (бесік жыры, шілдехана жыры, жұмбақтар, санамақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, мазақтамалар) этнопедагогикалық мәні мен мақсаттары.
18. Ырым, тыйым, жөн-жоралғы, рәсім, рәміздердің тәрбиелік мәні.
19. Әдет-ғұрып, салт-сананың өмірдегі қолданылмалы мәні, адамгершілік, қайырымдылық, имандылықтың өмірдегі көріністері.
20. Ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық мінез-құлықтың сабақтастығы.
21. Әдет-ғұрыптардың дамып, жаңарып, толысып отыратындығы туралы ғылыми дәлелдемелер.
22. Жаңаша дәстүрдің қалыптасуы және тәрбие.
23. Отбасы туралы ойшыл ғұламалардың пікірлері.

24. Қыз бала мен ұл бала тәрбиесіндегі ата мен әжелердің әсері, тәрбиедегі ролі.
25. Бала дүниеге келген соң жасалатын ырымдар, рәсімдер.
26. Еңбекке баулуға байланысты айтылған бабаларымыздың ақыл-кеңестері, халық ырымдары мен тыйымдары.
27. Қазақ халқы мәдениетінің көрінісі – Қожа Ахмет Иассауи сағанасы.
28. Халық өнерінің түрлері, өнер түрлерінің атадан балаға берілуі, жалғасуы.
29. Ұлттық ою-өрнектердің мағынасы жөнінде түсінік.
30. Өлең, жыр, терме, толғау, айтыстардың жастарды тәрбиелеудегі мәні.
31. Халық ән-саз аспаптарының түрлері.
32. Айтыс өнерін жалғастырудағы іс-шаралар.
33. Халық педагогикасын бала тәрбиесінде пайдалануды енгізуге күш салу, ізденістер мен проблемалар.
34. Ертегілерді сахналаудың әдістемелік жолдары: мелодрама, сценка, инсценировка, сценарий т.б. қойылымдардың тәрбиелік мәні.

Тесттік тапсырмалар:

1. Этнопедагогика пәні –
 - А) ұлттық психологияны зерттейтін ғылым;
 - В) этностық ерекшеліктерді зерттейтін ғылым;
 - С) халықтың ұрпақ тәрбиелеу тәжірибесі туралы ғылымы;
 - Д) ұлттық ерекшеліктерді атадан балаға жалғастыратын ғылым;
 - Е) жас ерекшеліктеріне негізделген теория туралы ғылым;
2. Этнопедагогика ғылымының құралдары.
 - А) алғыс, бата, тілек;
 - В) кітап, таблица, журналдар;
 - С) аңыздар мен эпостық жырлар;
 - Д) ауыз әдебиеті жанрлары;
 - Е) ата-бабамыздың тәжірибесі;
3. Этнопедагогика ғылымының әдістері.
 - А) ауызша, көрнекілік, үйрету, үлгі-өнеге;
 - В) әңгімелеу, санамақтар, бата беру;
 - С) кешенді тәрбие беру әдістері;
 - Д) мадақтау, қарғау, алғыс айту;
 - Е) үйрету, жаттықтыру, жаңылтпаш қолдану;
4. Этнопедагогика ғылымының мазмұны.
 - А) жаңылтпаштар, санамақтар, ертегілер;
 - В) сегіз қырлы, бір сырлы азамат тәрбиелеу;
 - С) еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесі;
 - Д) педагогика, педагогика тарихы, мектепке дейінгі педагогика;
 - Е) философия, этнопсихология, педагогика;
5. Этнопедагогика ғылымының міндеті.

- А) ана тілін меңгерту, ұлттық ойлау ерекшелігін дамыту;
 В) сегіз қырлы, бір сырлы азамат тәрбиелеу;
 С) әдет-ғұрып, салт-дәстүрді қадірлеуге тәрбиелеу;
 D) ана тілін, дінін білуге тәрбиелеу;
 E) жан-жақты рухтағы азамат тәрбиелеу;
6. Халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдарын ғылыми жүйеге келтіріп зерттейтін, оны тәжірибеде қолданудың әдіс-тәсілдерін теориялық тұрғыда сөз ететін ғылыми педагогиканың бір саласы.
- А) этнография;
 В) этнопсихология;
 С) педология;
 D) этнопедагогика;
 E) философия;
7. Тұңғыш «Этнопедагогика» оқулығының авторы кім?
- А) Г. Виноградов;
 В) А. Байтұрсынов;
 С) Ғ. Қарашев;
 D) Г. Н. Волков;
 E) М. Жұмабаев;
8. Қазақ халық педагогикасы құрылымының бағыттары.
- А) тәрбиелік, танымдық;
 В) әдет-ғұрып, өнеге;
 С) эстетикалық, этикалық;
 D) психологиялық, философиялық;
 E) тұрмыстық, кәсіптік;
9. Қазақ халық педагогикасы құрылымының танымдық бағыттары.
- А) ата салты, ана жолы;
 В) дәстүр, салт;
 С) әдет-ғұрып, елдік-бірлік;
 D) психология, педагогика;
 E) этнография, тарих, география;
10. Қазақ халық педагогикасы құрылымының тәрбиелік бағыттары.
- А) тіл өнері, халықтық мерекелер;
 В) көші-қон жүйесі, шежірелер;
 С) салт, дәстүр, әдет-ғұрып;
 D) қоғамдық даму, әлеуметтік даму;
 E) ұлттық ойындар, ұлттық қадір-қасиеттер;
11. Қазақ халық педагогикасы құрылымының танымдық бағытының талдануы.
- А) отқа табыну, күнге табыну, айға табыну;
 В) шежіре-билік, татулық, тұтастық;
 С) отбасы берекесі, тәлімгерлік, ісмерлік;
 D) тұрмыстық, кәсіптік және өнер саласы, қоғамдық-әлеуметтік даму, шерлі шежірелер;
 E) мұрагерлік, шаруақорлық, әдептілік;

12. Педагогикалық әдебиеттерге ең алғаш «Этнопедагогика» ұғымын енгізген ғалым.

- А) Е.Л.Христова;
- В) Г.Н.Волков;
- С) Ә.Табылдиев;
- Д) К.Д.Ушинский;
- Е) С.Қалиев;

13. Ежелгі тасқа жазылған дастандар.

- А) “Күлтегін”, “Білге Қаған”, “Тоныкөк”;
- В) “Құтадғу білік”, “Диуани Хикмет”;
- С) “Оғызнаме”, “Бабырнаме”;
- Д) “Хибатул-халайық”, “Жамиғат-тауарих”;
- Е) “Диуани Лұғат ат-түрік”, “Тарих-и-Рашиди”;

14. VI-XII ғасырлардағы этнопедагогикалық тағылымдар өкілдері.

- А) Асан қайғы, Шалкиіз жырау;
- В) Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри, Захир ад-дин Бабыр;
- С) Қарашев (Омар) Ғұмар, Бұқар жырау;
- Д) Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шал ақын, Ақан сері Қорамсаұлы;
- Е) Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Иігүнеки, Қожа Ахмет Иассауи;

15. «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштеріндегі жазулардың негізгі мағынасы.

- А) экологиялық тәрбие беру;
- В) еңбекке тәрбиелеу;
- С) ел қорғау, патриоттық тәрбие;
- Д) махаббат, сүйіспеншілік тақырыбы;
- Е) имандылыққа, иманжүзділікке тәрбиелеу;

16. Көне жазу ескерткіштерінің түрлері.

- А) шағатай жазуы, парсы жазуы, латын жазуы;
- В) орхон жазуы, көне ұйғыр жазуы, көне қыпшақ жазуы;
- С) араб жазуы, руна жазуы;
- Д) қытай жазуы, парсы жазуы;
- Е) кириллица, түркі жазуы;

17. X-XII ғасырларда жазылған мәдени мұралар.

- А) “Кодекс Куманикус”, “Бабырнаме”, “Сифат әл-адаб”;
- В) “Тоныкөк”, “Күлтегін”, “Білге Қаған”;
- С) “Оғызнаме”, “Тарих-и-Рашиди”;
- Д) “Жамиғат-тауарих”, “Тарих-и-Қыпшақ”, “Мантиқ ат-Таир”;
- Е) “Құтадғу білік”, “Диуани Хикмет”, “Хибатул-халайық”, “Диуани Лұғат ат-түрік”;

18. XIII-XIV ғасырларда жазылған мәдени мұралар.

- А) “Кодекс Куманикус”, “Тарих-и-Рашиди”, “Жамиғат-тауарих”, “Бабырнаме”;
- В) “Диуани Хикмет”, “Хибатул-халайық”;

- С) “Тонькөк”, “Күлтегін”, “Білге Қаған”;
 D) “Диуани Лұғат ат-түрік”, “Оғызнаме”;
 E) “Кұтадғу білік”, “Сифат әл-адаб”;
19. Орта ғасыр ойшылдары еңбектерінің қолжазбаларының көпшілігі қай тілдерде жазылды?
 A) сақ, ғұн, түрік;
 B) араб, парсы, түрік;
 C) шағатай, ұйғыр, араб;
 D) үнді, ұйғыр, қытай;
 E) араб, қытай, түрік;
20. Әлемнің Екінші ұстазы кім?
 A) Аристотель;
 B) Ұлықпан Хәкім;
 C) Әл-Фараби;
 D) Қожа Ахмет Иассауи;
 E) Абай;
21. Арыстан Баб қай ғасырда өмір сүрген?
 A) X ғасырда;
 B) XI ғасырда;
 C) XII ғасырда;
 D) IX ғасырда;
 E) VIII ғасырда;
22. Қожа Ахмет Иассауидің ұстазы.
 A) Омар Баб;
 B) Осман Баб;
 C) Әл-Фараби;
 D) Арыстан Баб;
 E) Лашын Баб;
23. «Руна» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
 A) “рун” – “ескі”;
 B) “руно” – “түп-түқияндық”;
 C) “руна” – “құлыптас, ескерткіш”;
 D) “рунэ” – “ұлттық, ұлыстық”;
 E) “рунь” – “сыры ашылмаған”, “құпия”;
24. Мәнді шығармасы үшін Боғрыхан «Хас-Хаджиб» («Хан сарайының қызметкері») деген атақ берген ғұлама-ойшыл.
 A) Әбу Әбд әл-Баласағұни;
 B) Махмұт Қашқари;
 C) Жармұхаммед Наймани;
 D) Жүсіп Баласағұни;
 E) Сүлеймен Бақырғани;
25. «Білімсіз адам хайуанмен тең» деп кім айтқан?
 A) М. Х. Дулати;
 B) Ж. Баласағұни;
 C) М. Қашқари;

- D) А. Құнанбаев;
 E) Әл-Фараби;
26. «Мемлекет қауіпсіздігі жайлы кітап», «Әміршілер үшін әбзел», «Бақытты бола білу жайлы ғылым», «Патшаларға ақыл-кеңес кітабы» деген бірнеше атқа ие болған орта ғасырлық рухани мұра.
 A) «Диуани Лұғат ат-түрік»;
 B) «Тарих-и-Рашиди»;
 C) «Құтадғу білік»;
 D) «Диуани Хикмет»;
 E) «Кодекс Куманикус»;
27. Әйелдерді: «ниеті құрыған әйел», «ынсапсыз әйел», «кесір әйел», «үйдің құты болған әйел» деп бөліп, қыздар тәрбиесіне мән берген ғұлама кім?
 A) Қожа Ахмет Иассауи;
 B) Асан қайғы;
 C) Жүсіп Баласағұни;
 D) Қорқыт ата;
 E) Ахмет Иігүнеки;
28. Атақты «Кодекс Куманикус» қай тілде жазылған?
 A) руна жазуымен жауынгерлік жорықтар баяндалады;
 B) қыпшақтардың тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктер;
 C) араб әрпімен жазылған дидактикалық мазмұндағы ақыл кітабы;
 D) парсы тіліндегі сопылық философия тұжырымдары;
 E) ұйғыр тілінде ұсынылған даналық өсиеттер жинағы;
29. Жер жағдайына қарай Батыс Түркістан өлкесіне жататын ғұламалар.
 A) Саиф Сараи, Әл-Хорезми, Қадырғали Жалайыри;
 B) Мұхаммед Хайдар Дулати, Ахмет Иігүнеки, Әл-Фараби;
 C) Шал ақын, Асан қайғы, Махмұт Қашқари;
 D) Қожа Ахмет Иассауи, Қорқыт ата, Әбілғазы;
 E) Жүсіп Баласағұни, Сүлеймен Бақырғани, Әл-Беруни;
30. Жер жағдайына қарай Шығыс Түркістан өлкесіне жататын ғұламалар.
 A) Әбу Әбд әл-Баласағұни, Сүлеймен Бақырғани, Әл-Беруни;
 B) Хакназар, Бұрындық, Жәнібек;
 C) Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари; Ахмет Иігүнеки;
 D) Саиф Сараи, Әл-Хорезми, Қадырғали Жалайыри;
 E) Асан қайғы, Қорқыт ата, Шал ақын, Бұқар жырау;
31. Жер жағдайына қарай Алтын Орда авторлары.
 A) Саиф Сараи, Мұхаммед Хайдар Дулати;
 B) Әл-Хорезми, Қорқыт ата;
 C) Әл-Фараби, Асан қайғы;
 D) Әбілғазы, Сүлеймен Бақырғани;
 E) Қадырғали Жалайыри, Жүсіп Баласағұни;
32. «Жамиғат-тауарих» қай ғұламаның еңбегі?
 A) Әл-Фараби;
 B) Қарашев (Омар) Ғұмар;

- С) Асан қайғы;
 D) Ә. Марғұлан;
 E) Қадырғали Жалайыри;
33. «Тарих-и-Рашиди» қай ғұламаның еңбегі?
 A) Қадырғали Жалайыри;
 B) Мұхаммед әл-Кердери;
 C) Махмұт бин Әли ат-Тарази;
 D) Мұхаммед Хайдар Дулати;
 E) Қожа Ахмет Иассауи;
34. «Хибатул-халайық» қай ғұламаның еңбегі?
 A) Қарашев (Омар) Ғұмар;
 B) Мұхаммед Хайдар Дулати;
 C) Ахмет Иігүнеки;
 D) Асан қайғы;
 E) Шалкиіз;
35. «Диуани Лұғат ат-түрік» қай ғұламаның еңбегі?
 A) Махмұт Қашқари;
 B) Мұхаммед Хайдар Дулати;
 C) Ахмет Иігүнеки;
 D) Асан қайғы;
 E) Қарашев (Омар) Ғұмар;
36. «Диуани Хикмет» қай ғұламаның еңбегі?
 A) Ж. Аймауытов;
 B) Қорқыт ата;
 C) Қожа Ахмет Иассауи;
 D) М. Дулати;
 E) Ә. Табылдиев;
37. «Құтадғу білік» қай ғұламаның еңбегі?
 A) Әбу Әбд әл-Баласағұни;
 B) Мұхаммед Хайдар Дулати;
 C) Жүсіп Баласағұни;
 D) Асан қайғы;
 E) Қарашев (Омар) Ғұмар;
38. XIV-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақын-жыраулар.
 A) Жиренше, Нияз, Байзақ Датқа;
 B) Асан қайғы, Шалкиіз, Шал ақын, Майлықожа, Махамбет;
 C) Шорман, Төлебай, Қашаған, Сүгір, Сұлтанмахмұт;
 D) С Жиенбаев, Ш. Кәрібаев, Е. Бекмаханов, С. Асфендияров;
 E) Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, С. Қожахметов, Ғ. Қарашев;
39. Жігіттерді «құр жан», «тірі жан», «жігіт жан» деп бөліп, ер азамат тәрбиесіне көңіл бөлген ақын.
 A) Шал ақын;
 B) Абай;
 C) Ақан сері;
 D) Асан қайғы;

- Е) Махамбет Өтемісұлы;
40. Желмаясына мініп «Жерұйықты» іздеген данышпан.
- А) Қорқыт ата;
- В) Шал ақын;
- С) Қожа Ахмет Иассауи;
- Д) Жүсіп Баласағұни;
- Е) Асан қайғы;
41. Шал ақынның шын аты қалай аталған?
- А) Тілеуке;
- В) Күлеке;
- С) Күлекен;
- Д) Тілеукен;
- Е) Төлеукен;
42. «Еспенбет» дастаны қай ақын-жыраудың еңбегі?
- А) Бұқар жырау;
- В) Дулат ақын;
- С) Ақтамберді жырау;
- Д) Шал ақын;
- Е) Жиёмбет жырау;
43. Этностық мәдениет пен ұлт тілдерінің өткені мен келешегіне көз жіберу үшін этностардың шығу тегін, ұлт мәдениетін ғылыми-методологиялық тұрғыдан терең зерттеп, тұңғыш рет құнды еңбек жазған атақты тарихшы ғалым.
- А) Ә.Диваев;
- В) Қ.Жарықбаев;
- С) Лев Гумилев;
- Д) Г.Н.Волков;
- Е) С.Қалиев;
44. М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының алғашқы басылымы қай жылы шықты?
- А) 1927 жылы, Түркістанда.
- В) 1922 жылы, Орынборда;
- С) 1926 жылы, Ақмолада;
- Д) 1930 жылы, Қызылордада;
- Е) 1923 жылы, Ташкентте;
45. XX ғасырлардағы Қазақстандағы этнопедагогикалық ой-пікірлердің өкілдері.
- А) Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы;
- В) Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Ж. Баласағұни, А. Иігүнеки;
- С) Асан қайғы, Қорқыт ата, Шал ақын, Бұқар жырау;
- Д) Шалкиіз жырау, Үмбетей жырау, Ақтамберді жырау, Жиёмбет жырау;
- Е) Ғ. Қарашев, М. Кәшімов, Ш. Әлжанов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов;
46. Қазақ этнопедагогикасының негізін қалаған ойшыл.
- А) Абай Құнанбаев;
- В) Шоқан Уәлиханов;

- С) Ыбырай Алтынсарин;
D) Мағжан Жұмабаев;
E) Жүсіпбек Аймауытов;
47. Қазақтың тұңғыш академигі кім?
A) Ш. Уәлиханов;
B) Қ. Сәтбаев;
C) М. Әуезов;
D) Т. Тәжібаев;
E) Ж. Аймауытов;
48. Қазақстанда алғашқы мектеп қай жылы ашылды?
A) 1861 жылы;
B) 1862 жылы;
C) 1863 жылы;
D) 1864 жылы;
E) 1865 жылы;
49. Қазақ ағартушылары кімдер?
A) М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов;
B) Ш. Уәлиханов, М. Дулатов;
C) Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев;
D) Ш. Әлжанов, Т. Тәжібаев;
E) А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин;
50. Қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы ғалым.
A) К. Дөнентаева;
B) Н. Құлжанова;
C) С. Ұзақбаева;
D) К. Құнантаева;
E) А. Оразбаева;
51. Қазақстанда тұңғыш рет араб алфавитінен қазақ алфавитін жасаған педагог.
A) Ы. Алтынсарин;
B) М. Жұмабаев;
C) Ш. Уәлиханов;
D) А. Байтұрсынов;
E) Ж. Аймауытов;
52. Қазақстанда ұлттық тәлім-тәрбие ілімінің қалыптасу кезеңінде үлес қосқан ғалымдар.
A) Дулат Бабатайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Исатай Тайманов;
B) А.Байтұрсынов, Ә.Диваев, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ә.Табылдиев, С.Қалиев;
C) Шалкиіз, Үмбетей, Ақтамберді, Жиёмбет, Жәнібек, Кенесары;
D) С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Мақатаев;
E) Ж.Жабаев, М.Балтабаев, С.Көбеев, Т.Рысқұлов, М.Шаханов;
53. Қазақтың «Бес арысы».
A) С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Көбеев, С.Торайғыров;

- В) А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, Х.Досмұхамедов, Ш.Әлжанов;
- С) Ә. Сембаев, Т. Тәжібаев, С. Қожахметов, М. Мұқанов, Қ. Бержанов;
- Д) Қорқыт ата, Әл-Фараби, Асан қайғы, Махамбет, Исатай;
- Е) Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов;
54. Қазақ халқының «Үш бәйтерегі».
- А) Абай, Ыбырай, Шоқан;
- В) Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек;
- С) Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би;
- Д) Сәкен, Ілияс, Бейімбет;
- Е) Сұлтанмахмұт, Спандияр, Тұрар;
55. 1921 жылы шыққан «Есеп құралы» еңбегін жазған педагог.
- А) М. Жұмабаев;
- В) А. Байтұрсынов;
- С) Н. Құлжанова;
- Д) Ы. Алтынсарин;
- Е) М. Дулатов;
56. «Тіл құралы» оқулығының авторы.
- А) Ы. Алтынсарин;
- В) Б. Баймұратова;
- С) А. Байтұрсынов;
- Д) Ш. Уәлиханов;
- Е) Ж. Аймауытов;
57. Ж.Аймауытов қандай оқулықтың авторы?
- А) Педагогика;
- В) Психология;
- С) Әліппе;
- Д) Ана тілі;
- Е) Қазақ халық әдебиеті;
58. Ауыз әдебиеті жанрларының алғашқы нұсқасы қай ғасырлардағы жазбаларда кездеседі?
- А) XII-XIII ғасырлардағы;
- В) XIII-XIV ғасырлардағы;
- С) XIV-XV ғасырлардағы;
- Д) XV-XVI ғасырлардағы;
- Е) XVI-XVII ғасырлардағы;
59. Тарихшы-ғалым Лев Гумилевтің этнос ұғымына берген анықтамасы:
- А) «Этнос – белгілі бір қоғамдық формациядағы адамдардың шартты түрде топтасқан тобы»;
- В) «Этнос дегеніміз – жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік ортаның бірлігінде жатқан салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, тілі мен мәдени мұрасы бір халықтар тобы»;
- С) «Этнос – табиғаттың сыйы, этнос – әлеуметтік категория»;

D) «Этнос дегеніміз – шығу тегі бір халықтар, этнос – тілдің бірлігіне негізделген мәдениеттің тууы»;

E) «Этнос – бір-біріне ұқсас адамдар мен сана-сезімдері бір адамдар тобы»;

60. Жаңылтпаштың тәрбиелік мәні.

A) ерлікке, отансүйгіштікке, өнерге баулу, дене тәрбиесін беру;

B) шешендікке баулу, еңбекке тәрбиелеу, қимыл дағдыларын қалыптастыру;

C) намыс ояту, әзілге баулу, шапшаң қимыл-қозғалысын дамыту;

D) сан үйрету, ықыластандыру, іскерлігін арттыру;

E) тіл ширату, дүние таныту;

61. Айтыс өлеңдерінің тәрбиелік мәні.

A) өнерге, шешендікке, шыншылдыққа баулу;

B) болашаққа, мөлдір махаббатқа сендіру, ерлікке тәрбиелеу;

C) сан үйрету, тіл ширату, шапшаңдығын қалыптастыру;

D) қиялын дамыту, әзілге баулу, ептілікке үйрету;

E) намысын ояту, дене тәрбиесін беру;

62. Ортақ тілі, жер көлемі, экономикалық өмірі, психикалық құрылымы арқылы құралған халықтың тарихи бірлестігі.

A) ұлыс;

B) тайпа;

C) ұжым;

D) ру;

E) ұлт;

63. Білге хан мен Күлтегінге арналған ескерткіштің авторы:

A) Захириддин Бабыр;

B) Иоллығтегін;

C) Төныкөк;

D) Жүсіп Баласағұни;

E) Низами;

64. «Қазақ» деген атқа тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан анықтама берген ғалым.

A) В. В. Радлов;

B) Ә. Марғұлан;

C) Э. С. Вульфсон;

D) Ә. Диваев;

E) А.И.Левшин;

65. Үш жүздің басын біріктірген қазақтың билері.

A) Майқы би, Тоқсан би, Қараменде;

B) Аяз би, Бала би, Төлебай би;

C) Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

D) Байдалы би, Қазы би, Бәйдібек би;

E) Бекболат би, Қашаған би, Құланбай би;

66. Білге хан мен Күлтегінге арналған ескерткіштер табылған аймақ:

A) Іле Алатауы;

- В) Орхон-Енисей бойы;
- С) Жетісу өңірі;
- Д) Есік қаласынан;
- Е) Маңғыстау аймағы;

67. Қазақтың меймандостығы қай дәстүрге жатады?

- А) ұжымдық дәстүр;
- В) қоғамдық дәстүр;
- С) әлеуметтік дәстүр;
- Д) ұлттық дәстүр;
- Е) отбасылық дәстүр;

68. Ел белгісі нені көрсетеді?

- А) рәміз;
- В) рәсім;
- С) жөн-жоралғы;
- Д) сенім;
- Е) салауаттылық;

69. Белгілі ұлттық тарихи, экономикалық, мәдени, тұрмыстық, табиғи ерекшеліктеріне негізделген нақты категория.

- А) ұлттық сезім;
- В) ұлттық мәдениет;
- С) ұлттық әдет-ғұрып;
- Д) ұлттық ерекшелік;
- Е) ұлттық мінез;

70. Қоршаған айналаға ерекше қатынас түрі, халықтың қажеттілігімен тығыз байланысты.

- А) ұлттық сана;
- В) ұлттық сезім;
- С) ұлттық ерекшелік;
- Д) ұлттық мінез;
- Е) ұлттық мәдениет;

71. Ұлттық намыс қай рәсімге жатады?

- А) қайырымдылық;
- В) әдептілік;
- С) перзенттік парыз;
- Д) инабаттылық;
- Е) мейірімділік;

72. Қонақжайлылық, бұл –

- А) әдет-ғұрып;
- В) салт-дәстүр;
- С) ерекшелік;
- Д) ырымшылдық;
- Е) ұлттық белгі;

73. Түрік қағанаты қай дәуірде құрылды?

- А) біздің дәуірімізге дейін V ғасырда құрылды;
- В) біздің дәуірімізге дейін VI ғасырдан бастап құрылды;

- С) біздің дәуіріміздегі V ғасырдан бастап құрылды;
 D) біздің дәуіріміздегі VI ғасырда құрылды;
 E) біздің дәуіріміздегі VII ғасырдан бастап құрылды;
74. VI ғасырдағы түрік қағанаты мемлекеті құрылымына кірген ру тайпалардың мекен еткен жерлері.
 A) Жетісу, Алтай;
 B) Оңтүстік, Батыс Қазақстан;
 C) Жетісу, Шығыс Қазақстан;
 D) Солтүстік Қазақстан, Орта Азия;
 E) Орта Азия, Алтай;
75. Халықтың «түрік» деп аталуы қай жылдан белгілі?
 A) 545 жылдан;
 B) 544 жылдан;
 C) 543 жылдан;
 D) 542 жылдан;
 E) 541 жылдан;
76. Тас және сүйек өңдеу өнерінің даму дәуірі.
 A) алғашқы қауымдық құрылыс;
 B) Түрік қағанаты дәуірі;
 C) Темір хан дәуірі тұсында;
 D) Абылай хан дәуірі тұсында;
 E) Өзбек хан дәуірі тұсында;
77. Монғол шапқыншылығына дейінгі сәулет өнері қай ғасырда дамыды?
 A) XIII-XVIII ғасыр;
 B) III-IV ғасыр;
 C) VI-XII ғасыр;
 D) XII-XVI ғасыр;
 E) IV-V ғасыр;
78. Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» қай тайпаның жауынгері?
 A) арийлер тайпасына жатады;
 B) сақ тайпасының жауынгері;
 C) ғұндар тайпасынан шыққан;
 D) түркілерден шыққан жауынгер;
 E) қаңлы тайпасының жауынгері;
79. Қолөнер түрлері.
 A) кәсіптік өнер, құсбегілік, атбегілік;
 B) үкі тағу, тұмар тағу, шөптен дәрі жасау;
 C) аластау, тамыр басу, үшкіру, қию;
 D) спорт өнері, саз өнері;
 E) тоқыма, кестелеу, сәулет, қашау, мүсіндеу;
80. Қозы Көрпеш – Баян Сұлу мазары қай ғасыр мұралары?
 A) X-XI ғ.ғ.;
 B) XII-XIII ғ.ғ.;
 C) XI-XII ғ.ғ.;
 D) IX-X ғ.ғ.;

- Е) VIII-IX ғ.ғ.;
81. Бабаджа қатын мазарының тұрғызылған уақыты.
- А) XI – XII ғасыр;
 - В) IX - X ғасыр;
 - С) X - XI ғасыр;
 - Д) VII - VIII ғасыр;
 - Е) VIII - IX ғасыр;
82. Айша Бибі мазары қай ғасырда тұрғызылды?
- А) XI-XII ғасыр;
 - В) XII-XIII ғасыр;
 - С) IX-X ғасыр;
 - Д) X-XI ғасыр;
 - Е) XIV-XV ғасыр;
83. Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің тұрғызылған уақыты?
- А) XV ғасырда;
 - В) XIV ғасырдың соңы;
 - С) XVI ғасырда;
 - Д) XIV ғасырдың басы;
 - Е) XVII ғасырда;
84. Ұлы Жібек жолындағы басты қалалар.
- А) Аягөз, Тобыл, Ырғыз, Ертіс, Жем, Есіл;
 - В) Баласағұн, Фараб, Қарғалы, Жетісу, Қазығұрт;
 - С) Семей, Сырдария, Маңғыстау өңірі, Алтай;
 - Д) Сарайшық, Үргеніш, Сауран, Отырар, Тараз;
 - Е) Жетісу, Алтын Орда, Талғар, Іле, Шу, Талас алқаптары;
85. Қазақ халқының музыка өнеріндегі әндердің түрлері.
- А) отбасылық, лирикалық, еңбек әндері;
 - В) топтық, отбасылық, жиындық әндер;
 - С) шертпе күйлер, тарихи әндер;
 - Д) тарихи әндер, төкпе жырлар;
 - Е) әдет-ғұрыптық әндер, тарихи әндер, жастар әндері, той бастау әндері;
86. Қазақ күйлерінің түрлері.
- А) желдіртпе, шертпе күйлер;
 - В) тұрмыстық және еңбек әрекеттеріне арналған күйлер;
 - С) қобыз күйлері, сазды және төкпе күйлер;
 - Д) шертпе күйлер, төкпе күйлер, тармақты күйлер;
 - Е) тармақты төкпе күйлер, тарихи күйлер;
87. Қазақ қобзының түпнұсқасын кім жасаған?
- А) Ықылас;
 - В) Қорқыт;
 - С) Әл-Фараби;
 - Д) Құрманғазы;
 - Е) Дәулеткерей;
88. Қазақ халқының ғашықтық жыры.
- А) “Фархат-Шырын”;

- В) “Оғызнаме”;
 - С) “Қалқаман-Мамыр”;
 - Д) “Шахнаме”;
 - Е) “Манас”;
89. Эпостық батырлар жырының кейіпкері.
- А) Қосай;
 - В) Төлеген;
 - С) Бекежан;
 - Д) Тайшық;
 - Е) Тасболат;
90. Домбыраның құрылысы.
- А) мойын, қақпақ, шанақ;
 - В) бұғышақ, шанақ, ішек,
 - С) мойын, кепшік, дұдыға;
 - Д) түйме, ішек, кепшік;
 - Е) ішек, шанақ, үскірік;
91. Шертіп ойналатын ұлттық аспаптар.
- А) даңғыра, домбыра, керней;
 - В) домбыра, жетіген;
 - С) домбыра, қобыз, дабыл;
 - Д) керней, жетіген, шертер;
 - Е) сыбызғы, домбыра, жетіген;
92. Үрлеп ойналатын аспаптар.
- А) дабыл, даңғыра, дүдіге;
 - В) шаңқобыз, жетіген;
 - С) сыбызғы, тастауық, ұран;
 - Д) даңғыра, қылқобыз, үскірік;
 - Е) керней, дауылпаз, шыңдауыл;
93. Шертпе күй өкілі кім?
- А) Құрманғазы;
 - В) Дина;
 - С) Ықылас;
 - Д) Сүгір;
 - Е) Арынғазы;
94. Төкпе күй өкілі кім?
- А) Байжігіт;
 - В) Тәттімбет;
 - С) Қазанғап;
 - Д) Тоқа;
 - Е) Дайрабай;
95. Шертпе күй өкілдерінің отаны.
- А) Орал;
 - В) Маңғыстау;
 - С) Семей;
 - Д) Сыр бойы;

Е) Атырау өңірі;

96. «Тұсау кесу», «Бесік жыры» халықтың музыка шығармашылығының қай түріне жатады?

А) әдет-ғұрыптық әндер;

В) еңбек әндері;

С) лирикалық әндер;

Д) тарихи әндер;

Е) отбасылық әндер;

97. «Беташар» ұлттық әндердің қай түріне жатады?

А) тарихи әндер;

В) әдет-ғұрыптық әндер;

С) отбасылық әндер;

Д) лирикалық әндер;

Е) еңбек әндері;

98. «Жоқтау», «Сыңсу» халықтың музыка шығармашылығының қай түріне жатады?

А) жоқтау әндері;

В) отбасылық әндер;

С) әдет-ғұрыптық әндер;

Д) тарихи әндер;

Е) қайғылы жырлар;

99. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.

А) бақсылық құру;

В) наурызды тойлау;

С) отқа май салу;

Д) дуа жасау, аластау;

Е) кәсіптік мейрамдар;

100. Әдет-ғұрып дегеніміз –

А) салт-жоралғылар арқылы көрініс беретін ерекшелік;

В) рәміз арқылы көрсетілетін әрекет;

С) адамдардың тұрмыс-тіршілік ережесі;

Д) қоғамдық пікір арқылы сақталған дәстүр;

Е) атадан балаға берілетін мирас;

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Адамбаев Б. Шешендік өнер (1967), «Халық даналығы» (1976). Қазақтардың шешендік өнері. Алматы, «Мектеп», 1983.
2. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы, «Қайнар», 1996.
3. Әленұлы Ш. Халықтық тәрбие тағылымдары. Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1998.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы, «Рауан», 1991.
5. Бержанов К.Б., Мусин С. Педагогика тарихы, Алматы «Мектеп», 1971.
6. Волков Г.Н. Этнопедагогика. Чебоксары, 1974.
7. Волков Г.Н. Педагогика жизни. Чебоксары, 1989.
8. Гумилев Л. Как возникают и исчезают народы? Л., 1984.
9. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1974; Ата-аналарға кеңес. «Білім» қоғамы, 1966.
10. Диваев Ә. Тарту. Алматы, «Ана тілі», 1992.
11. Елікбаев Н. Ұлттық психология. Алматы, «Қазақ университеті», 1992.
12. Жұмабаев М. Таңдамалы өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. Алматы, «Ғылым», 1992. Педагогика, «Ана тілі», 1992.
13. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан, Алматы, 1971.
14. Жарықбаев Қ. Этнопсихология – ұлт тәрбиесінің өзегі. Алматы, «Білім», 2005.
15. Жарикбаев К. Психологические воззрения аль-Фараби. «Вопросы психологии», 1974, №4.
16. Жарықбаев Қ.Б., Наурызбаев Ж. Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының түсіндірмелі сөздігі. Алматы, «Ғылым», 1993.
17. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, «Санат», 1995.
18. Жарикбаев К., Қалиев С. Из истории казахской народной педагогики. Алматы, «Китап», 1992.
19. Измаилов А.О. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. М., «Педагогика», 1991.
20. Қазақ Совет Энциклопедиясы. I-II том, «Ғылым», 1976-1980.
21. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. Алматы, «Мектеп», 1987.
22. Қалиев С. ХҮ-ХІХ ғ.ғ. Ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар. Алматы. «Рауан», 1990.
23. Қалиев С, Аюбаев К. Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ойлары. Алматы, 1992.
24. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, «Білім», 2003.
25. Қалиев С, Базилов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері және демократ-ағартушылары. Алматы, РБК, 1993.
26. Қалиев С, Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы. «Рауан» 1994.
27. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері Антологиясы, I том, (кұр. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев). Алматы, «Рауан», 1994.

28. Кенжеахметов С. Жеті қазына. Екі томдық., 1-2 т. Алматы, «Ана тілі», 2005.
29. Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы, «Ана тілі», 1994.
30. Кон А.К. Этнический словарь. М., Педагогика, 1983.
31. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы. «Ана тілі». 1994.
32. Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. Алматы, «Ана тілі», 1993.
33. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы, 1993.
34. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей журн. «Абай», 1992 №3.
35. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәлігі. Алматы, «Қазақстан», 1966.
36. Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. Алматы, «Қазақстан», 1994.
37. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Алматы, «Қазақстан», 1991; Шығармалары. Алматы. «Жазушы», 1-2 том, 1968.
38. Очерки истории школы и педагогические мысли народов СССР с древнейших времен до конца ХУІІ в. М, «Педагогика», 1989.
39. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, «Рауан», 1992.
40. Сәрсенбаев Н. Обычай, традиции и общественная жизнь. А-Ата, «Казахстан», 1974.
41. Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі. Алматы, «Білім», 2004.
42. Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. Алматы, Қазақ университеті, 1991.
43. Толыбеков С. Кочевое общество казахов в ХУІІ-ХХ вв. Алма-Ата, «Наука», 1971.
44. Торайғыров С. 2 томдық шығармалар жинағы. Алматы. «Ғылым», 1993.
45. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. Алматы, «Білім», 1995.
46. Хасенов Б. Ана тілінің даму тарихы мен әлеуметтік мәні. Алматы, «Ана тілі», 1993.
47. Христова Е.Л. Об уточнении понятийного аппарата этнопедагогики. «Советская педагогика», 1989., №7.
48. Шаңырақ. Алматы, «Ғылым». 1990.
49. Шоқайұлы М. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы, «Жалын», 1992.
50. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. Алматы, «Жазушы». 1979.
51. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы, Ғылым. 1999.
52. Мақпырұлы С. Қазына. Алматы, 2004.
53. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. Алматы. Сөздік-словарь, 1998.
54. Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. Алматы. Қазақ университеті. 1991.
55. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. Алматы, 1995.
56. Төрекұлов Н. Қазақтың 100 би, шешені. Алматы. Қазақстан. 1993.
57. Ж. Нұсқабаев, Ұ. Әбділдаұлы. Инабат. Алматы. «Рауан», 1995.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Этнопедагогиканың міндеті мен мақсаты, негізгі қағидалары және оның ғылыми педагогикамен байланысы.....	5
Қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық мәселелері және методологиялық негіздері.....	8
Қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңдері және даму тарихы.....	12
Қазақ ауыз әдебиетінің этнопедагогикалық мәні.....	20
Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ерекшеліктері, тәрбиелік мәні.....	27
Қазақ халқының сәулет өнері және қолөнерінің тәрбиелік мәні.....	31
Қазақ халқының музыка өнері.....	38
Мектептегі оқу-тәрбие жұмысындағы халықтық педагогика элементтері.....	40
Пайдаланылған әдебиеттер.....	43

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 91 бет 7,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.